

б 65.29

C85

М. Б. Султанбеков

КӘСІПКЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ



Академия
АСЕМБА

Павлодар

Б 65.29
С 85

Казакстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

М. Б. Султанбеков

КӘСІПКЕРЛІК ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ

Оқу кұралы

Павлодар
2017

8.65.290Я73

ӘОЖ 334.7(574)(075.8)

КБЖ 65.9(5Каз)я73

K26

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
Ғылыми көңесімен баспаға ұсынылды**

Пікірсарапшылар:

М. М. Бегентаев – экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Н. К. Машрапов – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;

С. К. Жетпісбаев – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.

М. Б. Султанбеков

К26 Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары :
экономика мамандықтарының студенттеріне арналған оку
құралы / М. Б. Султанбеков. – Павлодар : Кереку, 2017. – 108 б.

ISBN 978-601-238-718-6

Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары оку
құралында оку курсын толығымен тиянақты менгеруге арналған
негізгі оку материалдар толығымен қамтылған.

Экономикалық мамандықтарды даярлайтын жоғары оку
орындарының студенттеріне және экономика саласы қызықтыратын
көпшілік оқырмандарға арналған.

Оку құралы оқылатын пәннің оку жұмыс жоспарына және
багдарламасына сәйкес әзірленген.

Атындағы ПМУ-Д.
академик С.Бейсенбеков
атындағы ғылыми

KITAPXANASI

ӘОЖ 334.7(574)(075.8)
КБЖ 65.9(5Каз)я73

© Султанбеков М. Б., 2017

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2017

ISBN 978-601-238-718-6

Материалдың дүрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге
авторлар мен құрастырушылар жауапты

Kіріспе

Бұл курсты оқу барысында Қазақстан экономикасын одан әрі жаңарту мен әртаратандыруды ескере отырып, студенттерді қалыптасқан құқықтық, экономикалық, қаржылық және әкімшілік ортада кәсіпорынның қызмет етуінің жана механизмінің білімімен студенттерді қаруандыру мүмкіндігін береді.

Пәннің міндеті – студенттерді кәсіпкерлік ой орындаулары технология сұраптарының зерттелуі арқылы дербес кәсіпкерлік қызметке дайындау;

- кәсіпкерге қызмет жоспарларының теориялық негіздерін беру;
- баға саясатында білімін кенейту, өндіріс шығындарына минимизация жасаулар.

Пәнді оқыту мақсатының ең басты тәртібі радиотехника, электроника және телекоммуникациялар сферага кәсіпкерлік белсенділікті логика маманы туралы ғұтас студенттеріне ұсыну. Ерекше назар кәсіпкерлік ойлардың орындалуына практикалық сұраптарына бөлінеді, кәсіпкер қызмет жоспарлары, баға беру саясатшылары, өндіріс шығындарының төмендеуі, сонымен қатар түрлер мен әдістерге сауда қызметінің өндірісі, фирмалардың қызметінде қолданады.

Пәнді оқыту міндеттері:

- студенттерді кәсіпкерлік ой орындаулары технология сұраптарының зерттелуі арқылы дербес кәсіпкерлік қызметке дайындау;
- кәсіпкерге қызмет жоспарларының теориялық негіздерін беру;
- баға саясатында білімін кенейту, өндіріс шығындарына минимизация жасаулар.

Осы пәнді менгеру үшін төмендегі пәндерді менгеру кезінде алынған білім, икемділік және машиқтар қажет: Құқық негіздері, автоматтандыру және басқару, ақпарат таратудың теориялық негіздері.

Студенттердің «Кәсіпкерлік іс-әрекет негіздері және экономика салалары» пәнінен алған білімдері келешекте оқу тәжірибесінде, дипломдық жұмысты жазғанда және сонымен қатар әрі қарай мамандығына сәйкес өндірістік сұраптарды шешуде үлкен рөл атқарады.

Калыптасатын құзыреттіліктер

Білімі және түсінігі:

- Казакстанда кәсіпкерлік тарихты дамыту;

- экономикалық мемлекеттік саясатты Қазақстанда кәсіпкерлік қызметті алғанда және басқа елдерде;

- туризмдегі кәсіпкерлік қызметтің объектілері мен субъектілері;

- кәсіпкерлік қызметтің түрлері мен үлгілері жөнінде түсінік болу;

Білімін және түсінігін қолдану:

- кәсіпкерліктің ішкі және сыртқы ортасы;

- кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыру шарттарын білу;

- тауарлардың өндіріс сферасындағы туристік фирма қызметтерінің ынтымактастырының қалыптастыру.

Пайымдауларын қалыптастыру:

- кәсіпкерлік шешімнің дәлелі мен салыстыру мүмкіншіліктері икемді болу;

- кәсіпкерлікті топтастырып және кәсіпкерліктің түрлерін ұйымдастыру туралы.

Коммуникациялар:

- ақпаратпен жұмыс істеу;

- шешім қабылдау;

- қысқаша есеп беру;

- презентация өткізу;

Оқу дағдылары:

- іскерлік ортаны: өтім концепциясын, маркетингтік концепцияны талдау;

- туризм орталары іскер құрылымды және компоненттердің ұстауы құрастыру;

- кәсіпкерлік ойды жобалап өндеп орындау;

- кәсіпкерлік – жоспар құрастыру практикалық машықтарын иемдену қажет.

1 Кәсіпкерлікке түсініктеме

1.1 Кәсіпкерлік түсінігі

Кәсіпорын ұйымдастыру немесе өз табысын ойлау жеке тұлғалардың және тауарды сату немесе басқа тауарға айырбастау қызметін көрсетеді. Өнім бойынша жеке тауардың кәсіпорын ұйымдастырудың жүзеге асырылатын қызметі – кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік бұл қоғам пайдасын асырып жеке табыс негізінде қандай да бір қаражатты сатып, одан кіріс табу мақсатына байланысты қызмет болып келеді. Кәсіпкерліктің энциклопедиясы сөздігінде «кәсіпкерлік» түсінігі былай тұжырымдалады: Кәсіпкерлік – заңды жеке тұлғалардан заңды жауапкершілікten және өзінің жеке жауапкершілігі. Өзінің жүзеге асыруы пайданы табуга бағытталған немесе жеке табысына азamatтардың өз қызметінін бастамасы болып келеді. Кәсіпкерлік күнды қағаздармен операциялар, сауда саттық консультациялар және басқа қызметі шаруашылық қызметінің басқа түрлерін жүзеге асырады. Кәсіпкерлік қазіргі уақытта бәсекелестік күресті жақсартатын шығармашылық ізденістегі жаңа өнім күнделікті жаңаруы және сапасы жоғары ғана кәсіпорын өмір суре алады. Өндірістік саладагы кәсіпкерліктің басты мазмұны бұл өнімге сұранысты қалыптастыру (жұмысты орындау, қызмет көрсету) және өндеу жолы арқылы іске асыру, өнімді сату (орындалған жұмысты, көрсетілген қызмет) тауардың сапасы болып табылады.

1.2 Кәсіпкерліктің басты шегі

Біздің көз қарасымыз бойынша кәсіпкерліктің басты шегіне мыналарды жатқызуға болады:

- дербестік және шаруашылық жургізуші субъектілердің тәуелсіздігі. Эр бір кәсіпкер өзі ерікті. Заңды нормалар қатарында қандай да бір сұрап бойынша шешімге келген;
- экономикалық мүдделілік. Кәсіпкерліктің басты мақсаты максималды мүмкіндікте табыс табу;

- шаруашылық тәуекелділік және жауапкершілік. Қандай да бір жағдайда белгісіз есепте тәуекелділік болады. Осы аталған кәсіпкерліктің қызметі өзара байланысты және бірдей іске асады. Кәсіпкерліктің басты ерекшелігі бұл басқа коммерциялық құрылымшалары мен табыс пен шығыстың арасындағы пайданың табуы болып табылады. Кәсіпкер мен тек қана инновациялық ойлау кабілеті бар жаңашылық іздеген іскер адамдар бола алады.

1.3 Экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік қызметтегі құқықтық жағдайлары

Кәсіпкерлікті қалыптастыру үшін нақты талаптар қажет экономикалық, әлеуметтік, құқық және т.б. Экономикалық талаптар – бұл ең алдымен тауарларды ұсыну және оларға сұраныс, өзіне тұтынушыларды баулытын тауарлар түрі. Осы тауарларға тұтынушылардың көлтіретін қаражатының көлемі, жұмыскерлердің жалақысына әсер ететін жұмыс күші. Жұмыс орындарының жеткіліксіздігі мен артық қалуы; мүмкіншіліктеріне тауар алуы. Несиелік ұжымдар ұсынуға дайын және кәсіпкер өз іскерлік операцияларын қаржыландыру үшін назар аударады және де қарызға қаражат алу, инвестцияланған капитал кіріс деңгейі қаражат ресурстары экономикалық жағдайларға әсерін тигізеді.

Кәсіпкерлікті қалыптастырудың әлеуметтік талаптар экономикаға тығыз байланысты. Нақты бір дәміне, сәніне жауап беретін бұл тұтынушылардың тауарды сатып алуы. Әр түрлі кезендерде бұл тұтынушылық өзгереді. Әлеуметтік мәдени ортаға тәуелді діни нормалар мен адамгершілік рөлдерін аткарады. Бұл нормалар өмірге деген тікелей қатынас тигізеді. Кәсіпкер кадрлар біліктілігін жоғарлату және қайта дайындау кәсіпкерлікті ұйымдастыруды басты рөл аткарады. Кәсіпкерліктің сектор кадрларын және кәсіби тандау жүргізу консультативтік орталық жерлерін құру кәсіпкерлердің оқыту үшін оқушылар кадрларын қайта дайындау және дайындықты ұйымдастыру олардың дамыған елдерде тәжірибе оту, кадрларды оқыту және қайта оқыту кәсіпкерлік қызметтің әдісін оқытуын ұйымдастыру жатады. Кәсіпкерлік қызметтің әр бір түрі заңды ортаның қарамағына сәйкес іске асады. Сондыктan керекті заңды талаптарды құру басты мәнді табады. Бұл ең алдымен кәсіпкерліктің дамуына қолайлы талаптарды құру басты мәнді табады. Бұл ең алдымен кәсіпкерліктің дамуына қолайлы талаптарды жасайды және кәсіпкерлік қызметтің реттейтін заңдылықтардың бар болуы. Кәсіпорын тіргеуін қысқартылған немесе жылдамдатылған ашу тәртібі; кәсіпкерлерді мемлекеттік төрешілдікten қорғауы; шет елдердің Қазақстан кәсіпкерлік қызметтің бірлестік дамуына өндірістік кәсіпкерлік қызметтің бағытында салық заңының жүзеге асырылуы. Бұнда статистикалық есеп формаларымен есеп әдістерінің жетілуі, шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін аймақтық орталық кіреді. Ең бастысы меншікте құқық беру және шарт міндеттерін орындау кәсіпкерлік қызметтің құқылы кепілдеме сұралктар бойынша заңды бастамаларды дайында рөлін аткарады.

1.4 Кәсіпкерліктің субъектілері

Бұғынгі таңда кәсіпкерліктің субъектілеріне келесі топтар жатады:

1) **Кәсіпкерлердің өздері.** Кәсіпкерлік субъектісінің көз қарасы бойынша олар өзінің өндірісін шектеумен және жалпы өндірістік арзан қызметімен сипатталады. Кәсіпкерлер тауар өнімдерін өндіру мен қызмет көрсетулерді нарыққа ұсынады, пайда табуға тырысады және бәсекелестік күресті жүргізеді. Экономикалық негіз ретінде өндірістің жеке меншігінің қаражаты болып табылады;

2) **Тұтынушы.** Олар кәсіпкерлік қызметінің шарты ретінде болады, себебі тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұтынудан жаңа кәсіпкерлік қызметінің мүмкіндіктері мен ынталары қалыптасады. Тұтынушылардың кәсіпкерлік қызығушылығы – бұл жеке өзінің кірісі. Негізінен тұтынушылар өзінің пайдасы үшін төмен бағамен көп тауарлар қызмет көрсетулерді пайдаланғылары келеді. Тұтынушылық бизнес келесі сипаттармен ерекшеленеді:

- бүкіл халықпен іске асады;
- өндірістің соңғы нәтижесіне деген бүкіл елдің қызығушылығын көрсетеді;

- тұтынушылық бизнес нарықта тере – теңдікті сақтайды және кәсіпкерлік бизнеске ынталандыру күшін береді;

3) **келісім шарт бойынша жұмыс істейтін жұмыскер.**

Олардың іскерлік қызығушылығы сол firma арқылы іске асады да, соңғы нәтижесімен қанағаттандырылады. Неліктен келісім шарт бойынша жұмыс істейтін жұмыскер кәсіпкерлік субъектісіне жатады?

Біріншіден, мұнда келісімнің обьектілері бар, яғни кәсіпкерлік үшін керекті жұмыс күші, қабилеттілік пен икемділік.

Екіншіден, келісімді толтырған кезде, екі жақ кәсіпкерлік тәуекелге барады, себебі бірінші жақ (жұмысшы) өзінің ресурстарын ұсынады.

Үшіншіден, жалдау бойынша келісім жасаған адам тек қана пассивті қатысуши емес, сонымен бірге сол кәсіпкерлік қызметтің тиімді нәтижесіне қызығушылығы бар адам. Экономикалық негіз ретінде жұмысшы күшіне арналған жеке өзінің қаражаты;

4) **Мемлекет.** Мемлекет кәсіпкерлік аспектісінде әр түрлі функцияларды атқарады. Ен біріншіден егер кәсіпкерлік ақталаған және кәсіпкерлікке қарсы қызығушылық саясат болған кезде мемлекет кәсіпкерлікті тоқтатады. Екіншіден ол жеңілдіктер, субсидиялар мемлекеттік тапсырыс және т.б. арқылы кәсіпкерлікті ынталандыруы мүмкін. Үшіншіден, ол жай нейтралды болуы да мүмкін. Мемлекеттің кәсіпкерлік субъектісі ретінде 2 аспектісінде қызмет етеді:

1) әлеуметтік-экономикалық. Бұл аспектіде кәсіпкерліктің құқықтық негіздері құрылады, кәсінкерлік кадрларын дайындау мен қайта дайындау іске асырылады. Мұнда жарқын мысал ретінде «кәсіпкерлік инкубаторлар» – ба стапқы бизнестің үйымдастыруды жатқызуға болады. Бұл кәсіпкерлер бөлінген бөлмелерде өзара байланысқан, оларға несиелік женілдіктер беріледі, мемлекеттік тапсырыс іске асады, сонымен қатар мемлекеттік бақылау орнатылады. Барлық шаралар кәсіпкерлік фирмалардың құрылып дамуына бағытталған. Осы фирмалар «инкубатордан» экономикалық және қаржылық көтерілістен кейін кетеді – 4-5 жылдан кейін. Мемлекет өндіріс инфраструктурасын құру функциясын өзіне алады: банктік, сақтандыру және биржалық жүйелерді құру және т.б.

2) тікелей мемлекеттік кәсіпкерлік. Ол қандай түрде іске асады?

- мемлекеттік монополиясының жарты бөлігін құратын мемлекеттік өнеркәсіпперін құру;
 - мемлекеттің кәсіпкерліктең үлестік қатысуы, ол жалпыұлттық мәнге ие барлық қызметтерді іске асырады;
 - кәсіпкерлік қызметтің реттеу;
 - үлкен мемлекеттік бағдарламаларды мемлекеттік тапсырыс бойынша іске асыру;
 - пайыз ставкасын реттеу.

2 Кәсіпкерлік концепциясының дамуы

2.1 «Кәсіпкер» терминіне байланысты әр түрлі ой-пікірлердің дамуы

| Ғалымның аты, тегі, теориясын жариялау жылы | Ұсынған теориясының негізгі сипаттамасы |
|---|---|
| Р. Кантільон 1725 ж. | <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкер - өз өзіне жұмыс орнын құрайтын адам; - Кәсіпкер қандай да бір тәуекелдікten және нақты емес жағдайларда жұмыс істей алады; - Кәсіпкер нарық талаптарына сәйкес іс-әрекет жасауы керек. |
| Н. Бауде 1767 ж. | <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкер - ең алдымен жаңашылық ашатын менеджер; - Кәсіпкер мен мешілек иесі арасында айырмашылық бар; - Кәсіпкерге қолдау көрсету, яғни әдебі оқыту керек. |
| Жан Батист Сэй 1810 ж. | <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкерік енбек - өндірістің негізгі факторы. (Еңбек, жер, капитал сиякты); - Кәсіпкерлер нақты моральді және кәсіби сапамен иелену керек. Кәсіпкерлер нақты емес жағдайларда жұмыс істейді және кәсіпорын жолында тұрган қындықтарды көтеруге мәжбүр. |
| К. Менджер 1871 ж. | Кәсіпкер шешімді шешу кезінде 4 сатыларын ұстану керек: 1) Ақпаратты жинау; 2) экономикалық есеп; 3) өндірістік жоспарды орындауды басқару; 4) өнімді таңдау. |
| А. Маршал 1890 ж. | Кәсіпкер және менеджер өз қызметтерінде әр түрлі жағдай бар. Соңда оларға әртүрлі талаптар қойылады. |
| Д. Шумпетер 1910 ж. | <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкерліктің мәні өндірістік күштің жаңа үйімінде тұжырымдалады; - Кәсіпкерлік қызметтің бағыты: а) жаңа өнімдер немесе қызметтер; б) өндірістік жаңа әдістері; в) жаңа нарыкты еткізу; г) қамтамасыз етудің жаңа формалары; - Кәсіпкер – экономикалық әлеуметтік новатор; - Кәсіпкер өз күшімен пайданың жаңа түрін құрайды. Бұл кәсіпкерлік табыс. |
| Ф. Найт 1921 ж. | <ul style="list-style-type: none"> - Кәсіпкер бір уақытта капиталдың мешілек иесі болу; - Кәсіпкердің негізгі функциялары үйім және бақылау. Кәсіпкер өз көз қарасын тоқтата білу керек және қындықтарды көтере білу керек. |
| Д. Маклеланд 1961 ж. | - Кәсіпкер мынадай сапаларға ие болу керек: іскерлік, тәекелділікке келу, алда болатын нәтижелерді жоспарлау кабілеттілігі. |
| П. Друкер 1964 ж. | - Пайданы табу үшін алғаш рет мүмкіндік саналатын негіздері. Кәсіпкер міндеттерінің ресурстары төмен санауда тиімділігі жоғары салага ауыстырады. |

2.2 Кәсіпкерлік концепциялары

Қазіргі кезде кәсіпкерлік теориясында кәсіпкерліктің 6 концепциясы анықталды. Оның әр біреуі дербес мектеп болып, кәсіпкерлік үрдісі мен жалпы кәсіпкерлікке өзінін интерпритациясын береді. Оларға жаттындар:

- 1) өзінің тұлғалық сапасын бағалау көз қарасы бойынша кәсіпкерлік мектеп;
- 2) кәсіпкерліктің психологиялық мектебі;
- 3) кәсінкерліктің классикалық мектебі;
- 4) кәсіпкерліктің менеджмент көз қарасы бойынша мектебі;
- 5) кәсіпкерліктің көшбасшы көз қарасы бойынша мектебі;
- 6) ішкі кәсіпкерлік мектебі.

Әр мектептің негізгі концепцияларын карастырайық.

2.3 Кәсіпкерліктің даму тарихы

Кәсіпкерліктің дамуының бүкіл әлемдік тарихы көптеген халықтың терең өткен шағына кетіп барады. Осы зерттеуде біз АҚШ-тың кәсіпкерлік дамуының тарихына токталамыз. Осы мемлекеттің таңдап алған себебіміз, бұл елде кәсіпкерлікке байланысты мол тәжірибе мен мемлекеттің бизнестің дамуы үшін үлкен назары болып табылады. АҚШ-ты бизнестің туған жері деп санайды. Ай сайын мұнда он мыңдаған өнеркәсіптер құрылады. Осының барлығы неден басталды, амермкалық кәсіпкерліктің қайнар көзі қандай?

1810 жылы жаңа мемлекетті құрғаннан кейін АҚШ аграрлы мемлекет болды. Негізгі өнеркәсіптік тауарлар Ұлыбританиядан әкелінді. Өзіндік өндіру болмаган. Бизнес негізінен кешендік, делдалдық, толайым және бөлшектеп сату болды. Сол кезде тек бір тоқымашылық фабрика жұмыс істеген. Капитал иелері өз капиталдарын өз елінде емес, Германия, Франция, Ресей немесе Жапонияға жоғары девиденттерді алу мақсатында көшірді. Ешкім де АҚШ-тың қуатты индустріалды ел болатынына сенген жок. Географиялық алыстықта байланысты нарыкты қамтамасыз ету қынға түсті. Сұраныс тауардың ұсынысынан әрқашан жоғары болды.

Өзіндік кәсіпкерліктің дамуына Еуропа тауарларының импортына эмбаргоның алуы тәркі болды. 1807 жыл мен 1812 жылдары соғыс импорттың санын қысқартты. Бұл жағдай Еуропаның бәсекелестігін төмендettі, осы кезде көптеген американдықтар өзінің жеке кәсіпкерлік базасын дамытуға болатынына көздері ашылды. Нарықтың белсенді дамуына халықтың қарқынды көбеюі де әсер етті. Халық саны 1810 жылдан 1880 жылға дейін 7 рет өсті. Тауарға деген

сұраныс ұсыныстан 1873 жылғы депрессияға дейін жоғары болып тұрды. Тек қана осы кризистік аралықтан өткеннен кейін нарықтың қанықтығы мен оның тұрактануы қалпына келе бастады.

XIX ғасырдың басы мен аяғы – АҚШ кәсіпкерлігінің тарихына жағымды, Америкалық кәсіпкерліктің құрылуының жарқын кезеңі.

Осы кезде капиталдар нарығы қалай дамығанын қарастырайык. Кәсіпкерліктің тежеген фактор ретінде жеке меншіктік капиталдың болмауы болып саналады. Бұл жағдай 1850 жылға дейін сақталған. Қоғамдың айналымдағы қаржаттың аздығынан зардал шеккен. Оның негізгі себебі банктік несиенің пайыздық ставкасының жоғары болуында. Осы себептерге байланысты кәсіпкерлер өзінің бизнесін ете аз қаржылық салымдардан бастады.

Сауда-саттық саласы мен тоқымашылдық өндірістен басқа қаржылық нарық әлсіз дамыған. Одан басқа шетел инвесторлары тауар өндіруге өз қаржыларын салуға тырысқан жоқ. Ал банктік жүйе аз қаржындықпен дамыған. Бірақ та 1812 жылдан бастап көлік магистралдары салына бастағаннан мемлекет капитал түзуші механизм банк пен сақтандыру компаниялары түрінде дами бастады. Сақтандыру компаниялары жұмыс істей бастағанда шетел инвестициялары жоғарлай бастады.

Каржылық нарықтың дамуы 1850 жылға дейін жалғасты. Калифорниядағы алтын қорларының ашылуына байланысты, басқа елдермен сауда-саттық қатынастарға байланысты және шетел инвестициялары арқасында қаржының қайнар көзі 2 рет өсті. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастаған аралықты индустріалды капитализмнен қаржылық капитализмге өту кезеңі деп те атауга болады. Жаңа мемлекет негізінен өзінің ресурстарын қолданған. Тоқымашылдық өндіріс онтүстік плантациялар шикізатымен қамтамасыз етілді. Ауыр өнеркәсіп ішінен тек металургия өнеркәсібі көмір мен рудалардың болмауынан қыншылық көрген. Соған байланысты болат пен шойын өндірісі 1850 жылға дейін тоқтатылған.

1810 жылдан бастап американ өнеркәсітері технологиялық кемшіліктерге ұрынбаған. Себебі олардың қоғам Еуропадан әкелінді. Одан басқа өзіндік технологиялар белсенді дами бастады. Сондықтан американдық кәсіпкерліктің талдай отырып, экономикалық құрылымың ең жағымды түрде тузылуі, яғни табиғи ресурстардың көлемді мөлшері, жұмыс күші көп болуы, технологияларға ашық жол, капиталдар нарығының дамуы кәсіпкерліктің дамуына жарқын жол ашты деген корытынды жасауға болады. Жағымды жағдай мемлекеттің солтүстігінде құрылды, себебі мұнда негізгі өндірістер, гидроэнергетикалық желі, капиталдар мен жұмыс күші дамыған

болған. Америка индустриясының 1810 жылдан 1880 жылға дейінгі қаркынды өсүі негізінен технологиялық, материалдық, ұйымдастыруышылық және өнімділік жаңашылдықты енгізуде жатыр. Көптеген жаңашылдықтар Еуропадан эмиграция нәтижесінде әкелінген. Бұл концепцияда Жапон кәсіпкерлігінің феномені құрылған. Инновациялық жаңашылдықтар ұйымдастыруышылық пен толықтырылған. Ең алғаш тауар бағасын есепке алу енгізілді. Паул Уилкен өзінің «Кәсіпкерлік. Салыстырмалы және тарихи анализ» атты кітабінда сол кездің келесідей суреттейді: «Сол кезде алыпсатырлық, көзсіз тәуекелдік өнеркәсіппер құрылды. Олардың мақсаты өндіру емес, ледей қаржылық өсуді көздеген». Америка кәсіпкерлігінің тарихын талдаған кезде, оның Қазакстандағы кәсіпкерліктің жағдайымен бірдей екені көрінді. Расында да, егер біздің өнеркәсіпперді алсақ, олардың көбі өндіру үшін үлесі аз. Көптеген өнеркәсіппер сауда мен алыпсатарлықпен айналасуда. Өндірудің аяқталуына байланысты жұмыссыздықтың бірінші толқыны басталды.

Бүтінгі таңда Қазақстан қуатты өнімділік, ғылыми – техникалық, жоғары білікті еңбек потенциалы және дамыған инфраструктура жағынан көрінеді. Республикада керекті барлық шикізат пен материалдар, пайдалы кең қазбалар көп. Үкімет саясаты нарыктық реформаларды іске асыру үшін бағытталған. Мемлекет кәсіпкерліктің дамуына қажетті зандарды кабылдайды.

Осының барлығы бизнестің объективті және субъективті дамуына жол сілтейді. Америка кәсіпкерлігінің жоғары белестерге жету жолын талдап, біз Қазақстан кәсіпкерлігінің дамуымен бірдей екендігін көрдік:

- импорттық тауарларға эмбарго енгізу;
- салық тарифтерін төмендету;
- банк жүйесіндегі өзгеріс;
- технологиялық, ұйымдастыруышылық, материалдық және еңбек инновацияларын енгізу;
- корпорациялар құру және акцияларды шығару процедурасын женилдету;
- шектеулі жауапкершілік механизмін енгізу.

ХХ ғасырда кәсіпкерлік өзінің дамуын жалғастырды, бірақ ХХ ғасырдың екінші жартысында кең құлаш жайды. Көптеген авторлар бұл құбылысты «үнсіз» революция деп атады және оны ХХ ғасырдың ғылыми-техникалық революция қатарына кояды. Сонымен қатар, ғылымдардың болжамдарына қарағанда кәсіпкерлік бүм ХХI ғасырдың ең әйгілі ерекшелігі болады.

3 Кәсіпкердің жеке басының қасиеттері

Танымал үш томдық «Қазіргі капитализм» шығармасының авторы неміс экономисті В.Зомбарт (1863–1941) кәсіпкерлікті зерттеуге көп көңіл бөлгөн. Оның ең басты еңбегі кәсіпкердің мінездемесін кәсіпкер тұжырымдамалардың «материалдық жағдай туралы қамқорлықтың мәдени функцияларын атқарады»-деген ескертумен толықтырған. Осыдан кейін экономистер кәсіпкер кәсіби қызметтің гуманитарлық бағыты туралы айта бастады.

Кәсіпкер, жетістіктерге жету үшін әр түрлі функцияларды атқаруы керек, атап айтқанда-жаулаушы, ұйымдастырушы, саудагер. Осы функцияларды тиісті деңгейде атқару үшін Зомбарттың айтуынша, кәсіпкер жеке басының мынадай қасиеттері болу қажет:

- рухани еркіндік;
- рухани қуат;
- ерік тұрақтылығы;
- ұйымдастыруышылық қабілеті;
- келіссөз жүргізу және клиентті сендіре білу;
- табандылық және тәуекелге дайындық.

Кәсіпкерлік функцияларды атқаратын адамның жеке басының қасиеттері, адамның іскери қабілеттің негізін қалыптастырады, онсыз адамның экономикалық процесс субъектісі ретінде қызмет ету мүмкін емес.

3.2 Кәсіпкердің іскери қабілеттің тұжырымдамасы

Қазіргі заман талабына сай іскери қабілеттер тұжырымдамасына мыналар жатады:

- экономикалық жүйенін қазіргі архитектоникасы (грек тілінен «құрылыс өнері»), экономикалық-шаруашылық бос (әлі бос) қуыс табу қабілеті мен дайындығы, рынокты және оның таурлар, өнімдер, қызметтермен толтыруын ассортименттік бірліктің сандық мінездемесі арқылы талдау;

- табылған бос қуысты толтыратын және болашақта ұстап қалатын тауар, өнім мен қызметтерді өндіруге бағытталған өзіндік өндіріс құрылым қалыптастыру қабілеті мен дайындығы;

- рынке болып жатқан және болатын өзгерістерді дұрыс бағалап, «ауада ұшып жүрген» рынок қажеттіліктерін анқытау қабілеті мен даярлығы; бұл қажеттіліктер:

- а) нақты, бірақ әлі де ешкім оларды қанағаттандырмаган;
- ә) біреулер жартылай қанағаттандыруда;

б) толығымен қанағаттандырылуда, бірак одан да толық, тиімді (басқа өнім шығару арқылы) қанағаттандыру мүмкіндігі бар.

- алғашқы кәсіпкерлік есептер жасай білу қабілеті, конъюктуралық және және маркентингтік зерттеулер нәтижесін ескере отыра, осының негізінде кәсіпкер осы істі жалғастыру тиімділігін аныктайды;

- өз табысын өсіру және тұтынушы пайдасы принципіне негізделген кәсіпкерлік шешім қабылдау қабілеті мен дайындығы;

- кәсіпкерлік жобаны іске асыруға жетекшілік ету қабілеті мен даярлығы, мақсаты мен міндеттерді анықтау, осы мақсаттарға жету үшін қол астындағыларды, әріптестері мен серіктестердің қызыгуышылығын арттыру жөнінде шаралар ұйымдастыру;

- жаңа техникалық, технологиялық немесе ғылыми-техникалық идеяны алғашқы болып түсіну, киялдау деңгейінде оны пайдаланған жағдайда соңғы нәтижені, өнімді алушы ойластыру;

- қажетті адамдармен қарым катынас процесіне түсуге даярлық.

3.3 Іскери және кәсіби этика. Іскерлік карым-қатынас

Сұрап-жауап деректері куәландырады, бүкіл дүниежүзінде этикалық мәселелерге көп көңіл бөлінеді. Рыноктық катынастар дамыған елдерде іскери этика, әлеуметтік жауапкершілік мәселелері кәсіпкерді өндірістің тиімділігі мәселесімен қатар мазалайды.

Бүкіл әлемде экономикалық және әлеуметтік өзгерістер арқасында моральдық және этикалық нормалар үлкен маңызға ие болуда: адамгершілік абырай құқығы, еңбектің лайықты жағдайына, таза қоршаган ортаға, рухани байланыстарға, жеке тұлға бостандығына, адамдар арасындағы әлеуметтік байланыска, әділдік, қоғам ішіндегі келіспеушілікті барынша төмендету, барлық азаматтардың қоғам өміріне белсенді қатысу құқығы, әр азаматтың шешім қабылдауға қатысу құқығы, білім алу, т.б. құқықтары.

Осы құндылықтарды жүзеге асыру үшін өндіріс күштері мен мәдениет дамуының жогары деңгейі қажет. Материалдық өндіріс саласы лайықты дамыған жағдайда бірқатар мұраттарға жетуден гөрі косымша материалдық құндылықтарды шығару қолайлы. Қоғамның адамгершілік негіздерін қалпына келтірмей экономиканы кайта жандандыру платформасын құру мүмкін емес.

Тоталитарлық жүйеден демократиялық институттар мен нарықтық экономиканы қалыптастыруға көшу кезеңінде экономика мен этиканың, экономикалық және моральдық құндылықтардың арақатынасын талдау қажет.

Мораль – қоғамдық сананың формасы, қоғамдық институт, адам тәртібін реттеушісі қызметін атқарады.

Этика – адамдардың адамгершілік тәртібі, бір-біріне және қоғамға деген көзқарастары. Этиканың корпоративтік, кәсіпкерлік және т.б. түрлері бар.

Фирманың мемлекетпен, тұтынушымен, өнім жеткізу шілдермен, жұмыспылармен қатынас тәртібінің этикалық нормаларын корпоративтік этика қарастырады. Батыстың көптеген фирмалардың өзіндік этикалық кодекстері бар. Олар жоғары этикалық стандарттар түрақты табысты камтамасыз етеді деп білеці.

Іскери этиканы қалыптастыруда және бизнестің этикадан тыс өзгерістерін анықтап, оларға жол бермеуде қоғамның ролі өте маңызды. Этика мәселелері баспасөз, теледидар, тұтынушылар қоғами, әр түрлі ассоциацияларда талқыланады.

Іскери этика адамгершілік сананың, тәртіп пен іскери қызмет спецификасына негізделген адамдар арасындағы қарым-қатынастар ерекшелігін көрсетеді. Іскери этика еңбек қызметінің белгілі түрлері шенберінде адамдардың тәртіп нормалары мен этикалық принциптерді белгілейді. Сондыктan этиканың әр түрлі аныктайтын, сонын ішінде педагогикалық, медициналық, әскери, басқару этикасы.

Табысқа жетудің шешімді шарттары: еңбек сүйгіштік, іскери шеберлік, талант. Аталған қасиеттерді белсендеду үшін адамгершілік көзкарас пен адамгершілік сананың жоғары деңгейі қажет. Кәсіби этикада адамдарға деген объективті және тілектестік қарым-қатынас қажеттілігі, іскери пікірлері мен қызметтік ниеттері. Іскери адалдықтың көрсеткіші – іс пен сөздің бірлігі. Қазіргі кәсіпкер іскери этикет негіздерін, сейлеу мәдениетін, сейлеу және тыңдау қабілетін, тиісті сыртқы келбетін, мөйлеу мәнерін, өзінің жағамсыз эмоцияларын басқару қабілетін игеру керек.

Кәсіпкердің жеке тұлғасын мінездейтін жалпы адамгершілік қасиеттерге адалдық, талаптылық, өзін-өзі сынай білу, табандылық пен құрметтілік жатады.

Сөйлей білу өз ойларын нақты жеткізу, тыңдаушыға түсінікті тілде жеткізу, сұхбаттастың реакциясына бейімделу, ахуалды түсініп талдай білуден тұрады. Кәсіпкердің сөзі түсінікті, сауатты, логикалық болу қажет. Дауыс ыргағы байсалды, сенімді, жылы шырайлы болу қажет, сонымен қатар іскери адамдар тікелей контакт техникасын пайдалана білу керек.

Тыңдай білу қабілеті нәтижелі іскери қарым-қатынастың маңызды шарты мен кепілдігі болады. Тыңдай білмеу қарым қатынас мәдениетінің төмен деңгейінің белгісі, сонымен қатар жеке тұлға

арасындағы қарым-қатынастарды билік пен бағынышты статусы шенберінде қарастыру талабы мен өзінің жеке басы туралы дәріптілік көзқарасты көрсетеді.

Кәсіпкерлік қызмет қызметшілердің сырт келбетіне қатаң талартар қояды. Іскери адамның кейіпі – табысқа жетудің алғашқы қадамы, ықтимал партнер үшін оның киімі сенімділік пен байсалдылық коды болып табылады. Ұқыпты, жарасымды кінген – бұл партнерлер мен клиенттер байсалды қабыл алатын іскери адамның кейіпі.

Іскери қатынас – кәсіпкерліктің сұхбаттасу, келіссөз жүргізу, мәжіліс пен жазбаша хат алмасудан тұратын міндетті және маңызды компоненті. Іскери сұхбат арқылы белгілі бір жағдайдағы кем дегендегі бір бөлігін өзгертетін немесе сұхбатқа қатысушылардың арасында жаңа қатынастар туғызатын бір немесе біренеше адамның әрекет етуге құштарлығы жүзеге асырылады.

Іскери сұхбаттар келесі функцияларды іске асыруға бағытталған:

- жана бағыттарды іздестіру және болашақ шараларды бастау;
- ақпарат алмасу;
- басталған іс шараларды бақылау;
- бір іскери сала қызметкерлерінің өзара қатынастары;
- жұмыс идеялары мен ойларды іздестіру және жедел әзірлеу;
- кәсіпорын, фирма, сала, мемлекет деңгейінде іскери контакттарды жалғастыру.

Іскери сұхбатты жүргізуі келесі этаптарға бөлуге болады:

Даярлық, сұхбатты бастау, қатысушыларды хабардар ету, қаралатын жағдайларды дәлелдеу, шешім қабылдау, сұхбатты аяқтау, сұхбат нәтижелерін талдау. Даярлық кезеңі сұхбаттың нәтижелі болуын қарастырады. Оған өзінің сұхбаттасы туралы мәліметтерді жинақтау, тақырып пен жағдайды алдын ала талдау, материалдарды жинақтау және жүйелендіру, сұхбатты жүргізуін жұмыс жоспарын күрү.

Сұхбаттың келесі этапы – қатысушыларды хабардар ету. Ақпаратты беру даярлықты, формаасы мен мазмұнын ойластыруды талап етеді. Вольтер айтқан: «Жалықтырып жіберудің құпиясы – бәрін әңгімілеуде».

Қарастыруға ұсынатын жағдайларды дәлелдеу этапын келесі нұсқауларды жетекшілікке ала отырып жүргізу керек: нақты, дәл, түсінікті анықталарды пайдалану керек, аргументтерді сұхбаттастың жеке тұлғасына бейімдеу кажет, ісек қатынасы жоқ сөздер мен формулировкаларды пайдаланудан бас тартқан жән.

Қорытынды шешім қабылдау ыңтымақтастық, өзара жауапкершілік стилі, немесе, бір партнермен авторитарлы шешім қабылдау және екінші партнердің өз калауынша немесе мәжбүрлі түрде бағыну стилінде жүргізіледі.

Сұхбат нәтижелері резюмиленген болу керек, сонымен қатар жұмыс дәптеріне шешімнің мазмұны туралы ескертулер жазу немесе шешімнің ресми хаттамасын толтыру кажет. Қорытынды этапта негізгі муратқа жетудің келесі міндеттері орындалады: қолайлы орта туғызы, қарым-қатынасты одан әрі жалғастыру, резюме жасау.

Кездесу барысы мен қорытындысын талдау жіберілген қателерді түсінуге, болашаққа пайдалы тәжірибе жинақтауға, одан әрі қарым-қатынас тактикасын белгілеуге мүмкіндік береді.

Іскери келіссөздер қатысушы тараптардың бір жерден шықпайтын немесе қарама қарсы келетін мұдделерін қарастырады және қатысушылардың ақылды шешімге келу даярлығын талап етеді. Ақылды шешім екі жақтың заңды мұдделеріне барынша сәйкес келеді, мұдделерді адаптейді, ұзақмерзімді болады, қоғам мұдделерін ескереді, тараптар арасындағы қатынастарды бұзбайды. Ақылды шешімге келу өте киын, ол үшін тараптардың қатынасын реттеу керек, өзара қолайлы және өзара тиімді шешім өзара пайда табуды іздестірген кезде пайда болады.

Іскери мәжілістерге 7-9 ен көбі 12 адам қатысуга болады. Қатысушылар кәсіби даярланып, өз ұсыныстарын талдап, тиісті баяндамалар жасау үшін талқыланатын тақырып алдын ала белгілену керек. Іскери мәжілісте позицияларды сынау да болу мүмкіндігін ескерген жөн.

Іскери хат – іскери өмірдегі қатынастың манызды құралдырының бірі. Бұл экономикалық стратегияны іске асырудың икемді және қуатты адамға кәсіпкерлік және коммерциялық қызметті іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі іскери хат – ресми құжат, сонымен қатар, әр түрлі дәлелдеме, ұсыныстар, өтініштер, сұранымдар, ескертулер, тапсырмалар, арыздар, құттықтаулар мен көніл айтулар ретінде жіберілетін ресми жолдау. Іскери хат кай жағынан алмасаңыз мінсіз болу керек. Зан тұрғысынан дұрыс толтырылған, фирмалық бланктегі түсінікті тілде жазылған мазмұны түсінікті іскери хат – Сіздің ісініздің табысты болуының бір кепілдемесі.

Іскери қатынас жалпы қатынас секілді тараптардың бір мәселесі бойынша әр түрлі қөзқарастарға құрылған жағдайларға, мақсаттар мен оларға жету жолдарының қарама қарсы болуына, тараптардың мұдделерінің келіспеушілігіне негізделген конфликттік жағдайларды қарастырады.

Академик С.Бейсенбаев

Атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ

722471

Кәсіпкер келіспеушіліктерді дұрыс шешу үшін келесі моменттерді ұстану қажет: өзінің ішкі көзқарасы, білімі, басқаны түсіну кабілеті, абырой.

Қазіргі таңда кәсіпкер әлем халықтарының іскери этикасы мен іскери қатынас салттары мен дәстүрлерін білу қажет.

Іскери қатынастар – кәсіпкерлік мәдениеттің маңызды бөлігі. Ксәпкерлік қызмет барысында бір адам немесе бір топ адамдар нақты мәселелер бойынша шешім қабылдауға мәжбур болады. Осы кезде адамның тәртібіне шешілетін мақсаттар түрі мен кәсіпкерлік қызметтің жалпы мәдениетіне сәйкес келетін іскери қатынас мәдениеттің деңгейі әсер етеді. Іскери қатынас оның тиімділігін арттыратын маңызды құрал болып табылатын белгілі ережелер бойынша жүргізіледі. Осы ережелерге этикет, өзара қатынас пен қатысу деңгейінің келісілуі жатады.

Этикет ережелері қатынас және таныстыру тәртібін (кішіні жасы ұлкенге), атау әдістерін (лауазым бойынша, атағы бойынша, тегі бойынша), атау түрлерін таңдау (Сіз, сен) және т.б. анықтайды. Осы ережелердің әр бір бөлшегі, ал олар оте көп – өзін дастархан басында ұстау, киіну мәнерінен қарсы алу және коштасу формасына дейін – жылдар бойы тексеріліп қалыптасқан. Этикет ержелерін сақтау міндетті, оларды бұзған қатынаска қатысуышының статусынан айырылады. Мысалы, Ресейдің бір ірі кәсіпкері итальян фирмасының екілдерімен келіссөзге ақ бәтенке киіп келген, осымен оларды ұятқа қалдырыған. Осы әрекет кәсіпкердің жақсы мәнерлерді білмейтінін, осы келіссөздер оның алғашкы келіссөзі деген түсінітің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан тез арада байыған кәсіпкер тез арада кедейлікке ұшаруы мүмкін, онымен іс жүргізу қауіпті деген ой тудырады.

Өзара әркеттерін келісу ережесі іскери сұхбаттасуға кіріскенде келесі талаптарды орындау қажет: қазіргі уакытта қажетті мөлшерде гана сөйлеу; такырыптан алшақтап кетпеу; нақты сөйлеу; сөйлеген сөзі шындық болу керек.

Жұмысқа ынтамен кірісу ережелері қатысуышылардың жеке жетістіктеріне байланысты. Ол туралы Дейл Карнегидің «Достарды табу және адамдарға әсер ету жолдары» атты кітабында жазылған.

Карым-қатынас техникасы – карым-қатынаста қолайлы эффектке жету үшін адамдар пайдаланатын құралдар жиынтығы. Бұл құралдар сөз құралдары болу мүмкін (вербальды) және сөздік емес (вербальды емес), соның ішінде дауыс ыргағы, көзқарасы және кеңістік-уақыт бағдары. Коммуникация саласындағы мамандар вербальдық емес әдістерді игеру тиімдірек дейді. Зерттеулердің

көрсетуінше вербальдық емес әдістерді санамыз қадағалауы қын. Қарым-қатынас техникасын тәртіп техникасы мен тыңдау техникасы деп екіге бөлгөн жөн. Ептестіргіш көрсеткіші – тыңдай білу және сұрап қоя білу қабілеті. Тыңдау барысында екі маңызды функциялар аткарылады: ақпаратты қабылдау және сөйлеушіге оның сөзі мен кимылды қалай қабылданатыны туралы ақпарат беру. Зерттеулердің нәтижесі бойынша адамдарың 10 % ғана сөйлеушіні мұқият және мақсатты тыңдай алады.

Сұраптар қоя білу қабілеті – бұл өнер. Келіспеушіліктер мен конфликттердің көншілігі уақытында қойылмаған сұраптар нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Қарым-қатынас барысында серікtestің эмоциялары, мәнері мен маңызды роль атқарады.

Жетістіктерді түсіне білу сұхбаттастың көзқарасын түсінуге мүмкіндік береді. Солай бас саусақ пен сұқ саусақтан жасалған «нөл» америка елінде «бәрі жақсы», Жапонияда «акша» деген түсінікті білдіреді. Тағы шығыста ақша, сыйлық, тамақты сол қолымен беруге болмайды.

Қарым-қатынас белсенділігі оның кеңістік-мерзімдік ұйымдастырылуына байланысты. Солай, сұхбаттың отетін орнын (қызыметтік орын, қоғамдық, жеке меншік), уақытын (жұмыс немесе бос уақыт) ескерген жөн. Қарым-қатынас құрудың маңызды элементі – сұхбаттасуышылар арасындағы қашықтық. Солай, АҚШ тұрғындары сұхбаттасқанда аралары 60 см-ден жақын тұрмайды, ал латын-америкалықтар сұхбаттасқанда бір біріне өте жақын отырады. АҚШ тұрғындары есіктері ашық үлкен гимараттарды жұмыс істейді. Солай, Форд қорының гимараты бетон мен шыныдан құрылған. Ал немістерде ашық есік тәртіпсіздіктің көрсеткіші.

3.4 Бизнесменнің негізгі қасиеттері

Отандық және шетелдік мамандар жүргізген зерттеулер көрсеткендегі кәсіпкердің негізінің қасиеттеріне келесілер жатады:

Батыс биржаларында мындаған акциялар ауызша мәмілелер негізінде сатылып жатыр; миллиард доллар тауарлары келісім-шарттарды біршама уақыт өткен соң ресімделуімен сатылады; сондықтан адалдық пен қоғам дамуының нәтижесі болып табылады.

Кәсіпкердің тиімділігі істі ұйымдастыру және ұқыпты жүргізу қабілетте, өндіріс пен шығаратын тауарларды үнемі жаңартып отыруға деген құштарлыққа негізделген. Кәсіпкерлік қызыметтің мақсаттылығы мен адамдардың қажеттіліктерін өтев өте маңызды роль атқарады. Тұтынушылардың сатып алу қабілетінің өсуіне

қызығушылығы бар кәсіпкерлер дамыған қоғамда әлуметтік саясаттың жақсаруына белсенді катысады, мәдениет пен ғылымның дамуына ықпал етеді.

Бизнес мажбүрлеп қызмет жасату түрне қарама қарсы келеді, еңбек сүйгіштікті, көздейді.

Кәсіпорындардың мәдениеттілік деңгейі оның әсіресе құрылған кезде дидерлерінің қызметімен анықталады. Барлық танымал компаниялар тұлғалармен құрылған: Томас Уотсон, А. Слоун. Олар кәсіпорынның мәдениеттін, дәстүрлерін қалыптастыруыш болған.

Жасалған пікіртерімдердің көрсетуінше қазіргі лидерлердің қасиеттері: тиімді команда құрастыру, әріптестер мен бағыныштылардың пікірлерін тыңдай білу, өзінің соңынан адамдарды тарта білу қабілеттері.

Батыстағы көптеген бай адамдар өмір салтын ұстанады, көп жұмыс істейді. Оған үлгі «Крайслер» корпорациясының президенті Ли Якокк, өте бай адам болса да өте қарапайым өмір сүрген. Генри Форд кәсіпкерліктің маңызды факторы когамга қызмет ету, кедейлерге көмек көрсету болып табылады деген.

Біздің мемлекетте кәсінкерлерге деген көзқарас әр түрлі, ол субъективті және объективті факторларға байланысты. Ондаған жылдар бойы Совет Үкіметінін адамдарында кәсіпкер тұлғасы қоғам байлығын құқысыз иеленіп отырған, еңбекшілерді қанау арқылы өмір сүретін «паразит» деген ұғыммен қатар қалыптасқан – оның мүддесі тек табыс табу. Бұғынгі күні де осы көзқарасты жақтаушылар бар. Бірақ кәсіпкерлерге деген жаңа көзқарас қалыптасқып келе жатыр.

Біздің кәсіпкерлеріміздің көпшілігінің іскери этикасы қалыптасу деңгейінде. Бұрық-әкімшілік жүйеде шаруашылық конформист-жетекшінің ерекше түрі қалыптасты: қорқақ, тәуекелге бармайтын. Осы жүйе шенберінде өскен шаруашылар демократиядан, сұхбаттасудан бас тартады, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселелері мен психология, менеджментте түсінкітері жоқ.

Біздің кәсіпкерлеріміздің мәдени-этикалық қателерін әлеуметтік тегіне байланысты бөлуге болады.

Бірінші топқа (барлық кәсіпкерлердің 5-20 %) бұрынғы комсомол, партия және кенес одағының жұмысшыларына тұратын номенклатуралық өкілдер. Бұл саладағы қызметке халық шаруашылық саланың іскери адамдары келетін. Бизнеспен негізінен ұйыдастыруышылық қабілеті, жұмыстан тыс қарым-қатынастар құру қабілеттері бар жастаулары айналысты.

Екінші топқа люмпенезированные адамдар жатады, өз кәсібінде жоғары дәрежеге жете алмаган, мамандықтары жоқ. Осы топта 13-15

жастан жасырын бизнесте «ақшаша жасай» бастаган, соңынан ресми түрде тіркелген фирмаларды ашқан жастар шамасы өте көп. Осы топ бизнесмендердің катсе де өз байлыктарын жинап алу қызығушылықтары бар, сондықтан сатып алу-сату операцияларымен шұғылданады: қызмет, биржалық және банктік іс (олардың мақсаттарына өнім шығару жатпайды). Осы топ бизнесмендерінің бір бөлігі (15-30 %) бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар.

Отандық кәсіпкерлер қыны, көбінесе белгісіз жағдайларда жұмыс істеуге мәжбүр. Кәсіпкерлікке бөгет жасайтын механизмдер әлі де анықталмаған. Осы киыншылыктарға бейімделген адамғана табыска жетеді. Сондықтан «бір мезгілдік бизнес» психологиясы көнінен дамыған. Бұл тұтынушыларды алдау және әділетсіз бәсекелестік арқылы табыска жету. Сонымен қатар «тұрақты аукциндар жүйесі» бар, бұл жағдайда іскери іскери серіктестерді таңдау «жылдам және көп» алу қызығушылығына негізделген.

Отан бизнесінің ерекшеліктері сонымен қатар оның жабық, мafiоздық сипаты жатады. Дамыған коммерциялық құрылымдар өздерінің күші мен мемлекеттік, соның ішінде құқық қорғаушылық органдармен байланыстарын пайдаланады. Осы құрылымдар жетекшілерін таңдағанда «тіс жармас» және қабілеті ескеріледі. Сондықтан осындай үйымдарда екі жүзді мораль, зорлық, бағыныштылық орын алады.

Құқық қорғау органдарының пікірлерінше қылмыстық өсу себебі – экономикалық құлдырау және оны құқыктық реттеу дамымағандық, нақты мораль, адамгершілік түсініктің болмауы, қолданыстағы заңнамалардың дамымағандығы: өз-өзіне қарама қайшы актілер кабылданады, бұл оларды әркім өз түсінігінше талқылауға жол береді.

Коғамның құлдырау мен байлар мен кедейлер болып тез арада бөлінуі, мәдениетке, білімге немкүрайлы қарау, «бір күндік» өмір сүрге мәжбүр еткізеді. Кәсіпкерлік мәдениетін дамыту үшін бұл саладағы отандық және шетелдік фирмалардың тәжірибесін талқылау қажет.

4 Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы

4.1 Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы

Қазақстанда кәсіпкерлік туралы 90-шы жылдары, кайта құру кезеңі басталғанда айта бастады. Бұл кезде «комсомол кәсіпкерлігі» басталды, яғни белсенді жастар, негізінен комсомол жетекшілері жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық орталықтарының базасында кооперативтер құра бастады. Несиелеудің жеңілдетілген шарттары пайда болды. Сонымен қатар, өсіп келе жатқан инфляция жағдайында кәсіпкерліктің осы алғашқы толқыны өзіне алғашқы капитал жинап үлгерді, өйткені несиеге қаражат «кымбат» ақшамен беріліп, «құнсыздандын» ақшамен қайтарылды.

Бұрынғы Совет Одағындағы кәсіпкерліктің зандастырылған алғашқы зан 1987 жылы қабылданған «КСРО азаматтарының жеке еңбек қызметі туралы» Зан болатын. 1988 жылы «Кооперация туралы» Зан қабылданды. Жаппай кооператив, серіктесіктер құру басталды. Бірақ нарық инфракұрылымы болмаған жағдайда олардың көбі ыдырап кетті. Кейіннен 1988–1991 жылдары қабылданған жалға беру, бірлескен кәсіпорындар, банк қызметі туралы зандар экономикалық ахуалды біраз ырықтандырыды. Жалпы, негізгі мүлік мемлекет иелігінде қалды, жалға беру тәрізді кейбір жеңілдіктер кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыра тусты.

1991 жылы Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан кәсіпкерлік белсенділігін колдайтын біркатарап Зандар қабылдады. Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуына жол берген келесі зандар болды: «Қазақстандағы шаруашылық қызмет еркіндігі мен кәсіпкерліктің дамуы туралы» Зан (1991), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және корғау туралы» Зан (1992). 1994 жылдың басына жеке меншік кәсіпорындарының саны 15,7 мыңға жетті, барлығы 164 мың адамды қамтумен. Кәсіпкерліктің негізгі үш саласынан бірінші орынға өндіріс емес, және тауар өндіруші мен тұтынушы арасындағы дедалдық та емес, коммерция шықты.

1997 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасы Президентінің «Шағын кәсіпкерлікдің дамуын белсендешту және мемлекеттік колдауды күшету шаралары туралы» Өкімі қабылданды. Осы Өкімге сәйкес Қазақстандағы шағын бизнесі дамыту жөніндегі алғашқы арнайы мемлекеттік орган – Экономика және сауда министрлігінің құрамында Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі Агнеттік құру және оның жұмысын ұйымдастыру көзделген. Сонымен қатар халықаралық қаржы институттарының, үкіметтік және үкіметтік емес құрылымдардың катысуымен кәсіпкерлікті қолдау қорын құру

көзделген. Осы қор шеңберінде 5 миллион теңге көлемінде болашағы бар жобаларды қаржыландыру қарастырылған. Бірақ үкіметтің шараларына қарамастан кәсіпкерлік қызметтің белсендендірілуінде маңызды өзгерістер болмады.

Бұғынғ қуні қазақстандық заңнамага сәйкес кәсіпкерліктің келесі сипаттары бар:

- 1) кәсіпкерлік заңды және экономикалық статусқа ие болды;
- 2) кәсіпкерліктің категориялық аппараты күрылды;
- 3) дамыған нарық катынастарының аспектінде кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық формалары анықталды;
- 4) кәсіпкерлік қызметтің саласы анықталып, кеңейтілді;
- 5) кәсіпкерліктің субъективті және әлеуметтік базасы анықталды;
- 6) кәсіпкерлік қызметтің жалпы механизмі және нақты түрлері күрылды;
- 7) азаматтық кодекс отандық кәсіпкерлік формаларын дамыған елдердің формаларына сәйкесцендірді.

Біздегі кәсіпкерлік қалай сипатталады?

- кәсіби біліктіліктің болмауы;
- аз мөлшерде жинақтаған шығыс капитал;
- делдалдықтың дамуы – алғашкы капиталды жинақтаудың жеңіл және ыңғайлы әдісі;
- кәсіпкерліктің құқықтық негізінің жетілмегендігі, кейбір жағдайда қарама кайшылығы;
- кәсіпкерліктің мемлекеттік күрылымдармен, құқық корғау органдарымен өзара байланысы. Бұғын пікіртерім барысында кәсіпкерлердің 80 % өз мәселелерін шешу үшін пара беруге мәжбүр екендіктерін айтты.

Қазақстандағы кәсіпкерліктің ерекшеліктері бірқатар нақты мәселелерге байланысты:

- 1) шетелдік тәжірибелі пайдалану және оны Қазақстанга сингізу мәселесі. Бұғынғ қуні шетелде тұтынушыға, өндірістің көлемі мен мөлшерін ұлғайтуға, сату мөлшерін көбейтуге, бағаны төмендету және рыноктың барлық салаларын әлеуметтендіруге бағытталған өркениетті әлеуметтік рынок қалыптасқан. Ал Қазақстанда реформа нәтижесінде сауда-делдалдық қызмет пен қаржы операцияларына негізделген «жабайы» рынок қалаптасқан. Қалай болғанда да пайда табу әрекеті өндірістің жалпы көлемінің төмендеуі және жұмыссыздық пен инфляцияның өсуімен қатар халықтың табыстарының дифференциациясына әкелді. Сондықтан қазіргі жағдайда кәсіпкерлікке, бизнеске кірісер алдында Сіздің кәсіпорныңыз осы, капитал мен өркениетті нарықтық субъектілер

массасының жетіспеушілігімен қатар жүйелік тәуекелдік карым қатынас саласына түсетінін ескерген жөн;

2) осы жағдайда өркениеттірынокта бәсекелестікке жарамды бизнесті таңдау және оны ұйымдастыру мәселесі.

Соңғы екі жылы мемлекет деңгейінде және қәсіпкерлік салада он өзгерістер байқалтынын атап өткен жөн, оның ұлгісі – 2030 мемлекеттік бағдарламасы. Оның маңызды ерекшелігі өндіріс саласына бағытталуы, бұл салық жүйесінің өндірістің пайдасына өзгеруінен және өндіріспен айналысатын қәсіпкерлерге мемлекеттік женілдіктер берілуінен байқалды.

2003 жылдың соңында басталған нарық дамуының жаңа кезеңі ең алдымен іскеरлікті талап етеді, үкіметтің әзірлеген Қазақстанның инновациялық даму Стратегиясына сәйкес бұл кезеңде қәсіпкерліктің инновациялық технологиялар, әлемдік стандарттарға сәйкес келетін ғылыми тауарлар негізінде дамуы алғашқы қатарға шығып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдер қатарына кіру Стратегиясы. Қазақстан өз дамуының жаңа талпының алдында» Жолдауында белгіленгендей «Біз Қазақстанның жаһанды экономикалық тенденцияларға сәйкес дамып келе жаткан мемлекет ретінде көргіміз келеді»

4.2 Павлодар аймағындағы қәсіпкерлік

Казіргі таңда біздің қоғамымыздың алдында нарыққа көшуге байланысты Қазақстанның қәсіпкерліктің кайта жаңғыру мақсаты тұр. Бұл мәселенің екі аспекті бар:

1) біздің ғасырдың 30-шы жылдарында болған қәсіпкерліктің қазақстанның спецификалық нысандарының дамуы;

2) қәсіпкерлік дамуының әлемдік тәжірибесін есепке алу.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда Ертіс аймағында біздін әрамызға дейін көптеген тайпалар тұрған. Жабайы адамның іздері Баянауыл ауданында, Ертіс жағасында табылған. Тастан жасалған қару, найза, садақ ұштары табылған. Мыңдаған жылдар өтісімен Ертіс жағасында тұрған тайпалардың мәдениеті өзгеріп отырған. Бұл жерді қыпшак, найман, ұсун, қағлы тайпалары мекендейген.

Казіргі Павлодар Ертіс өңіріне алғашқы экспедициялар Сібірде мемлекеттік биліктің нығайы мен Тобол губерниясының құрылуымен басталды. Павлодардың алдында осы жерде орналаскан Коряков форпости Ертіс жағасында 1720 жылы құрылды. 1838 жылы форпост Коряков станицасына, 1861 жылы Павлодар қаласына өзгерілді. Сол 19-шы ғасыр басында ауыл шаруашылық, ауыл

шаруашылығы шикі заттарын өндіру бойынша салалардың, тау кен жұмыстарының дамуы байқалды. 19-шы ғасырдың екінші жартысынан Екібастұзда көмір өндіру, Коряковский және Улкен Калқаман өзендерінде тұз өндіру басталды.

20-шы ғасырдың бірінші жартыжылдығында Құлынды-Павлодар темір жолының салынуымен (1923) және Ертістегі кеме қатынасының дамуымен шаруашылық жылдам қарқынды дами бастайды. 1938 жылы облыс орталығына айналған Павлодар кеме қатынасындағы Ертіс өзені мен темір жол қызылсында орналасып, Екібастұз, Орал, Сібірмен сенімді қатынас жасауға мүмкіндік алды. Бұл облыс пен қаланың экономикасының дамуына ықпалын тигізді. Кіші шеберханалар орнында ірі өндірістік кәспорындар пайда болды.

1956 жылдан бастап Павлодар тың жерлерін игеру бойынша орталықтарының біріне айналды. Тыңның көтерілуі інтижесінде облыстың егістік жерлері он есе көбейе түсті. Көмір өндіру және тың игеру Павлодар облысының өндіріс күштерінің дамуына зор ықпал етті. Тиімді экономикалық-географиялық орналасуы, бай ресурстар, көлік жолдары, Ертіс-Қарағанды каналы, 1957 жылы құрамына Павлодар, Екібастұз, Аксу (Ермак) кірген Павлодар-Екібастұз аймақтық-өндірісітік кешен құрылды. Арзан Екібастұз көмірінің негізінде энергетикалық база құрылды және өндірістің жаңа салалары дамыды: қара және түсті металлургия, машина жасау, мұнай және химия өндірісі.

Бүгінгі күні Павлодар облысы басқа облыстардан жоғары өндіріс потенциалымен, көpsалалы ауыл шаруашылығымен ерекшеленеді, өзін ауыл шаруашылық өнімдерімен толығымен қамтамасыз етеді. Мұнда тенізден басқа көлік түрлерінің барлығы және өндірістік емес саланың барлық түрлері дамыған. ТМД экономикалық кешеніндегі минералды және көмірсүтекті шикі зат өндірумен айналысадын ірі аймақтық-өндірістік кешендердің бірі қалыптасқан. Облыстың табиғи-ресурстық потенциалы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымы, жоғары ғылыми-техникалық потенциалы, Орталық Азия мен Сібір арасындағы байланыс рөлі әр түрлі мемлекет пен континентердің назарын өзіне тартып отыр. Сонымен қатар, экономикалық деңгейдің бұл көрсеткіштеріне аймақтың басқа да ерекшеліктерін жатқызуға болады: дамыған банк саласы, шағын және орта бизнестің динамикалық дамуы, жоғары білікті мамандар, қазіргі заман талабына сай көлік-коммуникациялық инфрақұрылым, шетел инвесторлардың қатысуы, дамудың мемлекеттік бағдарламалары.

Павлодар облысы аймағында көpsалалы индустріалды кешен қалыптасты. Аймақтың өндірістік потенциалын тауарларын шетелге

шығаруға бағытталған ірі өндіріс компаниялары құрайды. Олар – көмір, электр және жылу энергиясы, глинозем, ферроқорытпалар шығарады. Республика өндірісінің 70 % үлесі, республикалық көмір өндірісінің 70 % шамасындағы, республикалық ферроқорытпа өндірісінің ¼ үлесі біздің облысқа келеді. Облысымызда химия, машина жасау, металл өндіру салаларының дамуына жеткілікті потенциал бар. Сонымен катар, аймақта ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру бойынша шикі заттық база мен өндіру күштері де бар.

Казақстанның энергетикалық жүргөгі – Екібастұздың ірі электр станциялары, Ақсу ГРЭС, және Павлодар өндіріс кешеніне қызмет көрсететін бірқатар ірі жылу станциялары. Осы электр стнацияларының құндылығы – олардың көмір өндіру жерлері мен электр және жылу тұтынушыларына жақын орналасуы. Тұрғындарының акша табыстарын орта республикалықпен салыстырғанда, Павлодар облысы орта республикалық, акша табыстарынан асатын облыстарға жатады 2016 жылы тұрғындардың акша табыстары орташа алғанда бір адамға 143 650 теңгеден келді, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 4,8 % жоғары. Бұл тұрғындардың сатып алу мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі мен аймак ауқаттылығының көрсеткіші. Облыста калыптасқан өндірістік потенциал көлік коммуникациялары мен көлік-экономикалық байланыстардың кеңінен дамуына ықпал етті. Облыс көлік-коммуникациялық торап болып табылады: мұнда мемлекеттің онтүстігіне созылатын (Шымкент қ.) казақстандық ең ірі мұнай құбыры, Қазақстан мен Ресейдің түпкірлеріне жететін электр қуатын беретін желілер, Ертіс-Қарғанды-Жезқазған каналы, еліміздің онтүстігі мен орталығына және Ресейге жететін теміржол желілері бастамасын алады. Облыстың көліктік кешенінде жалпы ұзындығы 3 667,9 шақырым құрайтын автомобиль жолдары маңызды байланыс белгілі болып табылады.

Банк жүйесінде 17 филиал мен 2 аймақтық банк бар. Тұрғындар депозиттері 3 млрд 138 мың теңге құрайды, шағын бизнес субъектілеріне берілген несие – 14 млрд теңге. Сақтандыру рыногында лицензиямен рұқсат берілген барлық қызмет түрлөті қызмет етеді – өмірді қайғылы оқиғалардан сактау, медициналық сақтандыру, көлік құралдарын, жүкті, кәсіби және азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, қайта сақтандыру. Қор нарығы мен лизинг қызметінің қалыпты дамуына мүмкіндіктер бар.

Бұғынғі күні аймак кәсінорындарының экспорттық жеткізілімдері 27 астам мемлекеттерге жіберіледі. Орта айлық жалақы 20 мың теңге құрайды. Зейнетақы мен бюджеттік сала қызметкерлері алдындағы

берешектер жоқ. Тұрғындардың жұмыспен қамту органдарымен жұмысқа орналастыру, қоғамдық жұмыстарға қатысу, тұрғындарды кәсіптілік оқыту бойынша іс шаралар жүргізіледі. «Кедейшілікке, жұмыссыздыққа қарсы күрес және тұрғынадарды жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал етужөніндегі» облыстық бағдарлама жүзеге асырылады. «Облыста кедейшілікті төмендету жөнінде» бағдарлама әзірленіп, кедейлік мәселесін кешенді шешу қарастырылған.

Бүгінгі күні орта және шағын бизнес экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады, өйткені тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз ету, рынокты отандық тауарлармен және қызметтермен толтыруға мүмкіндік береді, тұрғындардың орта классының қоғам тұрақтылығының негізі ретінде қалыптасу көзі болып табылады. Шағын кәсіпкерлік саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың осы саласында қалыптасып келе жетқан он тенденцияларының көрсеткіші болады. Облыста шағын кәсіпкерлікten 17371 субъектісі бар, оларда 52,4 мың адам немесе аймақтың экономикалық белсенді тұрғындарының 13 пайызы жұмыс істейді.

Алдағы жылдарға кәсіпкерліктің негізгі мақсаты – шағын және орта бизнестің экономикалық белсенділігін арттыру, аймақтық жалпы өнім құрылымында олардың үлесін өсіру. Облыста кәсіпкерлікті діламыту мақсатында «облыстық Мәслихаттың 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 117/26 қаулысымен «Облыстагы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасы» әзірленіп, бекітілген. Бағдарлама негізгі төрт мақсаттардың шешілуін көздейді:

- шағын кәсіпкерлік инфрақұлымының тиімділік деңгейін көтеру және дамыту, кәсіпкерлер қоғамдық бірлестіктерінің рөлін арттыру;
- шағын кәсіпкерлікті қаржылай-несиелу жүйесін дамыту, несие беру кезінде тәуекелден сақтандыруды дамыту;
- шағын және орта кәсінкерлік саласы үшін жоғары білікті мамандарды даярлау;
- шағын және орта бизнес субъектілірінің шоғырлануына ықпал ету, аймақаралық серіктестікті дамыту.

Осы бағдарлама шенберінде облыстық бюджет есебінен білімдерін жетілдіру семинарларын ұйымдастыру көзделген. Облыс аудандарына шыгумен семинарлар жиі ұйымдастырылады. Ауыл кәсіпкерлеріне агрономия, малшаруашылығы технологиялары бойынша, шаруашылық жүргізудің озық әдістемелері бойынша білімдерін жетілдіру жөнінде қызмет көрсетіледі. Семинарларда білім алатындар құрамына – ауыл шаруашылық құрылымдардың, шаруа қожалығының басшылары, апробаторлар (багалаушылар), қолдан ұрықтандыру пункті және сүт даярлау пункттерінің лаборанттары

кіреді. Сонымен қатар, менеджерлерді даярлау және басқару кадрларының білімдерін жетілдіру. Жаңадан іске кіріскең кәсіпкерлер, жастар мен әйелдер үшін «Өз ісінді баста» акциясы жалғасуда.

Жаңа технологияларды дамыту және инновациялық жобаларды қолдау мақсатында «Кәсіпкерлікті және инновацияларды дамыту орталығы» негізінде Инновациялық орталық құрылды. Орталықтың негізгі мақсаты – Орталық негізінде жаңа инновациялық ғылыми өндірістерді әзірлеу және енгізу. Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінде, мемлекеттік басқару органдары үшін, кіші және орта бизнес субъектілері мен қоғамдық бірлестіктер үшін қажетті ақпараты бар деректер қорынан тұратын «Шағын және орта бизнесті қолдаудың инновациялық жүйесі» атты шоғырландырылған деректер базасын құру жөнінде жұмыстар жүргізілуде. Шағын бизнес мәселелерін анықтау, оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін қалалар мен аудан әкімдерімен кәсіпкерлермен кездесу кестесі құрылған. Бұл кездесулерге мемлекеттік және қадағалау органдарының екіншілдері катысады.

Бағдарламада шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржылай-несиелеу көмек көрсетуге ерекше көңіл бөлінеді. Облыстық бюджетте жыл сайын шағын бизнес субъектілерінің тиімді бизнес-жоспарларын қаржыландыруға қаражат қарастырылады. Шетелге шыгаратын өнімдерді айырбастау және кәсіпкерлерді нарық коньюктурасы туралы хабардар ету мақсатында «Павлодар облысының ірі компанияларымен шетелге шыгарылатын тауарлар» атты арнайы Каталог әзірленді, оған тауарлар номенклатурасының 10 мыңдан астам атаулары енгізілген. Павлодар облысы кәсіпкерлері қоғамдық бірлесіктерінің Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекаралық облыстарымен байланыстары дамып келе жатыр. Барлығы облыста 17 кәсіпкерлік бірлестік бар.

2015–2019 жылдардағы экономиканың даму факторлары мен шарттары. Экономикалық жағдайдың жақсарғанына қарамастан, экономиканың өсуін бәсендегетін бірката шектеулер сакталуда. Дамудың сыртқы шарттары. Өнірдің экспортқа бағдарланғанын ескере отыра, оның дамуына сыртқы факторлар едәуір маңызды ықпал етеді. Факторлардың бірі – әлемдік нарықта металл бағасының өзгерүіне тәуелділіктің жоғары болуы. Облыс жер балшықты, алюминийді, ферроқорытпаны ірі экспорттаушы болып табылады. 2014 жылдың басынан әлемдік нарықта металл бағасының төмендеуі «Қазақстан алюминий» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ өндіріс көлемдерінің қыскаруына әсер етті.

Келесі фактор – ресейлік тұтынушыларға көмір саласының тәуелділігі. Откен жылдың кезеңіне қарағанда көмір өндірудің төмендеуі ресейлік тұтынушылардың көмірге сұранысының төмендеуіне байланысты (Рефтин ГРЭС-і, Троицк ГРЭС-і, Верхнетагил ГРЭС-і, Челябин ЖЭО, Аргаяш ЖЭО, Оңтүстікорал ГРЭС-і).

Дамудың ішкі шарттары. Сыртқы даму жағдайының әсерін ескере отыра 2015–2019 жылдардағы облыс экономикасы мына ішкі:

- қолайлы инвестициялық ахуалды, шикізат салаларындағы жоғары экономикалық белсенділікті сактау;

- экономиканы әртаратандыруды және бәсекеге қабілеттіліктің өсімін қамтамасыз ететін басымдықты секторларды дамыту факторларының әсерінен дамитын болады.

Индустримальдыру шенберінде Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (екінші бесжылдық) іске асыру жалғасады, ол ҮИИДМБ жобаларына жаңа жолдарды көздейді, онда басымдық негізгі кластерлерді дамыту болып табылады:

Тау кен-металлургия кластері. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту және техникалық қайта жараптандыру, сондай-ақ жаңа өндірістер құры бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру, түсті металлургия кластерін дамыту, оның ішінде «Павлодар» АЭА шенберінде өндірістің өсуіне жағдай жасайды. «Павлодар» АЭА қызыметтің түрлерін кеңейту қосылған құны жоғары үшінші және төртінші қайта бөлістер өнімі шыгарылатын толық кластер құруга мүмкіндік береді.

Мұнай-химиялық секторда «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС қайта жаңғырту және жаңғырту бойынша инвестициялық жоба іске асырылуда, мұнай өндеу терендігін 90,0 %-га дейін жеткізуге мүмкіндік береді, жылына мұнай өндеу қуатын 6000 мың тоннаға дейін арттырады, мұнай өнімдерінің сапасын Еуро-5 стандартына дейін жақсартады. Иске асыру мерзімі 2016 жыл. Инвестиция көлемі – 160,8 млрд. теңге.

2020 жылға дейін мұнай-химия саласын дамытудың келешегі «Павлодар» АЭА базасында мұнай-химия кластерін дамыту болып табылады. Химиялық кластерді дамыту «Павлодар» АЭА одан әрі дамытумен байланысты. Химиялық кластер шенберінде бүгінгі күні каустикалық сода, хлор, натрий гипохлориті, тұз қышқылы шыгарылуда.

Жоспарланған полиэфирлік және алқид шайырлары өндірісінің негізінде 2015–2020 жылдары құрылым индустриясы үшін композицияланған материалдардың бірқатарын шыгару бойынша технологиялар тізбегі құрылады. 2020 жылға дейін машина жасау саласын дамыту вагондар және теміржол жолдары өндірісі үшін барлық өнім түрлерінің игерілуін көздейтін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар («Қазақстандық вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Проммашкомплект» ЖШС, «Format Mach Company» ЖШС, «Технологиялық желілер» ЖШС) базасында теміржол кластерін одан әрі қалыптастыруға жағдай жасайды.

Облыстың агроенеркәсіп кешені болжамды кезеңде мына ішкі факторларды есепке алумен дамитын болады:

- егістік сапасы – облыс бойынша егістік сапасы біршама төмен: бонитет – 18 балл, егістік жердің тек 10 %-ы 30 балдан көп, тыңайтыштар енгізу, ылғалресурс сақтау технологияларын қолдану түрінде құнารлықты арттыру бойынша шарапалар қажет;

- саланың техникалық жарактануы – ескірген машина-трактор паркі, жылына 8-10 % жаңарту тәртібі қажет етіледі;

- суару жүйесінің ахуалы – суландыру жүйелері мен каналдары тозуының жоғары дәрежесі, толық қалпына келтіру үшін инвестициялар тарту қажет;

- теңдестірілген жемшөп қоры базасының болуы – әлсіз жемшөп базасы, егістер құрылымында азықтық дақылдар улесін арттыру қажет етіледі, әрбір ауданда жыл сайын 1000 га-дан аз емес жерде көп жылдық шөп егуді жүзеге асыру, суаруға жемшөп өндіруді дамыту, құрама жем зауыттарын салу және жаңғырту;

- ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі – ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі төмен болып қалады, асыл тұқымды мал шаруашылығын одан әрі дамыту қажет, жоғары өнімді мал сатып алу;

- қайта өндеу кәсіпорындарының шикізатпен қамтамасыз етілуі – шикізаттың жекелеген түрлері, әсіресе сүт өндірісінің маусымдығы, сүт-тауарлық және өзге де мал шаруашылығы кешендерін салу қажет;

- маркетингтік қамтамасыз ету – кәсіпорындардың әлсіз маркетингтік қызметі, ақпараттық-маркетингтік қызмет салаларын дамыту қажет;

- жергілікті тауар өндірушілерге ораманың тауарлық түріне, сондай-ак ұсақ қолемді өлшемделген орамға назар аударуы тиіс, себебі олар негізінен көтерме жерде нарыққа жұмыс істейді және Қазақстанның ішінде және онын шегінен тысқары жерде көтерме саудамен жеткізуді жүзеге асырады;

- қол жетімді кредиттік жөлілердің болуы – қолайлы ұзак мерзімді кредиттер жок, себебі ауыл шаруашылығында инвестициялардың өтемділігі ұзак, айналым қаражатының жетіспеушілігі, микрокредитті кенекту қажет, мүлік кепіліне талаптарды, ауыл шаруашылығы субъектілері үшін техника мен жабдық қаржы лизингісінің талаптарын қарау.

Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың белгіленген қарқының ескере отырып, жоғары деңгейдегі жеке меншік және бюджеттік инвестиацияларды сақтай отыра, облыстың тұрақты экономикалық жағдайы әлеуметтік саланың (білім беру, деңсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т.б.) дамуна жағымды әсерін тигізді. 2015–2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамудың нысаналы индикаторлары және болжамы. Жалпы өнірлік өнім көлемі болжамды деректер бойынша 2019 жылы 2177,1 млрд. теңгені құрайды, бұл атаулы есептеуде 2014 жылғы көрсеткіштерден 1,2 есеге асады. 2015–2019 жылдары орташа жылдық өсу қарқыны 103,7 % деңгейінде болжануда. Орташа мерзімді кезеңде жалпы өнірлік өнім өсімі 2015–2019 жылдары жан басына шаққанда жыл сайын 3,3 %-ды құрайды.

4.1-кесте – Әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды нысаналы индикаторлары

(алдыңғы жылға қараганда %-бен)

| Индикатор | Болжам | | | | |
|--|---------|---------|---------|---------|---------|
| | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Жалпы өнірлік өнім | 103,5 | 103,4 | 103,6 | 103,8 | 104,0 |
| Өнеркәсіп өндірісінің өнімі | 104,5 | 102,1 | 101,4 | 101,3 | 101,2 |
| Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі | 103,7 | 103,0 | 103,0 | 103,0 | 103,8 |
| Құрылым | 102,0 | 104,0 | 101,4 | 101,7 | 101,3 |
| Көлік және қоймалау қызметтері | 102,9 | 103,0 | 103,0 | 103,1 | 103,1 |
| Байланыс қызметтері | 106,0 | 106,1 | 106,1 | 106,5 | 106,5 |
| Жұмыссыздық деңгейі, экономикалық белсенді халыққа шаққанда, %-бен | 4,8 | 4,7 | 4,6 | 4,5 | 4,5 |

Өнеркәсіп. 2015–2019 жылдары индустрияландыру саясаты «дәстүрлі» салалардың дамуы арқылы басымдықты шикізаттық емес

секторлардың асыра дамуына бағытталатын болады, олар индустриялық-инновациялық үдерістердің катализаторы болады.

Негізгі шарттар экономиканың мына басымды секторларының дамуына шоғырланатын болады:

- «дәстүрлі»: энергетика, металлургиялық кешен, шикізат өндірісінің одан да жоғары қайта өңдеуінен өтетін мұнай-химиялық және химиялық;

- ішкі сұраныска негізделген: машина жасау, құрылым индустриясы, фармацевтика.

2015–2019 жылдары өнеркәсіп өндірісінің орташа жылдық өсімі тау-кен өндіру өнеркәсібінде – 3,6 %, өңдеу өнеркәсібінде – 2,1 % болжандуда. Қемір өндіру көлемдерінің 2014 жылы – 70,9 млн. тоннаға, 2015 жылы – 71,5 млн. тоннаға, 2016 жылы – 73,8 млн. тоннаға, 2017 жылы – 75,6 млн. тоннаға, 2018 жылы – 77,0 млн. тоннаға, 2019 жылы – 77,7 млн. тоннаға артуы жоспарлануда.

Кәсіпорындардың болжамдарына сәйкес 2014 жылы 1302,2 мың тонна феррокорытпа, 203,4 мың тонна бастапқы алюминий шығарылатын болады, жер балшық 1405,0 мың тоннаны құрайды. Өндіріс көлемінің өсуіне Индустріяландыру картасының шеңберінде жаңа жобалардың іске қосылуы ықпал етеді:

2015 жылы Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта жаңғырту;

- Қызылтау кен орнында көмір өндіру және кокс өндіру («ЗАМАНINVEST» ЖШС), іске қосылуы – 2015 жыл;

- полимерлік бүйімдар өндірісі («LTD мұнай химия компаниясы» ЖШС), іске қосылуы – 2015 жыл;

- 2500 бас ірі кара малы аналығына асыл тұқымды мал шаруашылығын (репродуктор) салу және жылына 1500 бас ірі қара малға арналған бордақылау алаңын салу («МТС Жайма» ЖШС), іске қосылуы – 2015 жыл;

- «Павлодарэнерго» АҚ ЖЭО-3 № 2 станциясының ПТ-65/75-130/13 турбинасын орнату, іске қосылуы 2015 жыл;

- 500 га суландыру жүйесін салу және мал шаруашылығы өнімінің жоғары техникалық өндірісіне көшу («Ертіс» тәжірибелі шаруашылығы), іске қосылуы – 2015 жыл;

- 2016 жылы Екібастұз ГРЭС-1 кеңейту және қайта жаңғырту;

- алдын ала күш түсітін темірбетонды білеулер өндірісі бойынша цех салу («R.W.S. Concrete» ЖШС (Р.В.С. Конкрит), іске қосылуы – 2016 жыл);

- Қазақстан Республикасындағы теміржол біліктерінің өндірісі және донғалық жұптарын қалыптастыру бойынша зауыт («R.W.S. Wheelset» ЖШС), іске қосылуы – 2016 жыл;

- 2016 жылы «Қызылжар-Құс» ЖШС күс фабрикасын қайта жаңғырту;
- № 2 циклді-ағынды ашпа кешені («Еуразия энергетика корпорациясы» АҚ), іске қосылуы – 2017 жыл;
- 2017 жылы Павлодар МХЗ жаңғырту;
- 1000 га суармалы жер күрылышы («Киров» ЖШС), іске қосылуы – 2018 жыл.

2015–2019 жылдары «Павлодар» АЭА аумағында мына жобалар кезегін іске қосу жоспарлануда: полиэфирлік шайырлар өндірісі («Композит» ЖШС), алкід шайырлары өндірісі («Павлодар мұнай-газ жабдықтары зауыты» ЖШС), полиалюминий хлориді өндірісі («Химиялық өнеркәсіп өшімі» ЖШС), күкірт қышқылы өндірісі («Күкірт қышқылы зауыты» ЖШС), ингибиrlenген тұз қышқылы өндірісі («Ертіс» химия компаниясы» ЖШС), өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту және тазартылған су өндірісі («Кереку мұнай-химиясы» ЖШС).

Көрсетілген жобаларға толықтыру ретінде «Каустиқ» АҚ «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ бірлесе отырып, 2015–2018 жылдары бірқатар жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр. Жоспарланатын өнімнің атавы мен көлемі өтінілді. Сондай-ақ жұмыс істеп тұрган өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды жаңғырту, ескірген жабдықтарды жаңасына, жетілгеніне алмастыру өнеркәсіп салаларын дамытуға жағдай жасайды.

Іске асырылатын инвестициялық жобаларды сенімді электрмен қамтамасыз ету жаңа энергетика объектілерін салумен, жұмыс істеп тұргандарын кеңейту және қайта жаңғыртумен байланысты болады. 2019 жылға қарай электр энергиясын өндіру, беру және бөлу жыл сайын орташа алғанда 2,7 %-ға өседі, соның ішінде:

- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да – № 3 энергия блогын салу есебінен;
- «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-те – жаңа электр сүзгілерін орнатумен № 1 энергия блогын қалпына келтіру;
- «Павлодарэнерго» АҚ-да – ЖЭО-3 № 2 турбинасын монтаждау.

2019 жылы электр энергиясының өндірісі сағатына 45,9 млрд. кВт немесе 2014 жылғы бағалауға қараганда 113,1 %-ды құрайды. Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптаудың орташа жылдық өсімі 101,7 % деңгейінде болжануда.

Ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімнің орташа жылдық өсімі 3,3 % деңгейінде күтілуде. Өсімдік шаруашылығының өнім өндірісінің көлемін жыл сайын орташа есеппен 3,0 %-ға, соның ішінде бидайды жалпы жинауды 235,5 мың

тоннага дейін ұлғайту ескерілуде.

Ауыл шаруашылығы саласында мал шаруашылығы перспективті болып табылады, бұл саланың ауа райы жағдайна тәуелділігі аз болуына байланысты оның көлемі едәүір дәрежеге артады. 2015–2019 жылдары мал шаруашылығындағы өсу қаркыны 103,1 %-ды құрайды. Мал және құс етінің тірі салмағындағы өндірісінің көлемі 90 мың тоннага, сүт – 405,0 мың тоннага, жұмыртка 260 млн. данага дейін ұлғаяды. Iрі қара мал етінің әлеуетті экспорттың арттыру және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру нәтижесінде мал шаруашылығы саласындағы өсімге қол жеткізілетін болады. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу саласында өндірісті техникалық және технологиялық қайта жараптандыру, отандық өнім сапасын арттыру үшін сапаның халықаралық стандартына көшу, азық-түлік тауарларының сұрыпталымын кеңейту және сол арқылы Кедендей Одак бойынша негізгі сауда әріптестерімен бәсекелестік үшін тен қызметтер құру өзекті болып қалуда.

Жергілікті өндіріс өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оның ішкі нарықтағы үлесін ұлғайту үшін жаңаларды іске қосу және жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу объектілерін (мал бордақылау аландарын, сүт-тауар фермаларын, мал сою пункттерін және аландарын салу, жылжай шаруашылығын және көкөніс сактау қоймаларын дамыту) жаңғырту есебінен облыстың дайындау пункттерінің желісін дамытуға жәрдемдесу қамтамасыз етілетін болады.

Көлік және байланыс. 2015–2019 жылдары көлік және байланыс қызметтері көрсеткіштерінің өсімі жоспарлануда. Көлік қызметтерінің көлемі болжам бойынша орташа есеппен алғанда жылына 3,0 %-ға өсетін болады. Байланыс қызметтері орташа есеппен алғанда 6,2 %-ға өсетін болады. Өсу телекоммуникация желілерін жаңғырту есебінен жоспарлануда.

Сауда. Бөлшек тауар айналымының жыл сайынғы өсімі (салыстырмалы бағалармен) 2015–2019 жылдары 8,8 % деңгейінде болжануда. Бөлшек сауда кәсіпорындарын ірілендіру, прогрессивті сауда инфрақұрылымын дамыту бойынша шаралар енгізу, отандық тауар өндірушілерге және барынша аз шығындармен тауар қозғалысының тиімді үдерісіне қолайлы жағдай жасау жоспарлануда.

Инфляция жоспарлы кезеңде Қазақстан Республикасының 6-8 % макроэкономикалық көрсеткіштерінде жоспарланған деңгейде болады.

Азық-түлік нарығында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін

азық-тұлік тауарлары тұралтандыру қорының әсері, дәнді және майлы дақылдардың, көкеністердің егістік жерлерін көбейту, істеп тұрган жылыжайлар мен көкөніс сақтау қоймаларын салу және жаңғырту жоспарлануда. Ауыл шаруашылығы құрылымдарының, қайта өндегу кәсіпорындарының, сауда обьектілерінің басшыларымен әлеуметтік маңызы бар азық-тұлік тауарларына бағаны ұстап тұру бойынша меморандум жасасу жоспарлануда. 15-20 %-га нарықтан төмен бағалар бойынша азық-тұлікті өткізумен үнемі ауыл шаруашылығы жәрменекелері өткізілетін болады.

Тұрақты негізде нарықтағы мұнай өнімдеріне, азық-тұлік тауарларына бөлшек сауда бағасының ахуалына мониторинг жүргізіледі. Монополияға қарсы заннаманы бұзу факторлары анықталған жағдайда монополияға қарсы әрекет ету шарапалары қабылданатын болады. Негізгі капиталға салынатын инвестициялар. 2015–2019 жылдары инвестициялық салымдардың негізгі көлемін (50,0 %-дан жоғары) кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаттары құрайды.

23 жобаны іске асыру үшін 1065,7 млрд. теңге сомага инвестиция тарту көзделді, ондағы 853,5 млрд. теңге кәсіпорындардың меншік қаражаты және 212,2 млрд. теңге қарыз қаражаты.

Әлеуметтік сала, сумен жабдықтау, тұрғын үй обьектілерін салуға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын, «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы», «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын, Монокалаларды дамытудын 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыруға бюджеттік қаражат есебінен 130,0 млрд. теңгеден жоғары инвестиция салу жоспарлануда. Жалпы, жоспарлы кезеңде орташа жылдық өсім қарқыны 101,7 %-ды құрайды.

Құрылыс. Өнеркәсіптегі өндірістік корпустарды салу бойынша жоспарланған жұмыс көлеміне байланысты («Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-ның үшінші энергия блогын, Бозшакөл ТКБК карьерін және фабрикасын салу және басқа жобалар) 2015 жылы құрылыштың нақты көлем индексі 2014 жылға қарағанда 107,4 %-ы деңгейінде болжануда.

2015–2019 жылдары өнеркәсіpte қолданыстағы қуаттылықты салу, қайта жаңарту, жаңғырту, сондай-ақ бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру құрылыс жұмыстарының он қарқынын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік сала. Басымдықтар ретінде экономикалық осудің орнықты қарқының қалпына келтіру саясатын жүргізу және келешекте

оған қолдау көрсетеу халықтың өмір сүру сапасын бұдан әрі арттыруды болжайды. Жаңа өндірістерді колданысқа енгізу есебінен жыл сайын жаңа жұмыс орындарын құру жоспарлануда, бұл 2019 жылға қарай жұмыспен қамтылғандар санының 2014 жылғы бағалаудан біршама 3,3 мың адамға (101,8 %) артуына мүмкіндік береді. Бұл ретте жалдамалы қызметкерлер саны 103,3 %-ды құрайды.

ҮИИДМБ және Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асырумен байланысты жұмыссыздар саны мен жұмыссыздық деңгейі қысқаратын болады. 2019 жылы ашық еңбек нарығында жұмыссыздар саны 2014 жылғы бағалаумен салыстырганда 7,0 %-ға азаяды, экономикалық белсенді халыққа шаққанда жұмыссыздық деңгейі 4,5 %-дан аспайды деп жоспарлануда.

2016 жыл ішінде өнірде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту. 2016 жыл ішінде облыс жергілікті атқарушы органдарының ұсыныстары негізінде жобаларды іріктеу тұракты негізде жүргізілді. 42 ұсыныс бойынша тізбе жасалды, оның ішінен іске асыруға жалпы сомасы 5,1 млрд. теңге 13 жоба макұлданды.

Анықтама:

1) Павлодарское ауылдың дәрігерлік амбулаториясын төлеп алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру (14,5 млн. теңгеге жабдық сатып алу);

2) Кенжекөл ауылдың дәрігерлік амбулаториясын төлеп алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру (24,8 млн. теңге сомага ультрадыбыстық аппарат және медициналық емес жабдық сатып алу, ағымдағы жөндеу);

3) компьютерлік томограф орнатумен ШЖҚ «Павлодар қалалық № 1 ауруханасы» КМК гимаратының бөлмелерін қайта жаңарту (202,5 млн. теңге сомага компьютерлік томограф, медициналық емес жабдық, қосалқы бөлшектер сатып алу және қайта жаңарту);

4) «Екібастұз қаласының № 1 емханасы» ШЖҚ-дағы КМК төлеп алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру (166,2 млн. теңге сомага рентген және УДЗ аппаратын сатып алу, күрделі жөндеу);

5) компьютерлік томограф орнатумен ШЖҚ «Екібастұз қалалық ауруханасы» КМК гимаратының бөлмелерін қайта жаңарту (199,0 млн. теңге сомага компьютерлік томограф, жабдық, қосалқы бөлшектер сатып алу және қайта жаңарту);

6) Ақсу қаласының көше жарығын жаңғырту және пайдалану (135,3 млн. теңгеге 3 мыңға жуық шамдал сатып алу);

7) Екібастұз қаласындағы скверді жаңғырту шартымен сенімді басқаруға беру (жеке серіктестің шамамен алғанда 67,9 млн. теңге сомага аттракциондар орнатуы);

8) ШЖҚ «Павлодар қалалық № 3 ауруханасы» КМК (бұрынғы ЖМКА) сенімді басқаруға беру (964,9 млн. теңге);

9) ШЖҚ «Павлодар облыстық диагностикалық орталығы» КМК сенімгерлік басқаруға беру (2059,4 млн. теңге);

10) «Екібастұз медициналық колледжі» КМКК төлеп алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру (362,0 млн. теңге);

11) Екібастұз қалалық полигонын сенімгерлік басқаруға беру (171,9 млн. теңге);

12) Екібастұз қаласы сыртқы жарықтандыруының электр желілерін жаңғырту (732,9 млн. теңге);

13) Павлодар қаласында төбесі жабылатын футбол кешенін салу және пайдалану (30,0 млн. теңге).

Тұтас алғанда, пысықталатын жобалар бойынша жобалардың негізгі пулы денсаулық сақтау (8), ТҮКШ (2), мәдениет және спорт (2), қоршаган ортаны коргау (1) саласындағы жобаларға тиесілі. 2016 жылғы желтоқсанда МЖӘ 6 жобасы бойынша конкурс жарияланды (Екібастұз қаласындағы сквер, Аксу қаласының көше жарығы, Павлодар және Екібастұз ауруханаларында 2 компьютерлік томограф орнатумен ғимараттарды қайта жаңарту, Кенжекөл және Павлодарское ауылдарындағы дәрігерлік амбулаторияларды сенімді басқаруға беру).

«Екібастұз қаласының 50 жылдығы скверін аттракциондар мен өзге мәдени-бұқаралық ойын-сауық орындарын орналастыру үшін жаңғырту шартымен сенімді басқаруға беру» жобасы бойынша 2017–2037 жылдар кезеңіне құны 67 872,0 мың теңге болатын сенімді басқару шартын жасасу көзделген. Әлеуетті жеке серіктес мемлекіт немесе қарызы қаражат есебінен жобаны қаржыландыруды жүзеге асырады. Жоба шеңберінде аттракциондар, қоғамдық тамақтану пункттері орнатылады, түрлі шагын ойын-сауыктар ұйымдастырылады, сонымен Екібастұз қаласы тұрғындарының әр түрлі ойын-сауық уақыт өткізуі үшін қажетті жағдайлар жасалады.

«Аксу қаласының көше жарығын жаңғырту және пайдалану» жобасы бойынша 2017–2023 жылдар кезеңіне құны 135 278,0 мың теңге болатын МЖӘ шартын – «Сервистік келісімшарт» жасасу көзделген. Нәтижесінде тұтынылатын электр энергиясы үшін төлем үнемі жыл сайын 20,8 млн. теңгеден аса құрайды.

Денсаулық сақтау жобалары бойынша 2017–2022 жылдар кезеңіне шарттар жасасу көзделген:

- компьютерлік томографтар орнатумен Павлодар қалалық №1 ауруханасы, Екібастұз қалалық ауруханасы ғимараттарының бөлмелерін қайта жаңарту және пайдалану. МЖӘ шартын –

«Сервистік келісімшарт» жасасу көзделген;

- жобаларды іске асыру нәтижесінде ауруханалар үшін компьютерлік томографтар сатып алынады.

Сондай-ақ, келесідей сандық көрсеткіштерге қолжеткізу жоспарлануда:

- жыл сайын ТМККК шеңберінде және ақылы негізде халықта компютерлік-томографиялық қызметтің 7500-ден астам қызметін көрсету (Павлодар 4500-ден астам қызмет, Екібастұз – 3000 қызмет);

- ауруларды ерте диагностикалау клиникалық және патологанатомиялық диагноздардың айырмашылық жағдайларын төмөндөтуге мүмкіндік береді;

- Павлодарское ауылның, Кенжекөл ауылның дәрігерлік амбулаторияларын сатып алу құқығының сенімгерлік басқаруга беру МЖӘ шартын – «Сенімді басқару» жасасу көзделген. УДЗ аппаратын, гематологиялық және биохимиялық анализаторлар, физиожабдық, физио және жарық терапиясы аппараттарын, ЭКГ аппаратын, қосылмайтын тонометр сатып алу есебінен көрсетілетін медициналық қызметтердің спектрі кенейеді. Сондай-ақ, тұргындардың аса сапалы және қолжетімді медициналық көмек алуды үшін емдеу-диагностикалық барысының заманауи технологиясы енгізіледі (Павлодарское ауылы – 4465 адам, Кенжекөл ауылы – 5204 адам).

2017 жылы 7 жобаның құжаттамасын дайындау бойынша жұмыс жалғасады, оның ішінен 4 жоба бойынша әзірлеу жүргізілуде (Екібастұз қалалық полигонын, Екібастұз қаласының № 1 емханасын сенімді басқаруга беру, Екібастұз қаласы сыртқы жарықтандыруының электр желілерін жаңғыруту, № 3 қалалық аурухананы, облыстық диагностикалық орталықты, Екібастұз медициналық колледжін сенімді басқаруга беру, төбесі жабылатын футбол кешенін салу және пайдалану).

5. Қазіргі кәсіпкерліктің негізгі түрлері

5.1 Қазіргі кәсіпкерлік

Кәсіпкерлік қызметтің келесі салаларын ажыратады:

1) өндірістік қызмет (өндірістік кәсіпкерлік), бұл жағдайда өндіріс құралдарының иесі өндірісті өзі ұйымдастырады, баскаша айтканда, тауарды өзі өндіреді және өзі сатады;

2) коммерциялық өндіріс (коммерциялық кәсіпкерлік). Бұл жағдайда кәсіпкер саудагер ретінде қызмет етеді, өнім шыгарушыдан тауарды өз қаражатына сатып алады да, сауда пайдасын түсірумен ол тауарды қайтадан сатады;

3) каржылық кәсіпкерлік – кәсіпкер ақша қаражаттарын немесе бағалы қағаздарды сатып, пайыз немесе дивиденттерге ие болады;

4) делдалдық кәсіпкерлік – кәсіпкер өнімді шыгармайды және сатып та алмайды, делдал қызметтін атқарады, өндіруші мен сатып алушыны кездестіртпі, олардың берген тапсырмаларын, олардың қаражат есебінен орындауды (брокер, риэлтер);

5) сактандыру кәсіпкерлігі – кәсіпкер белгілі төлем үшін мүлікті сактандыруға кепілдік береді, келтірілген зиянның орнын толтырады.

5.2 Кәсіпкерлік серіктестіктің нысандары

Кәсіпкерлік қызмет барысында кәсіпкерлік делдалдылықтың белгілі түрлерін ажыратады: Өндірістік саладагы серіктестік

а) бірлескен кәсіпорындар (БК) – құру қоры бірнеше кәсіпкердің, олардың біреуі шетел (жеке немесе занды) тұлғасы болып табылатын, үлес жарналарынан құрылған кәсіпорындар. БК қызметі шетел инвестициялар туралы Заңмен реттеледі. БК құруды жоспарлаган кезде кәсіпкер БК бағытын анықтап, серіктесті табу, мақсатары жөнінде келісім шартқа қол қою. Бұл келісім шартқа мәмілеге қатысуышылар қол қояды, қызметтерінің негізгі бағыттарын көрсетеді.

Түсітін пайдадағы шетел серіктестің үлесін алу нысандарын белгілеу қажет. Оның бірнеше тұлғасы болуы мүмкін:

- пайда үлесін теңгемен алу, бұл жағдайда үлес алудың басқа түрлеріне жол берілмейді және шетелдік серіктестің отандық шикі зат пен материалдар алуға қызығушылығы бар;

- үлес мөлшерін тауар түрінде алу және шетелге шығарып сату, одан пайданы шетел валютасымен алу;

- тауарды халықаралық нарықта сату арқылы пайданы шетел валютасымен алу.

Жарғылық капиталдағы үлестерді белгілеу тәртібі анықталады. Шетел серіктесі өз үлесін жаңа технологиялармен және валюталық

салынымдармен косу мүмкін. Қазақстандық серіктес – ғимараттың, құрылыштың қалдықтың құнымен, интеллектуалды жеке меншіктің ақшалай бағалану құнымен, жер телімдерімен (жер телімі БК жеке меншігіне берілмейді, тек жалға берілуі мүмкін екендігін ескерген жөн). Занда көрсетілген жағдайда БК құрылтайшысы болуға құқықты алу қажет. БК құрар алдында тіркеуге міндетті барлық құжаттарды толтыру қажет. Азаматтық Кодекске сәйкес БК тәрізді ұйымдық-құқықтың нысаны жок, сондықтан оны Кодексте көрсетілген нысандардың біріне келтіру қажет. Егер шетел серіктестігі бір жыл аралығында өзінің үлесін қоспаса, БК қалыптаспаған болып есептеледі. Шетел серіктес өз үлесінің бір бөлігіні ғана қосқан жағдайда, қосу мерзімінің аяқталуына байланысты қалған бөлігі басқа серіктеске сатылуы мүмкін. БК-те таластар Стокгольм немесе Венадагы халықаралық арбитражбен шешіледі. 2005 жылдың басына Қазақстанда біріккен кәсіпорындар 128 елдің серіктестерімен құрылған болатын. Қазақстан экономикасына құйылған инвестициялардың жалпы көлемі 4 миллиард доллар құрды. Осы мерзімге Қазақстан Республикасында 1330 біріккен кәсіпорындар тіркелген болатын, олардың 988 – қызмет ететін. БК жарғылық капиталдарындағы шетел капиталдарының үлесі 58,7 %, ал БК-мен көрсетілген қызмет пен жұмыстар көлемі 12,9 триллион теңге құрды. БК-дың ең көп тараған саласы – сауда және қоғамдық тамактандыру салалары;

б) өндірістік коопeração. Қазақстанда коопeração өте киын және қарама қайшылық жағдайда дамыды. Коопeração дамуының жаңа кезеңі Азаматтық кодекстің қабылдануымен басталды;

в) лизинг. Лизинг кәсіпкерлік серіктестіктердің өте маңызды және кеңінен тараған түрі. Лизинг – бұл лизинг фирмасымен сатып алынатын, оның меншігінде қалатын, бірақ кәсіпкерге жалға берілетін жылжымалы және жылжымайтын мулікті орналастыру жөніндегі операциялар.

Лизингтің бірнеше түрі бар:

1) жартылай төлеу лизингі, яғни мәміле құрал-жабдықтың пайдалануға жарамды мерзіміне қарағанда қысқа мерзімге жасалады. Амортизациялық мерзім ішінде құрал-жабдық толығымен тозбайды, сондықтан екінші рет жалға берілуі мүмкін. Бұл лизингтің түріне оперативтік лизинг жатады, яғни, лизинг фирмасы белгілі құрал-жабдықты жедел түрде жөндеп отыру міндеттін өзіне алады (негізінде бұл фирма құрал-жабдықтың осы түрімен көптен айналысады және арнайы мамандары бар);

2) толығымен төлеу лизингі, яғни мәміле құрал-жабдықты толығымен пайдалану мерзіміне жасалады. Белгілі мерзімде жалға беруші жалға берген құрал-жабдықтың толық құнын алады. Лизингтің бұл түріне бөлек лизинг жатады: лизинг фирмасы операциялардың бір бөлшегін ғана қаржыландырады, қалғанын банк қаржыландырады;

3) қайтару лизингі – құрал-жабдықты шыгарушы оны лизинг фирмасына сатады, содан кейін оны қайтадан жалға алады.

Лизинг кәсіпкерге келесі жағдайларда пайдалы:

- осы құрал-жабдық уақытша қажет;
- кәсіпкерлік қызметтің негізгі бағытына жатпайтын құрал-жабдықты қажеттілік пайда болады;
- капиталды басқа мақсаттарда пайдалану қажеттілігі пайда болады;
- фирмаға құрделі, көпсалалы, жаңа құрал-жабдық қажет, бұл жағдайда онда қызмет етуді лизинг фирмасына тапсырған жөн;
- белгісіз фирмалардың құрал-жабдықтарын пайдалану қажеттілігі бар;
- құрал-жабдықты жалға алу арзан, тез және тиімді болған жағдайда;

г) траст компаниялары. Траст компаниялары – әр түрлі қызмет көрсететін компаниялар. Олар мұраға қатысты орындаушылар немесе әкімшілер ретінде қызмет ете алады;

д) франчайзинг. Өндіріс саласындаға кәсіпкерлік серіктестіктің келесі түрі – франчайзинг. Франчайзинг – бұлрынкта беделі бар белгілі фирмалық кішігірім, белгісіз, немесе жаңадан құрылған фирмада өз маркасын кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға мүмкіндік беру. Өз маркасын берумен қатар технологиялар мен жаңалықтарға белгілі құқықтарды беру де тәжірибеге енгізілуде. Серіктестіктің бұл түрі үлкен және шағын бизнестің ерекшеліктері мен тиімділігін біріктіргендіктен қалыптасты. Франчайзинг айналымының көлемі АҚШ-да жылына 50 миллиардтан асады. Қазіргі бизнесте франчайзингтің қандай түрлері дамыған?

- 1) өз өнімін танымал фирмалық маркасымен сату;
 - 2) танымал фирмалық өнімін өз сауда жүйесі арқылы сату;
 - 3) өз өнімін танымал фирмалық технологиясы мен маркетингін пайдалану арқылы шыгару және сату;
 - 4) авторлық құқықты кәсіпкерлік мақсатқа пайдалану.
- Өз маркасын берген фирмада франчайзинг қандай артықшылық әкеледі?
- 1) ұсақ фирмалық тауарын сатудан пайзырық төлемдер арқылы өз табысын өсіру мүмкіндігі;

- 2) сауда шығындарын үнемдеу арқылы;
- 3) ұсақ фирмалардың тауарларын сату тиімділігі арқылы.

Ірі фирма үшін франчайзингтің қолайсыздығы:

- маркасының беделін түсіру мүмкіндігі;
- алдын ала несие беру қажеттілігі;
- бақылаушылар штатын ұстаяу қажеттілігіне байланысты шығындар.

Ұсақ фирмаларға франчайзингтің тиімділігі:

- 1) тауарларды сату кепілдігі;
- 2) ірі фирмалардың көмегі, сату процесін басқару;
- 3) әрбір пайда болған түсініксіздік бойынша ірі фирмадан нұсқау алу мүмкіндігі;

4) ғот маркетингі – ірі фирма үлкен жарнама акциясын өз есебінен өткізеді;

5) ірі фирмалардың қаржылай көмегі.

Шагын бизнес те франчайзингті пайдалануда біраз қыыншылықтар көреді:

- франчайзинг қызметінің нәтижесіне қарамастан тускен пайдадан пайыз төлеу қажеттілігі;

- ірі фирмадаға тоғызымен мұқтаждығы, өз қызметін реттеу;
- барлық сот таластарында алдын ала болжамданған ұтылу.

Осымен, франчайзингті пайдаланудың екі жаққа тиімділігі де қолайсыздығы да бар. Дегенмен, көптеген ірі компаниялар үшін франчайзинг пайдалау өте тиімді. Тұтынушыларға қажетті тауарларды өндіретін ірі фирмалардың еш қайсысы жеке саударгерлердің арқасында қалыптасадын сату жүйесін құра алмайды. Ресей ғалымы, «ФАРН» Құқықтық сервисі» заң фирмасының бас директоры, экономика ғылымдарының кандидаты И. В. Рыкова франчайзингтің алты сипаттамасын береді:

1) франчайзинг – бұл Сіздің өз бизнесініз бар, бірақ Сіз барлық тәуекел мен қыыншылықтарға қарсы жалғыз боласыз деген сөз. Франчайзи өз ақшасын франчайзинг қызметіне салуға келісім бергенде де ол бизнесің тәуелсіз иесі болып қала береді. Бұл тәуелсіздік оны бұл жұмыстан ешкім шығара алмайтындығына кепілдік береді. Франчайзи франчайзордан білікті көмек алады. Бұл көмек оған басқа кәсіпкерлердің жіберетін кателерді жібермеуге мүмкіндік береді. Франчайзор франчайзиге дұрыс шешім кабылдауға көмек көрсетеді;

2) франчайзинг – бұл бизнесі тез арада және тиімді бастау. Франчайзинг жүйесі арқылы франчайзи өз кәсіпорнын дұрыс орналастыру, оның дұрыс қызмет етуіне көз жеткізуге мүмкіндік

беретін ақпаратқа қол жеткізеді. Франчайзи бастапқы кезде пайда болатын қыншылықтардан корықпайды, өйткені оның франчайзоры бар;

3) франчайзинг франчайзиге өз бизнесін бастар алдында көмек көрсетеді. Франчайзидің бизнес мектебіндегі окуға немесе үл салада жылдар бойы жұмыс істеуге уақытын көтірмей жана бизнестің маманы болу мүмкіндігі бар. Үл білім мен ақпарат франчайзор барлық франчайзи мен негізгі қызметшілерге баратын арнайы оқыту бағдарламалар мен басқару жүйесінің дамуы жөніндегі бағдарламалардан келеді. Бизнестерін ашар алдында франчайзор мен франчайзи өзара жұмыс істеу қажет. Бизнестері жақсы даму үшін олар франчайзи дағдыларын қалыптастыру бойынша бірігіп, көп жұмыс жасау қажет;

4) франчайзинг үнемі қолдау дегенді білдіреді. Франчайзинг бизнесін ашқаннан кейін франчайзи бизнес пен маркетинг жүргізуін қунделікті мәселелері бойынша франчайзордан кәсіби көмек алып отырады. Қыншылықтар кездескен жағдайда олар берілген барлық әдістемелер мен материалдарды тексеру қажет. Бірақ спецификалық мәселелер де пайда болу мүмкін. Үл жағдайда франчайзи франчайзордан көмек үрай мүмкін. Франчайзи мен франчайзор арасында осындағы байланыс болғандықтан франчайзи мәселелері франчайзордың көмегімен шешілуі мүмкін. Тәуелсіз кәсіпкер өз ісін бастаған жағдайда ол кездесетін қыншылықтарды өзі шешіп, кателіктер жіберу мүмкін;

5) франчайзинг франчайзордың беделі мен тауар маркасын пайдалануға мүмкіндік береді. Франчайзинг келісім шартқа қол койған кезде франчайзи франчайзордан сауда белгісін пайдалану құқығын алады. Осы франшиза жүйесінде жұмыс істейтін франчайзи ғана франчайзордың тауар белгісін пайдалану құқығына ие болады. Сондықтан, егер Сіз Mc Donald s франшизасына ие болсаңыз, Сіз осы фирманның атын пайдалану құқығына ие болдыңыз. Сіз мейрамхана ашқан кезде барлығы қызметіздің жоғары дәрежелі болуына барлығы сенеді. Ал тәуелсіз кәсіпкер өз ісін бастаған кезде сатумен катар өз беделін көтеру, фирмасының белгісін қалыптастыруды ойлау қажет. Ал франчайзи франшизаны сатып алғанда өзіне абырой да астып алады;

6) франчайзинг бизнес жүргізуін нақты аймақтық шекараларын белгілейді. Франчайзор франчайзидің бизнесін жүргізу аймағын белгілейді. Үл аймақтың шекарасы франчайзинг келісім шартында көрсетілген. Франчайзи өз бизнесін осы аймақта дамыта алады. Үл осы франшизаға ие болған басқа фирмалармен бәсекелестіктен

корғайды. Жеке кәсіпкер қай аймақта бәсекелестік көп екендігін білмейді, сондықтан оның аймағы бәсекелестікке ашық қалады.

е) концессия – шетел кәсіпкер мен осы органның меншігіндеге шаруашылық объектілерді жалға алу туралы мемлекеттік немесе муниципалды органның арасындағы серіктестік. Концессия объектілеріне негізінен кең орындары, орман, өзен, көл, зауыттар, т.б. жатады. Негізінен концессия – бұл ресурстарды шетел серіктестіктің көмегімен тиімді пайдалану мақсатындағы ұзак мерзімді жалға алу. Бұл серіктестіктен шетел кәсіпкердің алатын пайdasы анық: коммерциялық табыс. Мемлекеттік және муниципалды органдар еki мақсатты қөздейді:

1) игеру, тиісті отандық технологиялар болмаған жағдайда тиісті өндіріс формаларын үйімдастыру;

2) шетел технологияларын пайдалану есебінен шығындарды қыскарту және табыс алу.

Концессиядағы тараптар арасындағы қатынастар концессия келісім шартымен реттеледі;

ж) оффсеттік мәміле – тауармен және қызметтермен алмасу, сонымен қатар белгілі қызмет үшін өз капиталын пайдалы іске салу мүмкіндігі;

з) коммерциялық серіктестіктің бір түрі – коммерциялық трангуляция. Бірінші кәсіпкер тауарды екінші кәсіпкерге жеткізіп береді, екінші кәсіпкер өз тауарын үшінші кәсіпкерге жеткізіп береді. Оның есесіне үшінші кәсіпкер өз тауарын бірінші кәсіпкерге жеткізіп береді. Осылай үш мәрте мәміле жасалады;

и) технологиялар трансферті. Кәсіпкерлік серіктестіктің тиімді түрлерінің бірі – трансфертті технология. Оның мақсаты – гылым мен өндірістің тығыз байланысы. Транферт технологиясы ғылыми зерттеулердің «коммерциялауымен», олардың нәтижелерінің тәжірибеге тез арада және тиімді енгізуі қамтамасыз етумен, оларды Қазақстан Республикасында өндірістік фирмалармен шығарылатын бүтінгі күннің сұранысына жататын және болашакта қажетті өнімдерге негізумен байланысты.

Трансферттік технология құрамына ғылыми-білім беру кешенінің кәсіпорындары, ғылыми зерттеуші және конструкциялық-технологиялық мекемелер жатады. Трансферттік технологияның дамуы университеттерге, зерттеу институттарына өз қызметтерінің нәтижесін сатып, ғылыми қызметшілерді көтермелуе үшін, одан әрі даму үшін қажетті қарожат табуға мүмкіндік береді, олардың материалдық-техникалық базаларының нығаюына ғылыми зерттеулердің деңгейінің өсуіне ықпал етеді, ғылыми жұмыстардың

нәтижелерін іс жүзіне зерттеуге, кемшіліктерді жедел түрде жоюға, іспен айналысатын мамандармен тығыз байланыста жұмыс жасауға, олардың талаптарын нактылауға, рынок конъюнктурасын анықтауға мүмкіндік береді. Трансферті технологияларды пайдалану өндірісітк фирмаларға жаңа технологиялар негізінде бәсекеге қабілетті өні шығаруға, ғылыми зерттеулерге қатысуға, ғалымдармен бірлесіп жұмыс істеуғе, олардан кенес алуға мүмкіндік береді.

Трансфертік технологияның негізгі бағыттары:

- университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының компаниялардың тапсырысы бойынша техника мен технологиялардың жаңа үлгілерін шығаруға бағытталған зерттеулер жүргізу;
- университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызмет пен компанияларға жаңа технологияларды іс жүзіне асыру мақсатында беру арқылы инновациялық фирмалармен жұмыс жасау;
- жаңа өнім, жаңа технологиялар өндірі процестер бойынша маркетинг кеңестері;
- университеттер немесе басқа жоғары оку орындары арқылы нақты ғылыми өндірістер үшін жоғары білімді мамандарды даярлау, жоғары технологиялық фирмалар қызметкерлері, менеджерлер, маркетинг бойынша мамандар үшін семинарларды ұйымдастыру.

Сонымен технологиялар трансферті (ТТ) инновациялық процесті іске асырудың маңызды құралы, технологияларды коммерцияландыру инструменті болып табылады. Ол акппараттық арналарды пайдалану арқылы технологиялардың бір немесе бірнеше иелеріне екінші субъектіге жетуі. Яғни нарық талабына сай, бәсекеге қабілетті өнім шығаруды ұйымдастыру мақсатында жаңа ақпаратты беру (сату, айырбастау) процесі.

Технологиялар трансферті біраз кезеңдерден тұрады:

- 1) технологияларды сканирелу (көшіріп алу) және мониторингін (жинақтау, талдау) жүргізу;
- 2) ұйымдастырудагы ақпарат арналарын белсендету;
- 3) тауарды өткізурын және жаңа өнімді игерудің техникалық мүмкіндіктерін талдау;
- 4) жобаны қаржылық талдау;
- 5) инновациялық технологиялардың құндылығын бағалау;
- 6) трансфертік технологияны айырбастау әдісін таңдау;
- 7) трансфертік технологияны өндіріске енгізу.

ТТ жүйесін қалыптастырудың соңғы кезеңі – вертуалды бизнес инкубаторын ұйымдастыру (инновациялық жобалар деректерінің корынан ақпарат бередін электрондық дүкен);

к) аутсотсинг – қосалқы қызметті сыртқы үйымдарға тапсыру. Аутсорсинг енбекті бөлу тұжырымдамасының негізінде алынған принциптердің дамуы. Үйымның қызметінде белгілі қызметтің қажеттілігі ол қызметті үйымның ішінде орындалуын талап етпейді. Қызметтердің бір бөлігі сыртқы орындаушыларға берілуі мүмкін. Мысалы, жарнама немесе кадр агенттері. Белгілі қосалқы қызметтерді кәсібім білікті мамандарда тапсыру өз кәсіпроныңдың ішінен арнағы құрылым ашудан гөр тиімді;

л) субконтрактинг (қосалқы келісімшарт) – шағын кәсіпорындарға тауарларын ірі кәсіпорындарға жеткізу үшін келесі шарттарда көмек көрсету:

- тапсырыс беруші қосалқы мердігерге шикі зат пен техникалық құжаттаманы береді;

- қосалқы мердігер өз шикі затын пайдаланумен тапсырыс берушінің қызметіне сай өндіріс операцияларын жүргізеді;

- қосалқы мердігер өнімді жобалауна катысады;

- қосалқы мердігер өнімді әзірлейді және шығарады.

Жаңа сапалы негізе кез келген технопарк жүргізе алатын «импорт айрыпбастау» схемасына қосымша кластерлерде құрылымдар калыптастыруға қатысу және қосалқы мердігерлік және шетелде орналасқан компаниялармен франчайзинг келісім шарт құру негіздерінеде шағын кәсіпорындар топтарын калыптастыру мүмкіндігі бар. Шағын кәсіпорындар бұл істі жасай алмайды. Тауарды пайдаланудың кез келген кезеңінде субконтрактингтің артықшылығы бар. Алғашкы тауарды мердігердің есебінен шығаруға болады. Өндірістің нағыз дамыған кезінде субконтрактинг артық өнім шығаруға мүмкіндік бермейді. Өндіріс баяулаған кезде тапсырыс беруші жаңа өнім әзірлеуге мүмкіндігі бар. Субконтрактингті Қазақстан Республикасының кез келген аймагында іске асыру отандық тауар шығарушылардың бәсекеге қабілеттіліген көтеруге мүмкіндік береді;

м) қаржылай серіктестік түрлері. Қаржылай серіктестіктің келесі түрлері бар:

1) қаржы-несиелеу саласындағы серіктестік;

2) қорлар рыногындағы серіктестік;

3) факторинг;

4) коммерциялық трансферт.

Факторингтің негізі – егер фирма таур өндірсе, онын тауар алушылардың алдында міндеттері бар – дебиторлық берешек. Берешек бойынша ақшаны қайтарылуын күтпес үшін бұл міндеттер факторинг фирмасына сатылуы мүмкін. Факторинг – тауар жеткізуши

менфакторинг- фирмасының арасында пайда болатын сатып алушылардың берешек міндеттерін сату-сатып алу.

Факторинг мәмілесінде үш жақ қатысады:

1) факторинг-фирма – шот-фактураалар мен берешек міндеттерді сатып алатын арналық кәсіпорын;

2) клиент – тауар жеткізуі, борышкерді несиелендіруші;

3) борышкер.

Клиенттен тапсырыс алғаннан кейін факторинг-фирма ұсыныс әзірлейді. Ең алдымен ол клиентпен жақын танысады, соңғы екі-үш жылдағы балансын, техникалық және бухгалтерлік есептерін, өнімін, бәсекеге қабілеттілігін, сұраныс. Содан кейін борышкермен танысады. Оның активтер пен пассивтер, мүмкіндіктері. Содан кейін факторинг келісім шарт жасалады.

Факторинг қызметтері екі түрде көрсетіледі:

1) қаржыландырусыз. Факторинг-фирмаға есептерін тапсырған клиент осы есептердің акшасын төлеу мерзімі келгенде алады. Бұл кезде факторинг-фирма клиенттен борышкердің есептерін жүргізгені үшін және фирманның өзіне алатын тәуекелі үшін комиссиялық төлем алады. Комиссиялық төлем мөлшері есептер үлесінің 1,5-3 % құрайды.

2) қаржыландырумен – факторинг-фирма клиентке берілген есеп-фактуралырының 70-80 % төлейді, яғни несие береді. Қалған 20-30 % клиентке борышкер есеп-фактуралырды толығымен төлеп болған соң беріледі. Бұл 20-30 % факторинг-фирма үшін клиенттің тауарды жеткізбеген немесе сапасыз тауардың қайтарылу жағдайы болған кезде кепілдік болады. Сонымен факторинг-фирма алады:

- комиссиялық төлемдер;

- аванс төленген капитал үшін пайызын (берілген несие үшін) – дамыға елдерде коммерциялық несие мөлшерінің 1-2 %.

Пайыз несие берілген күннен оны толығымен өтеген күнге дейін есептеледі. Сонымен қатар, факторинг-фирма табыстарын ай сайын есептеп отырады: өтеген және өтелмеген есеп-фактураларды есептеп отырады. Өтелмеген есеп-фактураларға есеп жазылады да, клиенте жіберіледі. Факторинг кәсіпкерге қандай артықшылық әкеледі?

1) дебитор берешегін өтімділік ресурстарына айналдыру мүмкіндігі;

2) кәсіпкер өтегендейтін төлемдер тәуекелінен босатылады;

3) борышкердің есептерін жүргізу мен қадағалауға жұмсалатын қаржатты үнемдеу. Клиент факторинг-firmасынан жаңа ақпарат алады.

6. Кәсіпкерлік қызметтің басталуы

Кәсіпкерлік субъектілерін құру және тіркеу. Кәсіпкерлік субъектілеріне жатады:

- 1) занды тұлға құрамайтын жеке адамдар, яғни жеке кәсіпкерлер;
- 2) занды тұлғалар (төменде көрсетілгендер ғана):
 - тоłyқ серіктестік;
 - коммандиттік серіктестік;
 - жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
 - қосымша жауапкершілікті серіктестік;
 - акционерлік қоғам;
 - өндірістік кооператив.

Кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай кәсіпкерлік қызметтің ке келген түрлерімен айналысады. Кәсіпкерлік субъектілерді құру және тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған қағидалар негізінде жүргізіледі. Ең маңыздысы кәсіпкер тіркеуден өтіп, тұрғылықты жері бойынша салық органында тіркеуге тұру қажет (тіркеу органында). Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеу және занды тұлғаны мемлекеттік тіркеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеуден өткізу тәртібі.

6.1 Жеке кәсіпкерлік

Мемлекеттік міндетті тіркеуден тұрақты тұрде жалдау енбегін пайдаланатын және кәсіпкерлік қызметтен жеке тұлғаларға белгіленген жиынтық жылдық табысының салық салынбайтын мөлшерден асатын жылдық пайда табатын жеке кәсіпкерлер:

- мемлекеттік тіркеуден біркүндік талондар бойынша жүргізілетін және мерзімдік түрді жасалатын, яғни жалпы алғанда кәсіпкерлік қызметі жылына 90 күннен аспайтын кәсіпкерлерден басқа барлық жеке кәсіпкерлер өтуі тиіс;
- мемлекеттік тіркеу процедурасына жеке кәсіпкер ретінде тіркеуге тұру және мемлекеттік тіркеу туралы күәлік алудан тұрады;
- мемлекеттік тіркеу қажетті құжаттардың барлығы тапсырылған күні жүргізіледі;
- салық органына тапсырылатын құжаттар:
 - а) аты-жөні, тұған орны мен күні, төлкүжат немесе жеке күәлік деректері, тұрғылықты орны, кәсіпорны болған жағдайда, оның орналасқан жері көрсетілген белгіленген нысандагы өтініш (яғни арнайы бланк толтырылады);

ә) жеке кәсіпкерлікті тіркеу үшін алынатын төлем (4АЕК = $4 \times 1036 = 4144$ теңге көлеміндегі қаржат банкте ақшалай немесе ақшасыз есеп айрысу арқылы төленеді) туралы тұбіртек (төлем тапсырмасы); мемлекеттік тіркеу үшін алынатын төлемнен шаруа қожалықтары, I, II, III топ мүгедектері, Қазақстан Республикасының азаматығын алған уақытқа дейін оралмандар босатылады:

- біріккен кісіпкерлік тіркелген жағдайда өтінішті кәсіпкердің әр қайсысы береді және куәлікте кәсіпкерліктің барлық мүшелері атап көрсетіледі;

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мерзімі шектелмейді, жеке кәсіпкерлерді тіркеу туралы мәліметтерді алуға шектеу қойылмайды;

- жеке кәсіпкерлікті тіркеу, куәлік беру және деректердің Мемлекеттік регистрге кіргізу уақытынан тіркеуге алу аяқталды дең есептеледі. кәсіпкерлердің өз қызметтеріне кірісү құқықтары бар (қызмет лицензиялауды қажет ететін жағдайда лицензия алу керек).

Куәлік күжаттар тапсырылғаннан кейін екі күн ішінде шектелмеген мерзімге беріледі, егер өтініште басқа мерзім көрсетілмесе. Куәлік ажыратылмайтын қатаң есеп беру бланкі болып табылады, оны басқа тұлғаларға беруге тыыйым салынады. Куәліктің көшірмелері (ксерокөшірмелер, фотокөшірмелер) кәсіпкерлік қызметті атқаруға рұқсат беретін құжат болып есептелмейді және кәсіпкерден сол жерде алынады.

Өтініште көрсетілген деректер (кәсіпкерлік қызмет субъектісінің орналасу жері, СНК, т.б.) өзгерген жағдайда кәсіпкер қайта тіркеуден өтіп, жаңа куәлік алуы тиіс. Кәсіпкерлік қызметті тоқтатқан немесе куәлік жарамдығы мерзімінің аяқталуы, сонымен қатар басқа елді мекенге (қала, облыс) көшкен жағдайда куәлік оны берген салқ органына тапсырылуы тиіс.

Жеке еңбек қызметі заңды тұлға қалыптастырылмай оның мемлекеттік тіркеуге алынған сәтінен басталады. Заңды тұлға қалыптастырылмай жүргізілетін жеке кәсіпкерлікке жеке тұлға қызметтерін реттейтін заңнамалар қолданылады. Заңнама бұзылған жағдайда тіркелген заңды тұлғага қандай шара қолданылса, тіркеусіз жүргізілген жеке кәсіпкерлік қызметке де сондай шаралар қолданылады. Жеке кәсіпкер өз міндеттері үшін заңмен белгіленген: жалға және қарызға (кепілдікке тапсырылған) алынған мүліктен басқа, өзінің барлық мүлкімен жауап береді. Жеке кәсіпкер заңга сәйкес банкрот болып есептелуі мүмкін; дәрменсіз болған жағдайда жеке кәсіпкер заңмен белгіленген тәртіп бойынша өзінің мүлігімен кредиторлардың барлық Заңды тұлға қалыптастырылмай жүргізілетін жеке кәсіпкерлікке талаптарын өтейді, атап айтқанда:

- 1) кәсіпкерлік қызмет нәтижесінде деңсаулығына зиян келтірлген қызметкерлердің талаптары;
- 2) келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін еңбек ақысын төлеу. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру;
- 3) мемлекет алдындағы борыштарын етеу;
- 4) басқа талаптарды қанағаттандыру (банкрот болып жарияланғаннан кейін екі ай ішінде берілген).

Төрелік басқарушының талаптары кезектен тыс қанағаттандырылады, кәсіпкер иесінің талаптары соңғы кезекте қанағаттандырылады. Жеке кәсіпкерліктің маңызды артықшылықтары бар:

- белгілі істі жақсы кәсіби білімдері бар маманға өзін кажетті еңбек ақысымен және қызметке орналасу мәселесін шешуге мүмкіндік береді;

- оны тіркеу онай және арзан;
- оның қызметіне мемлекеттің араласуы аз;
- ол көп күжаттар мен бухгалтерияны қажет етпейді;
- ол икемді және тез арада шешім қабылдау мүмкіндігін береді.

Кәсіпкерлік қызметтің бұл түрінің кемшиліктері:

- шаруашылық субъектінің оны қалыптастырыған жеке тұлғанын өмірімен шектеулі (мұрагерлеріне барлығын қайта бастауға тұра келеді);

- бизнес көлемі шектеулі болғандықтан бастапқы капитал жинау қынға түседі;

- «ресми» бизнестегілер бұл іске өз капиталдарын салудан бастарады;

- берешек болып қалған жағдайда Сіздің жеке меншігіңіз қауіп-кäterде болады.

Кәсіпкерліктің барлық функцияларын атқару қын, демалыс күндері, еңбекке уақытша жарамсыздық парактарының мәселелері. Жеке кәсіпкерлік бір тұлғаның қызметін ретінде бизнестің бастапқы кезені ретінде карастырылады. Тауарларды алғып сатумен бір адам айналысқан жағдайда сенімді бизнес құру өте қын. Ал бастапқы капитал жинаған кезде кәсіпкер занды тұлғаның құқықтарына ие болумен ірі іспен айналысуға құқығы бар.

6.2 Занды тұлғаны қалыптастыру арқылы жүргізілетін кәсіпкерлік қызмет. Коммерциялық үйымдар

Кез келген занды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен соң гана құрылды деп есептеледі. Бұл тіркеу КР Әділет министрлігінде немесе оның аймақтық органдарында, яғни облыстық әділет басқармасында

жүргізіледі. Мемлекеттік тіркеу процедурасы меншік нысанына, қатысушылар санына, қызмет түріне қарамастан барлық заңды тұлғаларға міндетті болып табылады. Ал мемлекеттік тіркеу тәртібінің екі түрі бар: а) барлық заңды тұлғалар үшін бекітілген мемлекеттік тіркеудің жалпы тәртібі; б) шагын қасіпкерлік субъектілеріне белгіленген женілдетілген мемлекеттік тіркеу тәртібі.

Заңды ғұлғаларды тіркеудің женілдетілген тәртібіне тоқталайық:

- мемлекеттік тіркеу туралы құжаттар пакеті облыстық әділет басқармасына тапсырылады;

- мемлекеттік тіркеу фактісі ол туралы күәлікпен расталады;

- тіркеу органына ұсынуға жататын құжаттар:

а) белгіленген нысандағы өтініш (арнайы бланк толтырылады);

ә) құрылтайшылық құжаттар: жарғы (бір құрылтайшысы бар заңды тұлға үшін), жарғы және құрылтайшылық келісім-шарт (екі және одан көп құрылтайшылары бар заңды тұлғалар үшін);

б) мемлекеттік тіркеу үшін төлем туралы тұбіртек (ақшалай төлеу жағдайында) немесе төлемдік тапсырма (акшасыз төлеу жағдайында); төлем жиынтығы 5АЕК ($5*2269=11345$ теңге) құрайды;

в) құралтайшылардың заңды тұлғаны құру туралы шешімі (құрылтайшылар саны екі немесе одан да көп болған жағдайда), оның құжаты-заңды тұлғага қатысушылар жиналышының хаттамасы немесе одан үзінді;

- тіркеу 3 жұмыс күні аралығында жасалады;

- қалаган жағдайда шагын қасіпкерлік субъектілері ҚР Үкіметімен бекітілген Тұрпатты жарғыны пайдалана алады, бірақ бұл жағдайда заңды тұлғаның құрылтайшылары Тұрпатты жарғының барлық шарттарымен келісу қажет.

Тіркеу органы заңды тұлғаны тіркеуден бас тартатын жағдайлар да болады. Оған келесі себептер негіз болады:

- құжаттардың ресімделуі белгіленген талаптарға сәйкес келмейді;

- жарғы немес құрылтайшылық келісім-шарт мәтінінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қарам-қайшы келеді;

- құрылтайшылық құжаттарда қателер жіберілген, мысалы, орыс тіліндегі нұсқасы мемлекеттік тілдегі нұсқасына сәйкес келмейді;

- мемлекеттік тіркеу салығы төленбеген немесе жартылай төленген.

Заңды тұлғалардың құрылтайшылық құжаттарына қойылатын талаптар:

- жарғы және келісім-шарт міндетті түрде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай ресімделеді, яғни

бұл құжаттардың мәтіндерінде қолданыстағы нормативтік актілер нормаларына қарама қайшылық болмау керек;

- жарғы және келісім-шарт екі тілде әзірленеді: мемлекеттік және орыс тілінде (тілді білу деңгейні қарамастан), қазақ және орыс тіліндегі нұсқалар бір біріне сай болу қажет;

- құрылтайшылық құжаттар нотариуспен бекітілуі гиіс, бекітілудің дұрыс тәртібін нотариус қамтамасызы етеді;

- құрылтайшылық құжаттар мәтінінде өзгертулер, қалам жазылған толықтырулар болмау керек, компьютерде терген кезде мәтінді өзгертуге болмайды;

Даналар саны – жарғының екі тілдегі екі данасы және құрылтайшылық келісім-шарттың екі тілдегі екі данасы (жарғының екі данасы мемлекеттік тілде 2 данасы, орыс тілінде 2 данасы, құрылтайшылық келісім-шарттың мемлекеттік тілде 2 данасы, орыс тілінде 2 данасы, сонымен: 8 дана).

Нұсқаулар:

Құрылтайшылық құжаттардың дана санын 5 жасаған дұрыс. Неге? Бұл 5 дана келесіге жүмсалады:

- 2 данасы – әділет басқармасына тапсырылады, оның 1 данасы мұрағатта қалады, 1 данасы қайтарылады;

- 1 данасы салық органына СТН алу үшін тапсырылады, ол қайтарылмайды;

- 1 данасы банкке, есеп шот ашу үшін тапсырылады, ол қайтарылмайды.

Сонымен: құрылтайшылық құжаттардың 3 данасы әр түрлі органдарға тапсырылды, қалғаны 2 дана, олар статистикалық есепке тұру, мөрге тапсырыс беру, қызметті атқаруға лицензия алу, серіктестермен шаруашылық мәмілелер жасау барысында, т.с. пайдаланылады. Сонымен қатар, құжаттардың түпнұсқаларын (яғни, тіркеу органдының мөрлөрі басылған даналар) сейфте сактаған дұрыс, оларды қайта әзірлеу ақылы түрде жүргізіледі, сондықтан олардың жоғалуына жол бермеу керек.

Құрылтайшылық құжаттар данасының 5 болуы көп емес, тәжірибеде 6-7 дана даярлайды. Бұл қолайлы және үнемді. Жарғы мен құрылтайшылық келісім шарттың ксерокөшірмелерінің занды күші жоқ, сондықтан олармен жұмыс жүргізу өте кын. Ол құжаттардың кез келген көшірмесі нотариуспен расталуы қажет. Сондықтан қажетті даналар санын нотариусқа алғаш рет барған кезде жасап алған дұрыс, алғашкы куәландыру жеке тұлға тарапынан болғандықтан мемлекеттік баж құжат бірлігінен алынады, ал тіркелен занды тұлғаның құрылтайшылық құжаттарының көшірмелерін нотариалды

растай кезінде мемлекеттік баж әр параптан алынады. Соңдықтан осы мәселелердің бәрін алдын ала шешіп алу қажет.

Жарғы мен құрылтайшылық келісім шарт әзірлеумен кәсіпкерлердің өздері айналысқан жағдайда құрылтайшылық құжаттарды әзірлеумен айналысатын зангерге тексерту қажет. Нотариус құрылтайшылық құжаттардың мазмұны үшін жауапты емес, ол келесі үш мәселеге ғана жауапты:

1) жарғыға қол қоятын тұлғаның қолын қуәландырады (бұл аткаруыш директордың қолы-серіктестіктің директоры, кооператив тәрағасы);

2) келісім-шарттағы құрылтайшылардың колдарын қуәландырады (барлық колдар нотариустың қатысуымен қойылады);

3) құрылтайшылардың занды тұлғаны бірігін құргандары және қызметті белгілі шарттарда аткаралындары туралы келісу фактін қуәландырады. Құжаттың қанша беті нөмірленді және қаншасы тігілгендігі туралы тиісті жазулар жасау арқылы нотариус аталған фактілердің барлығын бекітеді. Сонымен, нотариус Сіздің құжаттарынызды оқымайды және мәтіннің заннамага сәйкестігін тексермейді. Соңынан тіркеу органында келіспеушіліктер анықталған жағдайда барлығын қайта бастап, нотариуспен қайта растау қажет болады. Ал нотариус жаңа жұмыс үшін ақысын талаң етеді. Соңдықтан ең алдымен құрылтайшылық құжаттардың мазмұнына қатан көңіл бөлу қажет.

Шагын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеудің женілдетілген түрі ретінде женілдіктер маңызын дұрыс түсіну үшін занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің өткізуіндің жалпы және женілдетілген түрі көрсетілген кесте беріледі, бұл шагын кәсіпкерлікке мемлекеттік колдау көрсетудің мазмұнын бағалауға мүмкіндік береді.

6.2-кесте – Занды тұлғаларды және шагын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеуден өткізуіндің түрлері

| Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізуіндің жалпы тәртібі | Шагын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеуден өткізуіндің женілдетілген тәртібі |
|---|---|
| 1 | 2 |
| тіркеу мерзімі- 15 жұмыс күн | тіркеу мерзімі- 3 жұмыс күні |
| тіркеу үшін төлем мөлшері-20 АЕК | тіркеу үшін төлем мөлшері -5 АЕК |
| тапсырылатын құжаттар: | |
| белгіленген нысандағы өтініш | белгіленген нысандағы өтініш |
| құрылтайшылық құжаттар (жарғы, құрылтайшылық келісім-шарт) | құрылтайшылық құжаттар (жарғы, құрылтайшылық келісім-шарт) |

6.2-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|--|--|
| жарғылық капитал немесе оның бір бөлігін камтамасыз ету туралы құжат | тіркеу үшін төлем туралы құжат |
| құрылтайшылардың заңды тұлға құру туралы шешімдері | құрылтайшылардың заңды тұлға құру туралы шешімдері |
| заңды тұлғаның орналасу орны туралы құжат | |
| тіркеу үшін төлем туралы құжат | |
| заңды тұлғаны түрі мен қызметіне байланысты басқа да құжаттар | |

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудың жөнілдетілген түрі КР Салық кодексімен қарастырылған арнайы салық салу режимін қолдануды көздейді.

7 Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары

7.1 Кәсіпкерлік қызмет

Кәсіпкерлік – бұл, меншік нысанына қарамастан өз атынан, өз жауапкершілігі бойынша тауарларға (жұмыстар, қызметтер) деген сұранысты қанаттандыру арқылы таза табыс алуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың ынталы қызметі.

7.1-кесте – Кәсіпкерлік түрлерінің қызметі

| Жеке меншіктік кәсіпкерлік | |
|---------------------------------|--|
| жеке кәсіпкерлік | заңды тұлғаны қалыптастырумен болатын кәсіпкерлік |
| дербес кәсіпкерлік | микробизнес субъектісі (10 жалдамалы жұмысшы) |
| бірлескен кәсіпкерлік | шагын кәсіпкерлік субъектісі (50 жалдамалы жұмысшыға дейін, активтердің жалпы бағасы 60 мың АЕК аспайды) |
| ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі | |
| отбасылық кәсіпкерлік | орта кәсінкерлік субъектісі (250 жалдамалы жұмысшыға дейін, жылдық активтер 325 АЕК дейін) |
| серіктестік нысанындағы | ірі бизнес субъектісі (250 ден асатын жалдамалы жұмысшы, жылдық активтер 325 мың АЕК асады) |

| Мемлекеттік кәсіпкерлік |
|--|
| шаруашылық қызмет жүргізу куқығындағы мемлекеттік кәсіпорын |

7.2-кесте – Кәсіпкерлік қызметтің сипаттары мен принциптері

| Сипаттары | Принциптері |
|--|--|
| - дербестік - мұліктік - ұйымдастырушылық | еркіндік. «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығы бар...» (КР Конституциясының 26 бабы) |
| тәуекел – табысты жұмыс жасауға мықты ынта | мемлекеттік және жеке меншіктің тенденстігі (КР Конституциясының 6 бабы) |
| жүйелі түрде табыс алу | іжадағатсыз бәсекелестікке тыйм салынады. Монополисттік қызмет зацмен реттеледі және шектеледі |
| тауарларды сатудан, жұмыстар мен қызметтерді атқарудан түсетін табыс | кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу -тікелей (екімшілік әдістермен) -жанамалы (экономикалық әдістермен) |
| кәсіпкер зацмен белгіленген тәртіппен тіркеледі | зандылық – колданыстағы зацнаманы қатаң сақтау |
| | кәсіпкерлер мен тұтынушылардың күкітариш корғай |

7.3-кесте – Шағын кәсіпкерліктің субъектілері

| Шағын кәсіпкерліктің субъектілері | |
|--|--|
| Занды тұлға қалыптастырмайтын жеке кәсіпкерліктер | <p>Келесі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы занды тұлғалар:</p> <ol style="list-style-type: none"> шаруашылық серіктестіктер: толық, командиттік; жауапкершілігі шектеулі; жауапкершілігі косымша; өндірістік кооператив |
| Микробизнес субъектілері – жұмысшылар саны 10 адамнан аспайды | <p>Олар келесі шарттарға сәйкес болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жұмысшылардың жылдық жалпы саны 50 адданан аспайды; - жалпы жылдық активтер құны 60000 АЕС аспайды, 1АЕС -1036 теңге |

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне есірткі заттардың, психотропты заттардың айналымымен байланысты ойын және шоубизнес қызметін атқаратын, акцизіз өнімдерді шыгарумен және сатумен айналысатын коммерциялық ұйымдар жатпайды.

7.4-кесте – Iрі және шағын кәсіпкерлік субъектілері

| Iрі және шағын кәсіпкерлік субъектілері | |
|---|---|
| орта | ірі |
| жеке және занды тұлғалар | занды тұлғалар |
| жұмысшылардың жылдық жалпы саны 250 адамнан аспайды | жұмысшылардың жылдық жалпы саны 250 адамнан аспайды |
| активтердің жалпы құны 325000 АЕС аспайды | активтердің жалпы құны 325000 АЕС аспайды |

7.5-кесте – Жеке меншік кәсіпкерлік

Жеке меншік кәсіпкерлік-табыс табуға бағытталған азаматтардың дербес қызметі, азаматтардың өз мүліктеріне негізделген, өздерінің аттарынан және өз мүліктік жауапкершілігімен атқарылатын

| | | |
|--|--|---|
| жеке кәсіпкерлік-бір азаматпен дербес атқарылады, меншік құқығында немесе мүлікті пайдалануға құқық беретін негізде оның иеленуіндегі мүліктің негізінде | бірлескен кәсіпкерлік-бір топ азаматтармен атқарылады, жалпы меншік құқықында немесе үлікті пайдалануға құқық беретін құқық беретін енгізіді олардың иеленуіндегі мүліктің негізінде | |
| ерлі-зайыптылардың кәсіпкерлігі – олардың ортақ меншігінің негізінде атқарылады | отбасылық кәсіпкерлік-шаруашылық қожалық не меншікке алынған мүлікке меншік негізінде | карапайым серіктестік – жалпы улестік меншік негізінде атқарылады |

7.6-кесте – Жеке меншік кәсіпкер болу жолдары

| | |
|---|--|
| <p>КР азамттары, басқа мемлекеттің азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар</p> <p>салық комитеті 2 күн аралығында жеке кәсіпкер куәләгән береді</p> | <p>тұратын жеріндегі салық комитетіне өтініш, оған қоса беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - фотосурет (3*4) -2 дана; - жеке күелігі; - жеке тұлғаның СТН; - гимаратты жалға алу келісімі; - тіркеу үшін төлем туралы түбіртек (4AEC*2269 =9076 |
| <ul style="list-style-type: none"> - мөр дайындаісыз; - банкте есеп шот ашасыз; - қажет болған жағдайда лицензия аласыз; - жұмысқа кірісесіз; - б айдан кейін кассалық аппарат орнатасыз | |

7.7-кесте – Шаруашылық қожалығын ұйымдастыру

жер теліміне құқығы бар азаматтар, КР кез келген азаматы

Шаруа қожалығын ұйымдастыру үшін жер телімін беру туралы өтпіш Өтінішке қоса беріледі:

- қызметтің қыскаша бағдарламасы;
- еңбек кітапшасынан көшірме;
- білімі туралы құжат;
- жиналыс хаттамасы.

Аудан әкімі 3 ай аралығында жер теліміне құқық беру туралы шешім шығарады

| | | |
|--|--|---|
| <p>7 күн аралығында өтініш берушіге жер телімін беруден бас тарту туралы шешім сот арқылы шағым берілмейді</p> | <p>ауыл шаруашылығында тәжірибелі бар және осы ауданда, калада тұрып датқан азаматтарға, сонымен қатар арнайы ауыл шаруашылық саласындағы білімі мен мамандығы бар азаматтарға арнайы жер қорындағы жер телімдерінен</p> | <p>ауыл шаруашылық ұйымның жер телімдерінен, жалпы алғанда</p> <p>көрсетілген жерде берілген жер телімдерінің шекарасы көрсетіледі</p> <p>жер пайдалану құқығын растайтын құжаттар дайындалады</p> <p>шаруа басшысы жеке кәсіпкердің күелігін, салық комитетінен СТН алады, мөр дайындаиды, банкте есеп шотын ашады да жұмысқа кіріседі</p> |
|--|--|---|

7.8-кесте – Жеке кәсіпкерліктің кемшіліктері мен артықшылықтары

| Артықшылығы | Кемшілігі |
|--|--|
| енбекке орналасу және табыс табу мәселесін шешеді | мұрагерлікке берілмейді |
| тіркеу оңай және арзан мемлекет таралынан бақылау аз | алғашкы капитал жинау киын ресми бизнес субъектілері Сізбен жұмыс жасамайды |
| көп құжаттарды қажет етпейді | Сіздің жеке меншігіңіз қаупті болады кәсіпкердің шығармашылық есүіне жағдай жасалмайды |

7.9-кесте – Занды тұлғаны калыптастырылатын кәсіпкерлік. Занды тұлғалар азаматтық құқық субъекті ретінде. Жалпы қағидалар
Занды тұлға туралы түсінік

Занды тұлға-келесі сипаттары бар ұйым (ҚР АК 33 бап)

- меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында жеке меншігі бар;
- өзінің міндеттері бойынша өз мүлігімен жауап береді;
- өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді алу құқығы бар;
- сотта талапкер де жауап беруші де болу құқығы бар;
- дербес сметасы бар;
- өз атаулары көрсетілген мөрі бар

7.10-кесте – Занды тұлғаның сипаттары

Занды тұлғаның сипаттары

ұйымдастырушылық бірлік

жеке мүліктің болуы

азаматтық айналымда өз атынан жүргізу қабілеттілігі

өзінің міндеттері бойынша өз мүкімен жауап беру қабілеттілігі

7.11-кесте – Занды тұлғалардың түрлері мен ұйымдастырушылық құқықтық нысандары

Занды тұлғалар

| Коммерциялық ұйымдар | Коммерциялық емес ұйымдар |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Шаруашылық серіктестіктер: - толық серіктестік; - коммандиттік серіктестік; - жауапкершілігі шектеулі серіктестік; - жауапкершілігі қосымша серіктестік | ұйым (мемлекеттік немесе жеке меншік) корлар мен олардың түрлері |

7.11-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|--|
| өндірістік кооператив | тұтынушылар кооперативі |
| акционерлік қоғам | қоғамдық бірлестіктер. саяси партиялар діни бірлестіктер |
| шаруашылық қызмет жүргізу күкігіндеги мемлекеттік кәсіпорындар | коммерциялық емес акционерлік қоғамдар Ассоциация (одак) нысанындағы занды тұлғалардың бірлестігі ауыл шаруашылық серіктестіктер |
| баска да ұйымдастырушылық-күкіктық нысандар (нотаиалдық палаталар, сауда-өндірістік палаталар) | |

7.12-кесте – Занды тұлғалардың ерекшіліктері

| Занды тұлға | | |
|--|---|--|
| қызметтің максаттары бойынша | занды тұлғаның құрылтайшыларының оның мүлгіне құқытарты бойынша | |
| коммерциялық ұйымдар-өзінің негізгі максаты ретінде табыс табуды көздейтін ұйымдар | коммерциялық емес ұйымдар-өзінің негізгі максаты ретінде табыс табуды және түскен пайданы қатысушылар арасында бөлуді көзdemейтін ұйымдар | құрылтайшылардың занды тұлғаның мүлкіне міндетті түрде құқытарты бар |
| мемлекеттік кәсіпорындар | | - шаруашылық серіктестіктер; - өндірістік кооператив; - акционерлік қоғам |
| шаруашылық қызмет жүргізу құқығында құрылған | кәсіпорын (мемлекеттік) | |
| жедел басқару құқығында құрылған | | құрылтайшылар заңды тұлғаның мүлкіне құқытарты бар |
| шаруашылық серіктестіктер | қоғамдық бірлестік | - мемлекеттік кәсіпорын; - кәсіпорын иесімен қаржылаандырылатын |
| толық серіктестік | акционерлік қоғам | |
| командиттік серіктестік | тұтынушылар кооперативі | құрылтайшылардың занды тұлғаның мүлгіне құқытарты жоқ |
| жаупкершілігі шектеулі серіктестік | корлар | - қоғамдық бірлестіктер; - діни бірлестіктер; - қайырымдылық корлар |
| акционерлік өндірістік кооператив | заңнамалық актілерде қарастырылған баска да нысандар | |

7.13-кесте – Коммерциялық ұйымдардың ұйымдастыруышылық-күкіктық нысандардың сипаттараты

| Нысан | Катысуышылар статусы | Катысуышылар саны |
|---|--|---|
| Толық серіктестік (ТС) | жеке тұлғалар | екіден кем емес |
| Коммандиттік серіктестік (КДС) | Толық серіктестіктер (жеке тұлғалар); салушыла (жеке және заңды) | екіден кем емес, олардың кем дегенде біреуі толық серіктес, ал кем дегенде біреуі салушы болу кажет |
| жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) | жеке және заңды тұлғалар; ЖШС жалғыз катысуши ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестік ретінде катыстыра алмайды | Біреуден көп, санына шек қойылмайды |
| Қосымша жауапкершіліктері серіктестік (ҚЖС) | Жеке және заңды тұлғалар, ҚЖС жалғыз катысуши ретінде бір адамнан тұратын басқа шаруашылық серіктестік ретінде катыстыра алмайды | Біреуден көп, санына шек қойылмайды |
| Акционерлік қоғам (АҚ) | Жеке және заңды тұлғалар | Біреуден көп, санына шек қойылмайды |
| Халықтық Акционерлік қоғам (АҚ) | Жеке және заңды тұлғалар | 500 ден кем емес |
| өндірістік кооператив (ӨК) | жеке тұлғалар | 2 адамнан кем емес, санына шек қойылмайды |
| мемлекеттік кәсіпорын (шаруашылық қызмет жүргізу күкігінда) | мемлекеттік басқару органдары | меншік иесімен белгіленеді |

7.2 Мемлекеттік саясат және кәсіпкерліктиң күкіктық негіздері

Кәсіпкерлікпен әр түрлі әдіспен айналысуга болады. Сөз тек кана пайда табу үшін атқарылатын қызмет түрлеріне туралы ғана емес, сонымен қатар бизнестік мөлшері туралы да. Жеке кәсіпкерлерге патент негізінде атқаруға болатын қызмет түрлері бар (фермерлық шаруашылық, киім тігу және жөндеу, телеаппаратураны жөндеу, кітіп, газет, журналдарды сату, монша-кір жуу қызметін көрсету, т.б.), бірақ лицензия алу негізінде заңды тұлғаны қалыптастыратын азаматтыр

ұжымыман атқарылатын қызметтер де бар (өндірістік қызмет, күрылымдық материалдарын шыгару, оку мекемесін ұйымдастыру, зейнеткерлік корлардың қызметі).

Кәсіпкерлік шағын түрі туралы және үлкен бизнес туралы да айтуға болады. Бизнесті бастау әр қашанда тәуекелге байланысты, сондықтан кәсіпкерлердің көпшілігі аз мөлшерден бастайды. Қызметте табыстарға жету бизнестің көлемін өсіруге мүмкіндік береді. Бастапқы қадамдар ен киын болып табылады, бұл іске жаңадан кірісken кәсіпкерлер көмек қажет етеді. Константин Боровский мынаны айтқан: «Егер адам өзінің жетістікке жетуі үшін біренше алғашқы қадамдарын өзі жасаса, одан әрі өз мақсатына жетпегенше ол тоқтай алмайды».

Қоғам өмірінің негізін материалдық өндіріс құрайтыны белгілі. Сондықтан КР заңнамасы өндірістік қызметпен айналысадын кәсіпкерлерді ерекше топқа жатқызады. Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясаты шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған. Бұл саясатты іске асыру үшін заннама шағын кәсіпкерлік субъектілерін құқықтық жағдайларын ерекше реттеді.

Бірақ шағын кәсіпкерлік субъектілері туралы айттар алдында кез келген кәсіпкер білуге тиіс жағдайларды анықтап алу қажет. Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтық жағдайлары бірқатар нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Ен бастылары:

- 1995 жылғы 30 тамыздағы КР Конституциясы Республика қызметінің негізін қалаушы принциптері келесілер болып табылатынын занды түрде бекітті: қоғамдық келісім мен саяси тұрактылық, халық игілігіне бағытталған экономикалық даму; казақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін демократиялық әдістермен шешу, оның ішінде республикалық референдум немесе Парламентте дауыс беру;

- Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы, 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдері).

Негізгі, базалық экономикалық нормативтік акті – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ол екі бөлімнен тұрады: жалпы және ерекше. Жалпы бөлімі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылданып, кем деңгендеге үш айлық дайындық жұмыстарын қажет еткен нарық қатынастарын белгілеу және енгізуге байланысты жаңалықтар етеге көп болғандықтан колданыска 1995 жылғы 1 наурызда енгізілді.

Ерекше бөлімі 1999 жылғы 1 шілдеде қабылданып, колданысқа енгізілді, бұл бөлімнің 1999 жылдың оргасына дейін болмауы

республикадағы келісімді экономикалық қатынастарын реттеуді киыннататын. ҚР 1999 жылғы 1 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Азматтық кодексін (Ерекше бөлім) қолданыска енгізу туралы» Занына Казакстан Республикасының Президенті сол күні қолын койды және қолданыска енгізді. Жоғарыда көрсетілгеннен нені есте сактау қажет:

ҚР Азаматтық кодексі – қоғамдағы экономикалық қатынастарды реттейтін мемлекеттің экономикалық конституциясы;

ҚР Азаматтық кодексі – зангерлер мен нағыз кәсіпкерлердің күнделікті қолданатын құжаты; ҚР Азаматтық кодексі кәсіпкерлік туралы, мәмілелер, сенім хаттар, мұлік түрлерінің сипаттамасы, айып төлемі, кепілдеме туралы, келісім шарттарға қол қою немесе оларды бұзу, тауар белгілері, мұрагерлік және бизнесте кажетті т.б. мәселелер туралы негізгі қағидаларды қамтиды; бұл кітап Сізді өте маңызында және падалы ақпаратепн қамтамасыз етеді.

ҚР 1999 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» № 493-1 Заңы азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына деген конституциялық құқықтарын іске асыру барысында пайда болатын қатынастарды реттейді. Жеке еңбек және ұжымдық келісім шарттармен реттелетін еңбек қатынастары:

- жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы қатынастар нормативтік құқықтық актілермен, еңбек туралы заңнамаға сәйкес бекітілген жеке еңбек, ұжымдық келісім шарттармен реттеледі;

- жеке еңбек, ұжымдық келісім шарттар бір жақты өзгертуі мүмкін емес;

- басқа нормативтік құқықтық актілермен реттелетін ерекше жұмысшылардың жұмыс жағдайлары осы Заңмен белгіленетін жағдайлардан төмен болмау керек.

Жеке еңбек, ұжымдық келісім шарттардың кейбір шарттарының жарамсыздығы жеке еңбек, ұжымдық келісім шарттардың толығымен жарамсыз деп есептелуі деген сөз емес. Осы Заң еңбек қатынастарын реттейтін жағдайлар мен қысқа мерзімдеріне жағдай жасайды. Жеке еңбек, ұжымдық келісім шартар жасасқан тараптар бұл минимумды жаксарта алады. Жеке еңбек, ұжымдық келісім шарттарын заңнамалық актілерге карсы болмаған жағдайда тараптардың орындауы міндетті.

Жұмысшы құқылы:

- 1) заңмен белгіленген тәртіpte жұмыс берушімен жеке еңбек шартка отыруға, оны өзгертуге немесе бұзуға;

- 2) еш кемсітушіліксіз тен орындалған жұмыс үшін тен еңбек ақы алуға;
- 3) қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай еңбек жағдайларына;
- 4) кәсіподак және басқа ұйымдарында мүше болу еркіндігіне, басқасы өзге заңнамалық актілермен карастырылмаса;
- 5) демалысқа;
- 6) еңбек міндеттерін атқаруға байланысты оның денсаулығына немесе мүлігіне келтірілген зиянның өтелуіне;
- 7) кепілдік пен өтеулер алуға;
- 8) еңбек келіспеушіліктерінің тараптардың келісімі немесе сот арқылы шешілуіне;
- 9) жеке еңбек шартында тарап атынан қатысатын лауазымдық тұлғанынқ өкілеттілігін талап ету;
- 10) ұжымдық келісім шарт пен актілерді әзірлеуге қатысуға;
- 11) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға.

Жұмысшының міндеттері:

- жеке еңбек келісім шартымен, ұжымдық шартпен, жұмыс берушінің актілерімен белгіленген қызметтік міндеттерін адал атқаруға;
- еңбек тәртібін сактауға;
- жұмыс барысында жұмыс берушінің мүлігіне зиян келтіруге жол бермеу;
- енбекті қорғау, өрт кауіпсіздігі мен өндірістік санитария талаптарын орындау;
- оған жеке еңбек шарты негізінде тапсырылған қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын басқа құпия болып табылатын ақпаратты жарияламау;
- адамдардың өміріне, денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмысшылардың мүлігіне қауіп келтіретін жағдайлар туралы хабарлау;
- міндетті зейнеткерлік салымдар арқылы зейнетақылық қамтамасыз ету туралы келісім шарттың көшірмесін тапсыру;
- жұмысшыға зейнеткелік жинақтарды бір жинақтау корынан басқаға аударған жағдайда міндетті зейнеткерлік салымдар арқылы зейнетақылық қамтамасыз ету туралы келісім шарт туралы хабарлау.

Жұмыс берушінің құқықтары:

- заңмен белгіленген тәртіп бойынша жұмысшылармен жеке еңбек шартқа, ұжымдық келісім шартқа отыруға, оларды өзгертуге немесе бұзуға;

- жұмысқа қабылдаған кезде жұмысшыдан, оның белгілі қызметті атқару құқығы дәлелдейтін, Заңмен белгіленген құжаттарды талап етуге;

- өз өкілеттігі шеңберінде жұмыс берушінің актілерін әзірлеуге;

- жұмыс жағдайларын өзгертумен байланысты актілерді қабылдау жұмысшылар өкілдерінің катысуымен жасалады;

- заңмен және басқа нормативтік құқықтық актілермен белгіленген тәртіп бойынша жұмысшыларды көтермелесе, оларды материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту;

- жұмысшының оған келтірген зиянның орнын толтыруға;

б) жұмысшылардың берушілердің үйымдарына кіру;

- жұмысшыға сыйна мерзімін белгілеу;

егер бұл жағдай жеке енбек шартында көрсетілсе.

Жұмыс берушінің міндеттері:

- жұмысшыларға КР енбек туралы заңнамасына, жеке енбек немесе ұжымдық шарттарға сай жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету;

- жұмысшылар өкілдерінің ұсыныстарын қарастырып, келісімдер жүргізу және ұжымдық келісім шарттарға қол қою;

- өз қаражаты есебінен жұмысшыларды жұмыс міндеттерін атқаруға қажетті материалдармен, құралдармен қамтамасыз ету;

- жұмысқа қабылдаған кезде жұмысшылармен жеке енбек шарттарына қол қою, олардың ұжымдық келісім шартпен, жұмыс берушінің актілерімен таныстыру;

- енбек ақыларын және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен, жеке енбек, ұжымдық келісім шарттармен, жұмыс берушінің актілерімен қарастырылған басқа да төлемдерді толығымен, уақытында төлеу;

- жұмысшыларға жыл сайын ақылы енбек демалысын беру;

- Қазақстан Республикасының енбек туралы, қауіпсіздік және енбекті қорғау туралы заңнамасының, жеке енбек, ұжымдық келісім шарттардың талаптарын сактау;

- қызметтің атқару барысында жұмысшының өмірі мен денсаулығына келтірілетін зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру;

- жұмысшының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянын Қазақстан Республикасының заңнамасына сай өтеу;

- жұмысшылардың енбек қызметтің дәлелдейтін құжаттарды және олардың жинақтаушы қорларына төлемдері туралы мәліметтерді сактау және мемлекеттік мұрағатқа тапсыруын қамтамасыз ету;

- жұмыс барысында жұмысшының өмірі мен деңсаулығына қауіп қатер төнген жағдайда оны токтату;

- жұмысшыларды жұмыстың қауіпті және деңсаулықтарына зиян келтіретін жұмыс жағдайлары және кәсіби аурудың болу мүмкіндігі туралы ескерту;

- жұмыс орындары мен технологиялық процестердегі тәуеккілің алдын алу бойынша шаралар қолдану, өндірістік және ғылыми-техникалық прогрессі ескере отыра алдын алу жұмыстарын жүргізу;

- жұмысшыдан міндетті зейнеткерлік төлемдер есебінен зейнетакылық қамтамасыз ету туралы келісім шарттың көшірмесін талап ету;

- жұмыс уақытының есебін жүргізу, соның ішінде жұмыс уақытынан тыс жұмыстарды, қауіпті және деңсаулығына зиян келтіретін жағдайлардағы жұмысты, ауыр жұмыстар уақытын.

Казақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» № 415-II Заны акционерлік қоғамды қалыптастыру, қызметін ұйымдастыру, қайта құру және жоютібін, құқықтық жағдайларды, акционерлердің құқықтары мен міндеттерін, олардың мүдделері мен құқықтарын қорғау бойынша шараларды, акционерлік қоғамның органдарын қалыптастыру, олардың қызметін, науразымды тұлғаларды тағайындау, олардың өкілеттігі мен жауапкершіліктерін анықтайды.

Акционерлік қоғам – өз қызметін атқару үшін қаржат тарту мақсатында акциялар шыгаратын заңды тұлға. Қоғамның өз акционерлерінің мүлігінен жекеленген өз мүлігі бар және олардың міндеттері үшін жауап бермейді. Қоғам өз мүлігі шеңберінде өз міндеттері бойынша жауап береді. Қоғамның (акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйымнан басқа) облигациялар және басқа да бағалы қағазда шыгаруға құқығы бар. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері қызметтің жеке түрлерін атқаратын ұйымдарға акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанын құру міндеттей алмайды. Қоғамның «акционерлік қоғам» ұйымдық-құқықтық нысанына нұсқау мен оның атауынан тұратын фирмалық атауы болу керек. Қоғам атауының алдында «АО» аббревиатурасын пайдаланумен қысқартылуы мүмкін.

ҚР 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілгі шектеулі және қосымша жауапкершілікті серіктестіктер туралы» Заны серіктестікти құру тәртібін, құқықтық статусын, құрылтайшылардың міндеттерін серіктестік қалыптастыру бойынша қызметтерді атқаруға байланысты басқа да жағдайларды белгіледі.

КР 1995 жылғы 5 казандагы «Өндірістік кооператив туралы» № 2486 Заңы өндірістік кооперативтердің құқықтық статусын, олардың күрудың үйымдық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды, қызметтің үйымдастыру, қайта құру, жою тәртібін, мүшелерінің міндеттері мен құқықарын, басқару және бақылау органдарының жауапкершілігі мен өкілеттілігін аныктайды.

Өндірістік кооператив – мүшелік негізінде еркін түрде құрылған азаматтардың бірлестігі, олардың дербес қатысулары негізінде бірлескен кәсіпкерлік қызмет атқару үшін. Өндірістік кооператив коммерциялық үйым, заңды тұлға болып табылады. Өндірістік кооператив заңнамалық актілермен жеке кәсіпкерлікке тыйым салынбаган кез келген қызметпен айналысуға құқылы.

Заң күшіне иеленген КР Президентінің 1995 жылғы 19 қыркүйектегі «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» № 2335 Жарлығы мемлекеттік кәсіпорындардың құқықтық статусынын, оны құру, лицензиялау, қызметтің реттеу, жауапкершіліктің, қайта құру және жою шарттарынаң ерекшеліктерін белгіледі.

Мемлекеттік кәсіпорындар қызметтің негізгі бағыты - қоғам мен мемлекеттің қажеттілігімен анықталатын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу:

- 1) мемлекеттің қорғау қабілеттілігі мен қоғам мүддесін қорғауды материалдық қамтамасыз ету;
- 2) қоғамдық өндірістің экономиканың жеке менишік секторымен қамтылмаған немесе толығымен қамтылмаған салаларында ең қажетті тауарлар (қызметтер, жұмыстар) өндіру;
- 3) мемлекеттік монополияларға немесе мемлекет функциясы болып табылатын, бақылау және қадағалау функцияларынан басқа, салаларда қызмет ету.

КР 2002 жылғы 24 шілдедегі «Кешенді кәсіпкерлік қызметі (франчайзинг) туралы» № 330-II Заңы кешенді кәсіпкерлік лицензияға байланысты қатыннастарды реттейді, кешенді кәсіпкерлік лицензияның келісім шарт мазмұнын анықтайды және КР франчайзинг қызметтің дамыту мен мемлекеттік қолдау көрсетуге бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы франчайзинг қатыннастарын мемлекеттік қолдау келесі принциптерге негізделеді:

- 1) шағын кәсіпкерлік, инвестициялар мен франчайзинг қатыннастарды мемлекеттік қолдау нысандары мен принциптерінің бірлігі;
- 2) франчайзинг қатыннастарды мемлекеттік қолдаубарысында мемлекеттік органдардың келісімді қызметі;

3) франчайзинг қатынастарының субъектілерінің кәсіпкерлік қызметіне мемлекеттік органдар мен олдардың лауазымды тұлғаларының негіzsіз кіруіне жол бермеу;

4) бәсекелестікті қолдау және монополистік қызметті шеккеу;

5) франчайзинг қатынастарды мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу және қолдану кезіндегі жариялышы.

8 Шағын және орта бизнес саласында қызмет ететін заңды тұлғаларға салық салу

8.1 Шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу

КР 2001 жылғы 12 маусымдағы «Бюджетке төленетін салық және басқа міндettі төлемдер туралы» Кодексі бюджетке төленетін салық пен басқа міндettі төлемдерді белгілеу, жүргізу және санau тәртібі бойынша билік қатынастарды, сонымен катар салық міндettерін орындауга байланысты мемлекет пен салық телүше арасындаға қатынастарды реттейді. Салық заңнамасы КР барлық аймағында қолданылады және жеке тұлғаларға, заңда тұлғалар мен олардың күрьылымдық бөлімшелеріне қатысты қолданылады. КР Салық заңнамасы салық және бюджетке төленетін басқа міндettі төлемдерді төлу міндettілігінің, салық салу әділеттілігі, салық жүйесі мен салық заңнамасының жарылысының бірлігі принципіне негізделеді.

Салық төлеушінің құқықтары:

1) салық қызметі органдарынан қолданыстағы салықтар мен бюджетке төленетін басқа міндettі төлемдер, салық заңнамасындағы өзгерістер туралы ақпарат сұрату;

2) салық қатынастар мәселесі бойынша өз мүдделерін өзі немесе өзінің өкілі арқылы қорғай;

3) салықтық бакылау нәтижелерін алу;

4) салық қызметі органдарына салықтық бакылау нәтижелері бойынша салық пен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы түсініктемелер ұсыну;

5) салық міндettемесінің орындалуы бойынша бюджеттік есептер жағдайы туралы есеп шотынан көшірме алу;

6) осы Кодекспен және КР басқа заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіп бойынша салықтық тексеру және салық қызметі органдарының лауазымды тұлғаларының әрекеттері бойынша хабарландыруларға шағым жасау;

7) салық құпиясының сакталуын талап ету;

8) салық салуға қатысты емес құжаттар мен ақпаратты бермеуге.

Салық төлеушінің міндettері:

- осы Кодекске сай салық міндettемесін толығымен және уақытында орындау;

- салық қызметтерінің салық заңнамасының бұзылуын жою туралы заңды талаптарын орындау, сонымен катар олардың өз міндettерін орында барысында заңды қызметтерге бөгет жасамау;

- үйғарым негізінде салық қызметі органдарының тұлғаларын салық салу объектісі немесе салық салумен байланысты объект болып табылатын мүлікті тексеруге жіберу;

- осы Кодексте қарастырылған тәртіп бойынша салық есептері мен құжаттарды, сонымен қатар трансфертік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған аппарат пен құжаттарды беру;

- ақшалай, банктік төлем карточкалары арқылы, чектер арқылы, жасалатын сауда операциялары барысында тұтынушылармен есеп айрысу, міндettі түрде фиксалды кассалық аппараттарды пайдаланумен және тұтынушының қолына бақылау чегін берумен;

- салық органына заңды тұлғаның кайта құрылуына немесе банкрот болып есептелуіне байланысты құжаттамалық тексеру жүргізу туралы өтініш беру.

Шагын кәсіпкерлік субъектілері үшін қарастырылған арнайы салық төлеу тәртібі туралы не білу қажет?

ҚР Салық Кодексімен шагын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудын женілдетілген әдісі қарастырылған. Ол салық салудың арнайы тәртібін қолдануды қөздейді. Салық салудың арнайы тәртібі (CAT) шагын кәсіпкерлік субъектілері үшін келесі салықтарды төлеудін женілдетілген тәртібін белгілейді:

- әлеуметтік салық;

- корпоративтік (заңды тұлғалар үшін) немесе жеке (жеке тұлғалар үшін) табыс салығы.

Жоғарыда көрсетілген салықтарды есептеу және төлеу кезінде шагын бизнес субъектілеріне салық салудың жалпыға белгіленген тәртібі бойынша қарастырылған талаптар қолданылмайды, салықтың басқа түрлері бойынша (жер, көлік, мүлік салықтары) есептеу және төлеу жалпы тәртіп бойынша жүргізіледі.

Шагын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салу жenілдігі – салық салу объектілерінің түсken пайдасына арнайы (төмендетілген) мөлшерлемелерін қолдану. Шагын кәсіпкерлік субъектілерінің өз қалаулары бойынша төменде көрсетілген салық төлеу тәртібінің біреуіне және ол бойынша салық есептемесін беруді таңдап алуға күкігі бар:

- жалпы белгіленген тәртіп;
- біркүндік талон негізіндегі арнайы салық тәртібі;
- патент негізіндегі арнайы салық тәртібі;
- женілдетілген декларация негізіндегі арнайы салық тәртібі.

Шагын кәсіпекрлік субъектісі жалпыға белгіленген салық салу тәртібіне көшкен жағдайда, САТ-не қайта көшуге жалпыға белгіленген салық салу тәртібі бойынша екі жыл жұмыс істегеннен кейін ғана рұқсат беріледі.

САТ-ты келесі шаруашылық субъектілер пайдалана алмайды:

- филиалдар, өкілетіліктері бар заңды тұлғалар;
- филиалдар, өкілетіліктер;
- заңды тұлғалардың мердігерлік үйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдар;
- әр түрлі елді мекендерде басқа да жекешелендірілген құрылымдық бөлімшелері бар салық төлеушілер.

САТ келесі қызмет түрлеріне қолданылмайды:

- акциздемеген өнімді шығару;
- кенестік, қаржылық, бухгалтерлік қызметтер;
- мұнай өнімдерін сату;
- шыны ыдыстарды жинау және қабылдау;
- жер қойнауын пайдалану;
- лицензиланатын қызмет түрлері, мыналарды қоспағанда:
- медициналық, дәрігерлік, және ветеренариялық;
- тұрғын үй коммуналдық-тұрмыстық обьектілерді газбен қамтамасыз ету өніндегі құрылыш, жөндеу және өндіру жұмыстары;
- қорғаныс, өрт туралы сигнал беру және өртке қарсы құралдарды жобалау, монтаждау және техникалық қызмет көрсету;
- өртке қарсы техника мен құралдарды шығару және сату;
- жолаушылар лифттерін монтаждау, жөндеу;
- жолаушылар мен жүкті автокөлікпен халықаралық тасу;
- емдеу препараттарын шығару және сату;
- алкоголь өнімдерін бөлшектеп сату;
- жобалау-іздестіру, сараптамалау, құрылыш-монтаждау жұмыстары, құрылыш материалдар мен конструкцияларды өндіру жұмыстары;
- дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизация құралдарынышыгару, өндіру, сату және оларды пайдалану бойынша жұмыс түрлері.

Салық салудың арнағы тәртібінің әр қайсысына токталайык:

Бір күндік талон негізіндегі САТ:

- қызметтері жылына жалпы алғанда 90 күннен аспайтын жеке тұлғалар пайдаланады;
- қызметтері жылына жалпы алғанда 90 күннен аспайтын жеке тұлғалар жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуден босатылады;

- олар әлеуметтік салық төлемейді;
- біркүндік талон азаматтың тұратын жеріндегі салық органымен беріледі;

Патент негізіндегі САТ:

- келесі шарттарға сай келетін жеке кәсіпкерлер қолданады:
 - жадамалы жұмысшылар еңбегін пайдаланбайтын;
 - жеке дербес кәсіпкерлік нысанындағы қызметті атқаратын;
 - жылдық табысы 1,5 млн. теңгеден аспайды;
- патент бір күнтізбелік жыл шеңберіндегі бір айдан кем емес уақытқа беріледі;
 - патент алу үшін келесі құжаттар тапсырылады: Белгіленген нысандағы өтініш және жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік (лицензиландырылатын қызмет атқарғанда лицензияны ұсыну қажет);
 - патент жеке кәсіпкердің тұратын жеріндегі салық органымен беріледі;
 - мемлекеттік тіркеу туралы қуәліксіз патент жарамсыз;
 - патенттің құны түсken табыстың 3 % мөлшерінде есептеледі;
 - патент жарамдығының мерзімі аяқталмай қызметті тоқтатқан жағдайда төленген ақша қайтарылмайды немес қайта есептелмейді (кәсіпкер қызметке жарамсыз деп танылған жағдайдан басқа);
 - түсken табыстың нағыз мөлшері патент алған кезде төлеген қаражаттың мөлшерінен асқан жағдайда салық төлеуші 5 күн аралығында үстемтабыстың мөлшері туралы салық органына хабарлайды және осы ақшадан салық төлейді (салық төлеушінің өтініші бойынша бұрын берілген патенттің орнына табыстың нағыз мөлшері көрсетілген жаңа патент беріледі);
 - түсken табыстың нағыз мөлшері патент алған кезде төлеген қаражаттың мөлшерінен аз болған жағдайда салық төлеушінің өтініші бойынша төленген патенттің артық мөлшері салық органымен жүргізілген хронометрлік зерттеуден кейін қайтарылады;

Женілдетілген декларация негізіндегі САТ:

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне келесі жағдайларда қолданылады:

- жеке кәсіпкерлер үшін:
 - салық салу мерзіміндегі тізім бойнша жалпы қызметкерлер саны 15 адамнан аспайды, жеке кәсіпкердің өзін есептегенде;
 - салық салу мерзіміндегі шекті табыс 4 500,0 мың теңге.
- заңды тұлғалар үшін:
 - салық салу мерзіміндегі тізім бойнша жалпы қызметкерлер саны 25 адамнан аспайды, жеке кәсіпкердің өзін есептегенде;

ә) салық салу мерзіміндегі шекті табыс 9 000,0 мың теңге.

Жеңілдетілген декларация негізіндегі салықтар төлеуді шағын кесіпкерлік субъектісі есеп беру мерзіміндегі тиісті мөлшерлемелердегі салықтарды төлеу арқылы жүргізеді:

8.1-кесте – Жеңілдетілген декларация негізіндегі салықтарды төлеу

| Тоқсандық табыс | Мөлшерлеме |
|---------------------------------------|--|
| Жеке кесіпкерлер үшін | |
| 1.500,0 мың теңге | табыстың 3 % |
| 1.500,0-ден 3.000,0 мың теңгеге дейін | 45,0 мың теңге + 1.500,0 мың теңгеден асатын табыстың 5 % |
| 3.000,0 мың теңгеден көп | 120,0 мың теңге + 3.000,0 мың теңгеден асатын табыстың 7 % |
| Занды тұлғалар үшін | |
| 1.500,0 мың теңге | табыстың 4 % |
| 1.500,0-ден 4.500,0 мың теңгеге дейін | 60,0 мың теңге + 1.500,0 мың теңгеден асатын табыстың 5 % |
| 4.500,0-ден 6.500,0 мың теңгеге дейін | 210,0 мың теңге + 4.500,0 мың теңгеден асатын табыстың 7 % |
| 6.500,0-ден жоғары | 350,0 мың теңге + 6.500,0 мың теңгеден асатын табыстың 9 % |

Жеңілдетілген декларация салық органына тоқсан сайын есеп беру мерзімінен кейінгі айдың 10-нан кешіктірмей тапсырылады.

Жеңілдетілген декларация бойынша есептелген салықтарды бюджетке төлеу есеп беру мерзімінен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей, жеке (жеке кесіпкерлер үшін) немесе корпоративтік (занды тұлға үшін) табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде біркелкі үlestермен төленеді. Жеңілдетілген декларация осы салық салудың арнайы тәрібін пайдалану туралы өтініш берілген жердегі салық органына тапсырылады.

8.2 Шаруа (фермер) қожалықтарына салық салу

Шаруа (фермер) қожалықтары жеке кесінкерлік жүргізуін ысанаған ретіндегі шағын бизнес субъектісі болып табылады. Бірақ шаруа (фермер) қожалығына салық салу осындағы қожалықтар үшін ғана қарастырылған арнайы салық тәртібі бойынша үргізіледі.

Бұл режимнің ерекшеліктері:

- бірыңғай жер салығын төлеуге негізінделген бюджетпен есеп айырысудың арнайы тәртібі;

- бұл тәртіпті қолдану құқығы жеке мешік құқығындағы және (немесе) жер пайдалану құқығындағы (жерді екінші рет пайдалану құқығын есепке ала отыра) жер телімдері болған жағдайында беріледі;

- шаруа (фермер) қожалықтары жыл сайын 20 акпаннан кешіктірмей жер телімінің орналасқан жеріндегі салық органына белгіленген нысандагы өтінішті тапсырады (осы өтінішті белгіленген мерзімде тапсырмау бюджетпен есеп айырысууды жалпы тәртіп бойынша жүргізуге келісу болып табылады);

- салық төлу мерзімінде, яғни күнтізбелік жыл бойы таңдал алынға салық салу тәртібін езгертуге болмайды;

- САТ ауыл шаруашылық өнімін шығарумен, өзі шығарған өнімді қайта өндеумен және сатумен айналысатын шаруа қожалықтарының қызметтіне қолданылады, акцизсіз өнімдерді шығарумен, қайта өндірумен, сатумен айналысатын қожалықтардан басқа:

- бірынғай жер салығын төлейтіндер келесі салық түрлерін төлемейді: жеке табыс салығы, қосылған құннан алынатын салық, жер салығы, салық салу объектілері бойынша көлік салықтары, салық салу объектілері бойынша мүлік салығы;

- бірынғай жер салығын есептеу үшін негіз – жер телімінің немесе жер пайдалану құқығының бағалық құны;

- бірынғай жер салығын есептеу жер телімі бағасының 0,1 % есептеу арқылы жүргізіледі;

- бірынғай жер салығы жер телімінің орналасу жерінде екі мерзімде төленеді: ағымдағы төлем (төлем мөлшерінің 50 %-нан кем емес) 20 қазаннан кешіктірмей, соңғы төлеу 20 наурыздан кешіктірмейтөленеді;

- бірынғай жер салығын төлеушілер жылдық салық есептерін ағымдағы жылдың 15 наурызынан кешіктірмей төлейді, есепке кіретіндер:

а) есеп беретін салық мерзіміндегі ағымдағы төлемді есептеу;

ә) жер теліміне құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

б) жер телімі құндық бағасын анықтау актінің көшірмесі;

в) алдағы салық мерзіміне жұмысшыларды жалдау туралы әлеуметтік салықты есептеуге қажетті деректер көрсетілген мәліметтер;

- әлеуметтік салық ай сайын әр жұмысшыға, соның ішінде шаруа қожалығының басшысы мен мүшелерін есептеумен, ең төмен жұмыс көрсеткішінің 20 % мөлшерінде есептеледі.

Сонымен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне салық салу салықтарды есептеу мен төлеудің жеңілдетілген шарттарын қарастыратын салық салудың арнайы тәртібі бойынша жүргізіледі.

Тест тапсырмалары

1. Өндіріс қор төмендемесіне қай факторлар әсер етиейді:

- A) материал шығынының төмендеуі;
- B) еңбек өнделімнің өсуі;
- C) қалдыкты колдану;
- D) материал сапасының өсуі;
- E) сирек материал ауысымы.

2. Өндірісте классификация шығыны келесі түрде жүргізіледі:

- A) жоғарыда аталғандардың барлығы;
- B) шығынының элемент және стадия бойынша;
- C) калькуляция стадиясы бойынша;
- D) өндіріс көлеміне байланысты;
- E) күнга байланысты.

3. Шынайы инвестиция – бұл:

- A) конструкция және бар өндірісте жаңа салымды құру;
- B) әртүрлі финанс активіне әдіс салымы;
- C) материалды емес актив инвестициясы;
- D) акшалы актив инвестициясы;
- E) тұра инвестиция.

4. Кәсіпорын структурасы осы факторлармен анықталады:

- A) кәсіпорының көмегімен ғана;
- B) сана түріне байланысты ғана;
- C) технология дәрежесімен ғана;
- D) кәсіпорын специализациясымен ғана;
- E) кәсіпорын көмегімен ғана.

5. Жарғылық капитал – бұл:

- A) материалды және материалды емес түрдегі құнды заттарды кәсіпорынының иелеріне тұрақты қолдануына беру;
- B) кәсіпорының жұмыскерлеріне мадактау берілген пайдасы;
- C) мемлекеттік органдардан жәрдем ақша;
- D) акцияларды шығарудың құралдарының сомасы;
- E) амортизациялық аудару.

6. Кәсіпорын жұмысын тоқтатудың себептері болып табылады:

- A) өндірілген өнімге сұраныстың төмендеуі ғана;
- B) кәсіпорының шығындары ғана;

- C) коршаган ортаға экологиялық қауіп төнсө ғана;
- D) басқа кәсіпорындармен бірігуде ғана;
- E) барлығы.

7. Шаруашылық бірлестіру – бұл:

- A) заңды тұлға ретінде құқығы бар заңды және жеке тұлғаларды біріккен шаруашылық структураға біріктіру;
- B) тек қана заңды тұлғаларды біріккен шаруашылық структураға біріктіру;
- C) тек қана жеке тұлғаларды біріккен шаруашылық структураға біріктіру;
- D) заңды тұлға ретінде құқығы жоқ заңды және жеке тұлғаларды біріктіру;
- E) заңды тұлға ретінде құқығы жоқ жеке тұлғаларды біріктіру.

8. Өндірістік кооператив – бұл:

- A) заңды тұлға ретінде құқығы бар заңды және жеке тұлғаларды біріккен шаруашылық структураға біріктіру;
- B) енеркәсіптік және шаруашылық іскерлікпен айналысу үшін адамдардың өз еркімен бірігуі;
- C) тек қана жеке тұлғаларды біріккен шаруашылық структураға біріктіру;
- D) заңды тұлға ретінде құқығы жоқ заңды және жеке тұлғаларды біріктіру;
- E) заңды тұлға ретінде құқығы жоқ жеке тұлғаларды біріктіру.

9. Кооператив мұшендерінің саны нешеу болу керек?

- A) екі адам;
- B) үш адам;
- C) бес адамнан кем емес;
- D) бір адам;
- E) төрт адам.

10. Кооператив мүлкі нeden қалыптасады?

- A) тек қана банк несиелеріне;
- B) өз іскерлігінен түсken табыстан;
- C) кооператив мұшенері жасаған жарнасынан;
- D) интеллектуалды мешіткі объектісінен;
- E) барлығы.

11. Толық серіктестік – бұл:

- A) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігуі;

В) заңды және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ қорларын біріктіріп шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық үйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серіктестіктің мүлкіне толық жауапты, ал қалған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серіктестіктің банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндірістік қаражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) өндірістік және басқа да шаруашылық іскерлік жасау үшін өз еркімен адамдардың бірігүі.

12. Жауапкершілігі шектеулі қогам – бұл:

А) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігүі;

В) заңды және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ қорларын біріктіріп шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық үйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серіктестіктің мүлкіне толық жауапты, ал қалған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серіктестіктің банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндірістік қаражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) өндірістік және басқа да шаруашылық іскерлік жасау үшін өз еркімен адамдардың бірігүі.

13. Сенімгерлік серіктестік (командиттік немесе аралас серіктестік) – бұл:

А) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігүі;

В) заңды және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ қорларын біріктіріп шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық үйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серіктестіктің мүлкіне толық жауапты, ал қалған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серіктестіктің банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндірістік қаражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) өндірістік және басқа да шаруашылық іскерлік жасау үшін өз еркімен адамдардың бірігүі.

14. Акционерлік қоғам – бұл:

А) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігүі;

Б) занда және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ қорларының біріктірін шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық ұйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серікtestтікін мүлкіне толық жауапты, ал калған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серікtestтікін банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндірістік қаражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) өндірістік және басқа да шаруашылық іскерлік жасау үшін өз еркімен адамдардың бірігүі.

15. Халықтық кәсіпорын:

А) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігүі;

Б) занда және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ қорларының біріктіріп шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық ұйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серікtestтікін мүлкіне толық жауапты, ал калған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серікtestтікін банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндірістік қаражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) төменгі қатысуышылар санының шектеуі жабық акционерлік қоғам түрі.

16. Халықтық кәсіпорынның жұмысшыларына тиісті:

А) жарғының капиталдың 75 % көп емес;

Б) жарғының капиталдың 10 %;

С) жарғының капиталдың 20 %;

Д) жарғының капиталдың 30 %;

Е) жарғының капиталдың 40 %.

17. Ассоциация – бұл:

А) екі немесе одан да көп кәсіпкерлердің бірігүі;

В) занда және жеке тұлғалардың келісімі бойынша өздерінің жинақ корларын біріктіріп шаруашылық іскерлік пен табыс табу мақсатында құрылған өнеркәсіптік және басқа да коммерциялық үйымдар;

С) бір немесе бірнеше оның шын мүшелері серіктестіктің мүлкіне толық жауапты, ал қалған жинақшы мүшелері өздеріне тиісті серіктестіктің банктеріне және өздерінің жинақ қорына төленбegen бөліктеріне де жауапты бірлестік;

Д) акцияларды шығару, салу және сату арқасында өндітістік каражатын және капиталын біріктіру формасы;

Е) өз еркімен бірікken тәуелсіз өнеркәсіптер, ғылыми, проектік, конструкторлық, құрылыш және басқа да үйымдар.

18. Кәсіпкерлік бұл:

А) салынған еңбек пен капиталдан табыстар алу мақсатында адамдардың активтік қызметі;

Б) берілген қорытындыға жету үшін кәсіпорынның персоналының өздігінен бағытталған әрекеті;

С) нақтылы түпкі немесе тілеген қорытындыға ұмтылатын кәсіпорын;

Д) кәсіпорынның тұрмыстық нарығын басқару мақсатына жету уақыт аралығында алынған негізгі құндылық;

Е) кәсіпорынның алға қойған негізгі максаттарына жету үшін артықшылықтарды қадағалау және қолдау көрсету түрлері мен әдістері.

19. Жоспар – бұл:

А) салынған еңбекпен капиталған түсім алу мақсатында адамдардың белсенді қызметі;

Б) берілген нәтижені алуға бағытталған кәсіпорын жұмыскерінің өзіндік кімділік;

С) кәсіпорын талпынатын нақты соңғы қалып және қажетті нәтиже;

Д) кәсіпорынның тұрмыстық нарығын басқару мақсатына жету уақыт аралығында алынған негізгі құндылық;

Е) кәсіпорынның негізгі максаттарына жетуге арналған приоритеттер формасы мен әдістері.

20. Мақсат – бұл:

А) жұмсалған капитал мен еңбектен пайда түсіру мақсатындағы адамдардың активті ісі;

В) берілген нәтижені алуға бағытталған кәсіорын жұмыскерінің өзіндік қимылы;

С) кәсіпорын талпынатын нақты соңғы қалып және қажетті нәтиже;

Д) кәсіпорының тұрмыстық нарығын басқару мақсатына жету уақыт аралығында алынған негізгі құндылық;

Е) кәсіпорынның негізгі нәтижесіне жету үшін қамту және қолдану әдісіт және түрі.

21. Приоритет – бұл:

А) жұмсалған копитал мен еңбектен пайда түсіру мақсатындағы адамдардың активті ісі;

Б) берілген нәтижені алуға бағытталған кәсіорын жұмыскерінің өзіндік қимылы;

С) кәсіпорын талпынатын нақты соңғы қалып және қажетті нәтиже;

Д) кәсіпорының тұрмыстық нарығын басқару мақсатына жету уақыт аралығында алынған негізгі құндылық;

Е) кәсіпорынның негізгі нәтижесіне жету үшін қамту және қолдану әдісіт және түрі.

22. Саясат – бұл:

А) жұмсалған копитал мен еңбектен пайда түсіру мақсатындағы адамдардың активті ісі;

Б) берілген нәтижені алуға бағытталған кәсіорын жұмыскерінің өзіндік қимылы;

С) кәсіпорын талпынатын нақты соңғы қалып және қажетті нәтиже;

Д) кәсіпорының тұрмыстық нарығын басқару мақсатына жету уақыт аралығында алынған негізгі құндылық;

Е) кәсіпорынның негізгі нәтижесіне жету үшін қамту және қолдану әдісі және түрі.

23. Кәсіпкерлік субъектілері болуы мүмкін:

А) тек қана КР азаматтары ғана;

Б) тек қана шетелдің азаматтары ғана;

С) тек қана КР азаматтары ғана; тек қана шетелдің азаматтары ғана бекітілген заңдармен шектеулі азаматтығы жоқ жақтар азаматтар одағы;

Д) тек қана бекітілген заңдармен шектеулі азаматтығы жоқ жақтар;

Е) тек қана мемлекеттік қызметкерлер.

24. Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік – бұл:

А) салынған копиталдың жеткіліксіздігінен достық міндеттеріне және қорға салынған жеке меншікке жауап беретін қатысушылардан тұратын достық;

Б) шаруашылық ісін жүзеге асыру және пайда түсіру мақсатында азаматтар мен зангерлі жақтардың келісімі бойынша басқа саудалы үйымдар;

С) серіктестік міндеттеріне оның құрамында бір немесе бірнеше нақты мүшелері ғана жауап беретін, ал қалған мүшелері олармен төленбegen салымның бөлігін қоса алғандағы міндеттеріне жауап береді;

Д) акция сату, алмастыру, шығаруға байланысты копиталмен өндіріс әдістерінің біріккен түрі;

Е) біріккен өндіріс және басқада шаруашылыққа арналған азаматтардың өз еркімен бірігуі.

25. Қәсіпкершілік корпоративті түріне жатады:

А) холдинг;

В) қаржы-өндірістік топ;

С) консорциум;

Д) синдикат;

Е) холдинг, қаржы-өндірістік топ, консорциум, синдикат.

26. Холдинг – бұл:

А) жаңа жұмыс орындарын құруға, өндіріс күшін көбейтуге, нарықты кеңейтуге бағытталған жобалар мен бағдарламалар енгізуге технологиялық немесе экономикалық интеграция мақсатында қаржы-өндірістік топтар құру туралы келіссіз негізінде толық немесе жартылай біріken материалдарды және бейматериалды түрде әрекет жасайтын зангерлі жақтар жиынтығы;

Б) акцияның бақылау пакеттерін басқаратын компания немесе үйим;

С) белгілі бір уақытта аралығында нақты шешімдер шешуге арналған меншік түрі мен үйымдық-құқықтық түрлерінің уақытша бірігуі;

Д) ауыл және орман шаруашылығында таралған және негізінде тұрмысқа қажет өнімге байланысты қәсіпкершіліктиң түрі;

Е) халықаралық одақ негізіндегі транснационалды компания топтарының бірігуі.

27. Қаржы өндірістік топ – бұл:

А) жаңа жұмыс орындарын құруға, өндіріс күшін қөбейтүге, нарықты кеңейтүге бағытталған жобалар мен бағдарламалар енгізуге технологиялық немесе экономикалық интеграция мақсатында қаржы-өндірістік топтар құру туралы келіссіз негізінде толық немесе жартылай біріken материалдарды және бейматериалды түрде әрекет жасайтын зангерлі жақтар жиынтығы;

Б) акцияның бақылау пакеттерін басқаратын компания немесе ұйым;

С) белгілі бір уақытта аралығында нақты шешімдер шешүге арналған менишік түрі мен ұйымдық-құқықтық түрлерінің уақытша бірігу;

Д) ауыл және орман шаруашылығында таралған және негізінде тұрмысқа қажет өнімге байланысты кәсіпкершіліктің түрі;

Е) халықаралық одак негізіндегі транснационалды компания топтарының бірігуі.

28. Консорциум – бұл:

А) жаңа жұмыс орындарын құруға, өндіріс күшін қөбейтүге, нарықты кеңейтүге бағытталған жобалар мен бағдарламалар енгізуге технологиялық немесе экономикалық интеграция мақсатында қаржы-өндірістік топтар құру туралы келіссіз негізінде толық немесе жартылай біріken материалдарды және бейматериалды түрде әрекет жасайтын зангерлі жақтар жиынтығы;

Б) акцияның бақылау пакеттерін басқаратын компания немесе ұйым;

С) белгілі бір уақытта аралығында нақты шешімдер шешүге арналған менишік түрі мен ұйымдық-құқықтық түрлерінің уақытша бірігуі;

Д) ауыл және орман шаруашылығында таралған және негізінде тұрмысқа қажет өнімге байланысты кәсіпкершіліктің түрі;

Е) халықаралық одак негізіндегі транснационалды компания топтарының бірігуі.

29. Синдикат – бұл:

А) жаңа жұмыс орындарын құруға, өндіріс күшін қөбейтүге, нарықты кеңейтүге бағытталған жобалар мен бағдарламалар енгізуге технологиялық немесе экономикалық интеграция мақсатында қаржы-өндірістік топтар құру туралы келіссіз негізінде толық немесе жартылай біріken материалдарды және бейматериалды түрде әрекет жасайтын зангерлі жақтар жиынтығы;

В) акцияның бакылау пакеттерін басқаратын компания немесе ұйым;

С) белгілі бір уақытта аралығында нақты шешімдер шешуге арналған меншік түрі мен ұйымдық-құқықтық түрлерінің уақытша бірігуі;

Д) ауыл және орман шаруашылығында тараған және негізінде тұрмысқа қажет өнімге байланысты кәсіпкершіліктің түрі;

Е) халықаралық одақ негізіндегі транснационалды компания топтарының бірігуі.

30. Жеке кәсіпкершілік негізделеді:

А) жеке адамның меншігіне және оның еңбегіне;

Б) бірге тұратын, бір отбасы мүшелерінің еңбегі мен меншігіне;

С) жұмыс күшін жалғауға құқығы бар жеке азамат меншігіне;

Д) қоғамдық және діндік ұйымның, басқа да қоғамның, кооперативтің, еңбек колективінің меншігіне;

Е) әртүрлі біріккен меншігіне.

31. Отбасы кәсіпкершілік негізделеді:

А) жеке адамның меншігіне және оның еңбегіне;

Б) бірге тұратын, бір отбасы мүшелерінің еңбегі мен меншігіне;

С) жұмыс күшін жалғауға құқығы бар жеке азамат меншігіне;

Д) қоғамдық және діндік ұйымның, басқа да қоғамның, кооперативтің, еңбек колективінің меншігіне;

Е) әртүрлі біріккен меншігіне.

32. Жеке кәсіпкершілік негізделеді:

А) жеке адамның меншігіне және оның еңбегіне;

Б) бірге тұратын, бір отбасы мүшелерінің еңбегі мен меншігіне;

С) жұмыс күшін жалғауға құқығы бар жеке азамат меншігіне;

Д) қоғамдық және діндік ұйымның, басқа да қоғамның, кооперативтің, еңбек колективінің меншігіне;

Е) әртүрлі біріккен меншігіне.

33. Коллективті кәсіпкерлік негізделеді:

А) жеке адамның меншігіне және оның еңбегіне;

Б) бірге тұратын, бір отбасы мүшелерінің еңбегі мен меншігіне;

С) жұмыс күшін жалғауға құқығы бар жеке азамат меншігіне;

Д) қоғамдық және діндік ұйымның, басқа да қоғамның, кооперативтің, еңбек колективінің меншігіне;

Е) әртүрлі біріккен меншігіне.

34. Кәсіпорын құрған бір үйымдық-құқықтық түрдің ең мәнді сапасы:

- A) қатысушылар саны;
- B) басқару түрі;
- C) түсіммен шығынды бөлу әдісі;
- D) мүлік көзі;
- E) қатысушылар саны, басқару түрі, түсіммен шығынды бөлу әдісі, мүлік көзі, капиталды өзіндік қамту.

35. Толық серіктестік мыналарға жауапты:

- A) оған жататын мүліктің міндеттемелеріне;
- B) олармен шекті соммада салынған салымдар;
- C) оларға жататын акциялардың бағалану шегі бойынша;
- D) барлық қатысушыларға бірдей;
- E) заңмен қарастырылған тәртіптер мен мөлшерлерде.

36. Сенімдегі серіктестік жауапкершілікке тартылады:

- A) оған жататын мүліктің міндеттемелеріне бойынша;
- B) өз мүлкінің міндеттемелері бойынша, бір немесе бірнеше қатысушылар бар – салушылар, олар шығынға қауіпті, достастық жұмысымен байланыстылары, олармен шекті соммада салынған салымдар;
- C) оларға жататын акциялардың бағалау шегі бойынша;
- D) барлық қатысушыларға бірдей;
- E) заңмен қарастырылған тәртіптер мен мөлшерлері.

37. Акционерлік қоғам жауапкершілікке тартылады:

- A) оларға жататын акциялардың бағалау шегінде қоғам жұмысымен байланысты шығындар;
- B) оған жататын мүліктің міндеттемелері бойынша;
- C) барлық қатысушыларға бірдей;
- D) заңмен қарастырылған тәртіптер мен мөлшерлері;
- E) олармен шекті соммада салынған салымдар.

38. Шектеулі жауапкершілікті қоғам жауапкершілікке тартылады:

- A) оларға жататын акциялар шегінде;
- B) қоғам ісімен байланысты, олармен салынған салымдар құнының шегінде, бұл қоғамға қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді;
- C) оған жататын мүліктің міндеттемелері бойынша;
- D) барлық қатысушыларға бірдей;

Е) заңмен қарастырылған тәртіптер мен мөлшерлер.

39. Қосымша жауапкершілікті қоғам жауапкершілікке тартылады:

- А) оларға жататын акциялардың құнының шегі бойынша;
- Б) олармен салынған салымдар құнының шегінде;
- С) өзінің субсидиялық мүлкінің олардың салымдарының құнының қысқа мөлшерінің барлығына бірдей;
- Д) заңмен қарастырылған тәртіптер мен мөлшерлері;
- Е) өзінің жеке мүлкінің шекті құны бойынша.

40. Өндірістік кооперативтер жауапкершілікке тартылады:

- А) оларға жататын акциялардың құнының шегі бойынша;
- Б) олармен салынған салымдар құнының шегінде;
- С) олардың салымдарының құнының қысқа мөлшеріне;
- Д) заңмен қарастырылған субсидиялық жауапкершіліктің мөлшері мен тәртібі;
- Е) өзінің жеке мүлкінің құнының шегінде.

41. Қоғам, оның тұрақты капиталы белгілі бір акциялар санына белінген:

- А) акционерлік;
- Б) толық жолдастық;
- С) сенімдегі жолдастық;
- Д) шетеулі жауапкершіліктегі қоғам;
- Е) өндірістік кооператив.

42. Серіктестік қатысуышылар арасында тиісінше жасалынған келісім жеке кәсіпкершілікпен жолдастық атынан айналысады – бұл:

- А) акционерлік;
- Б) толық серіктестік;
- С) сенімдегі серіктестік;
- Д) шетеулі мүмкіндіктегі қоғам;
- Е) өндірістік кооператив.

43. Қоғам бір немесе бірнеше адаммен бекітілген, қалыпты капиталы белшектерге белінген, бекіту құжаттарымен анықталған – бұл:

- А) акционерлік;
- Б) толық серіктестік;
- С) шектеулі жауапкершіліктегі қоғам;
- Д) тұтыну кооперативі;

Е) унитарлы өндірістік.

44. Адамдардың өзара өндірістік немесе басқа да шаруашылық салаларында бірігуі олардың жеке еңбектік немесе басқа да қатысушылардағы мүшелердің біріккен мұлістік пайлық салымдар – бұл:

- А) акционерлік;
- В) толық жолдастық;
- С) шектеулі жауапкершіліктегі қоғам;
- Д) тұтыну кооперативі;
- Е) унитарлы өндірістік.

45. Коммерциялық қоғам, өзінің жеке мүлкіш тіркеуге құқылы емес. Мұлік болінбейді және салымдар бойынша тармақталуы мүмкін емес – бұл:

- А) акционерлік;
- В) толық жолдастық;
- С) шектеулі жауапкершіліктегі қоғам;
- Д) тұтыну кооперативі;
- Е) унитарлы өндірістік.

46. Иемдеу жауапкершілігі орын алады:

- А) әрбір қарыздылардың нақты жауапкершілігі анықталғанда;
- Б) шетеулі жағдайларда, қарыз кез-келгенімен бірнеше қарызды адамдардан алынуы мүмкін;
- С) бір адам басқаның қарызына жауапты;
- Д) меншік иеленушісі жолдастықтың мүмкін сата алмау жағдайда;
- Е) меншік иеленушісі жолдастықтың мүмкін сатуға, орендага беруге, кепілдікке бере алмайды.

47. Сыпайы жауапкершілік орын алады:

- А) әрбір қарыздылардың нақты жауапкершілігі анықталғанда;
- Б) бірнеше қарыздылардың қарызы олардың кез-келгенімен алынуы мүмкін жағдайда;
- С) бір адам басқаның қарызына жауапты кезінде;
